

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ...

АБАЙ.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

11/2014

ҚАРАША

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында

Тоқболат ЕҢСЕГЕНҰЛЫ. Түркі дүниесін жырмен оятқан ақын.....3

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Анар МУСИНА. С.Сейфуллин. «Көкшетау» поэмасы.....11
Рахия ЖАНЗАҚОВА. «Аққулар ұйықтағанда».....17
Эльмира БАҚТЫҒАЛИЕВА. Мұқағали Мақатаев өмірі мен шығармашылығы.....20
Айнұр МАТНИЯЗОВА. Т.Айбергенов. «Аруана – бауыр дүние».....23
Әлия АЛДИАРБАЙ. Балалар базаршысы – Мұзафар Әлімбаев.....26
Райхан ЕЛАМАНОВА. Қожа Ахмет Иассауи.....30
Сағыныш БЕГАЛИНА. Ғ.Мүсірепов. «Жаңа достар».....34
Жанар СЕЙТЖАНОВА. Тіл дамыту. «Халық ауыз әдебиеті».....40
Сайранкүл ЖҰМАБАЕВА. Қазақ шешендік өнерінің үшінші кезеңі.....43

Айгүл ЖАБЕЛ.	Жүсіп Баласағұни. «Құтты білік» дастаны.....	48
Баян САРБАЕВА.	Толағайдың ерекше сипаты, ерен іс-әрекеті.....	50
<i>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>		
Гауһар ШАРШЫБАЕВА.	Жинақтық сан есім.....	53
Шынарғұл САҒЫНДЫҚҚЫЗЫ.	Сын есімнің айтары мол.....	55
Гүлмира АҚМАҒАНБЕТОВА.	Бастауыштан кейін қойылатын сызықша.....	60
<i>Жас маманға жәрдем</i>		
Эльмира САҒЫНДЫҚОВА.	Шартты бағыныңқылы сабақтас кұрмалас сөйлем.....	63
Нұрила ОМАРОВА.	Қазақ халқының асыл сөз өнері.....	67
Жаңылсын ҚУАНЖАНОВА.	Т.Әлімқұлов. «Қараой» әңгімесі.....	73
Айгүл ҮМБЕТӘЛІ.	С.Мәуленов. «Менің Республикам».....	75
Сабыржан ҚҰРМАНҚҰЛ.	Абай әлемі.....	79
<i>Жылытатын да, Жұбататын да – сөз</i>		
<i>(Б.Момышұлы)</i>		
Мейрамгүл НҰРСҰЛТАНОВА.	Ана тілім – ажарлы асыл мұрам.....	87
<i>Ұстаз толғанысы</i>		
Бақыш ЕСТАЙҚЫЗЫ.	Білім жүйесіне өзгеріс не үшін қажет?	90
<i>Сыныптан тыс сабақ</i>		
Асылтас ТҰҢҒАТАРОВА.	«Тіл, әдебиет білгірі» байқауы.....	92
Мирамқұл ЖАРЫЛҒАСЫНҚЫЗЫ.	Ғабит Мүсірепов сомдаған аналар.....	96
<i>Тест сынағында</i>		
Дамира ЕСЕНОВА.	Сөз мәдениеті және шеһендік өнер.....	98
Фарида РЫСҚАЛИЕВА.	10-сыныпқа арналған Абайтану курсы бойынша жылдық қорытынды тест.....	107
<i>Сыныптан тыс жұмыс</i>		
Ұлбосын БЕРДЕШОВА.	Мұқағали – мәңгілік ғұмыр.....	113
Забира МАҚЫШЕВА.	Ана тілім – ардағым.....	122
<i>Әдеби кеңіс</i>		
Қарлығаш ШӘРІП.	Бердібек биігі аласармайды.....	125
<i>Көмекші құрал</i>		
Зоя МАТАН.	7-сыныптың қазақ тілі пәніне арналған жұмыс дәптері.....	132

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмшиа Беркімбаева,
Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразыханова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

Таным табиғатында

Тоқболат ЕҢСЕГЕНҰЛЫ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.

ТҮРКІ ДҮНИЕСІН ЖЫРМЕН ОЯТҚАН АҚЫН

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Мағжан ақынның «Алыстағы бауырыма» атты көлемді өлеңін оқығанда өмір шындығын – халық басындағы ауыр халді, ата жаумен ұлттық рух, ұлттық намыс үшін қаһарлана шайқасқан әрбір түріктің батырлық келбеті адамның көз алдында бәз қалпында тұра қалады. Түбі туыс түрік жұртының азапты өмірді басынан өткізіп жатқанын қазақ даласындағы аталасы – ақын Мағжан Жұмабаев жүрегі езіле жырға қосады. Бұл туындыны қайта оқығанда аяусыз езгінің ең ауыр қасіретін алыстағы бауырынан бұрын Мағжан ақынның өзі жапырақ жүрегі пәршеленіп тартып тұрғаны байқалады. Шығармада түріктер басына төнген азапты өмірге сол тектес елдердің ежелгі тарихы, ата қонысы қоса өріліп берілген, бұл Мағжанның ақындық қуатының алып кемеңі аударып тастайтын теңіздің аспанға шапшыған дәу толқынындай ерен жойқын екенін байқатады.

Мұндай сикырлы шеберліктің сыры, біздіңше, ақындық шабыттың терең ойынан, ғұламалықтың, Мағжанның үнемі жырына қосатын Жейхун-Сейхун дариясындай тасыған дарындылық және даналық даралығынан өріс тапқан болуы керек. Сондықтан да ірі ойшыл ақын М.Жұмабаев «Түркістан» атты өлеңінде:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің тәңірі берген несібі ғой, –

дейді (6, 173-б.). Бұл қала тарихын түркі тағдырымен қоса суреттей келе ол Түркістанның «екі дүние есігі» – о дүние мен бұ дүниені, өмірден өткен бабалар аруақтары мен мына заман оқиғаларын жалғастырушы көпір екендігін мақтанышпен айтады. «Аруақ» ұғымын алғашқы киеге балайтын да сол. Барша қауым үшін өлген адамдардың, жай адамдардың емес, қасиетті тектілердің жерленген орыны – құдіретті тәу ету орыны – Түркістан жері. Сондықтан «екі дүние есігінен» өткен кие болмаса керек. Ақын мақтай отырып, мақтанады. Онысын еш жасырмайды. Өзінің тегі – «ер түріктен» екенін, ер түріктің Түркістан – Тұрандай «бесігі» барлығын, сол қасиетті аймақты «теңіз дерлік көлдері», «дария дейтін» өзендері, «көкке асқан» таулары құрайтынын шаттана айғақтайды. Әсіресе, «Оқыс, Яксарт, Жейхун, Сейхун» жағасында жатқан «ежелгі баба бейітіне» зиярат етуді болашаққа міндеттейді.

Мағжан ақын жасаған поэзияның көбісі – өлең сөздің жүйірігі Д.С.Мережковский, Александр Блок шығармаларындай жыр тауы шыңынан көрінетін символикалық туындылар. Сондықтан оның өлеңдерінің тереңге тартылған құпиясын табу оңайға соқпайды. Бұл ақын поэзиясы оқырмандарын еріксіз толғандырып, сан тарау ой арнасын кезуге мәжбүр етеді. Оның символдық өлеңдерін оқыған адам өзінше ой түйіп, топшылау жасайды. Жоғарыда келтірілген: «Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой» деген жыр жолдары адам ойына өткен ірі-ірі кезеңдерді еріксіз түсіреді. Мысалға, біздің з.б. VIII-VII ғасырлар аралығында көне түріктер Алдыңғы Азияға, Мидияға 25 жылдан астам уақыт билік жүргізгені жұртқа мәлім. Біздің дәуірімізде ер түріктер Еуропаны дүрліктіре дәуірлегені тарихтан белгілі. Академик

В.В.Бартольдтің Орта Азия мен Қазақстан жерін «Түркістан» деп атауы тегін емес. М.Жұмабаевтың сол екі жол өлеңіне қарап: ежелгі Түркістан қаласы өткен дүние – түркілердің тәңірлік дәуір дінінің де, бүгінгі дүние – ислам дінінің де орталығы болғандығын сездіртеді.

Мағжан Жұмабаевтың алғашқы өлеңдері ағартушылық сарында жазылды. Ол түсінікті еді. Мағжан өмір сүрген уақыт қаншалықты күрделі саяси, қоғамдық тақырыптарды алға тартқанымен, оның алдындағы Шоқан, Ыбырай, Абайлар бастап кеткен ағартушылық ой-пиғыл бұл кезең әдебиетінде басымдау жатты. Мағжан да Абай дәстүрінде жыр жазды, ұлы ұстаз үлгісін жалғастырды. Алғашқы өлеңдерінің бірін «Алтын хакім Абайға» деп атауының өзінен ақынның ұлы Абайды ерекше құрмет тұтқаны сезіледі. Өз өлеңдерінде қазақ арасындағы әр түрлі келеңсіз мінез-құлықты, әрекетсіздік пен жалқаулықты, сауатсыздықты сынайды. Елін білім алуға, өнер үйренуге шақырады. «Жазғы таң», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Қазағым», тағы басқа өлеңдерінде ақын осы тақырыпты көтереді. Мағжанның ағартушылық сарындағы өлеңдерінің арасында ел мен жер тағдырына алаңдаушылық анық танылады. Ақын туған елін сүйді, туған жерінің әрбір бұтасын жүрегіне жақын тұтты. Ол:

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,

Кілтін өнер-білім ашып жатыр, –

дей келіп (6, 15-б.), қазақ арасында мұндай ұмтылыстың әлі де жоқ екеніне өзегі өртенеді. Қолында дәулеті бар деген бай-болыстар да, азын-аулық оқыған төре, билер де өз басының қамын ойлаумен жүр. Халықтың жайына алаңдайтын ешкім жоқ. Оқудағы шәкірттерге де дұрыс білім берілмейді. Қыз балалар малға сатылуда. Өзара дау-жанжал, айтыс-тартыс көп. Міне, Мағжанның өкініші – осылар.

Жоғарыда біз сөз арасында «Түркістан» атауын тілге ептеп тиек еттік, енді ақынның «Түркістан» атты туындысы біздің сол ойымызды әрі қарай тереңдете ала жөнеліп, ой теңізіне сүңгітіп

жіберді. Мағжан түрік халықтарының өмір кешкен жерлерінің аумағын да, алуандылығын да біле отырып, «Түркістан» деген сөздің тура мағынасын да және жалпылық ұғымда да қоса қамтыған. Ақын Түркістан деген термин сөздің түсінік шеңберін анықтайды. Бұл орайда ол:

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен, –
дей келіп, одан кейін ақын:
Тұранның теңіз дерлік көлдері бар,
Шалқыған ені – шетсіз теңіз Арал.
Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдің
Бауырында дүние көрген түрік көкжал.
Ертеде Оқыс, Яксарт – Жейхун, Сейхун;
Түріктер бұл екеуін дария дейтін, –
деп Тұранның көлемі мен көрік-келбетін асқан шеберлікпен бейнелейді (6, 173-174-б.).

Сырттай қарағанда шығарма құрылысында жер, су аттарының тізіліп берілуінде пәлендей жаңалық жоқ секілді. Мәселенің мәні – Мағжанның бұл топонимикалық атауларды не үшін айтып отырғанында. М.Жұмабаев осы шығармасын жазған кезде Орталық Азиядағы түркі халықтарының өзгеге бағыныштылық салдарынан езіліп, еңсесі түскен, тарихтың тағылымдарын еске алып, қайта серпілуге дәрмені таусылғандай уақыт болатын. Тұранды мекендеген түркі халықтары патшалық Ресейдің темір құрсауында кіріптарлықтың күнін кешіп жатқанда, бұл тектес елдердің өткен заманда жарты әлемге әмірін жүргізгенін айту, жасып қалған жұртты жігерлендіру мақсатынан туған. Ақын күштілердің табанына түскен түркі елдерінің рухын көтеру, мүлгіген ойды ояту үшін ертедегі жарқын үлгілерді еске салады.

Сондай-ақ, Мағжан Жұмабаев шығармашылығында фольклорлық поэтикалық белгілер стиль жасақтаушы фактор

түрінде көрінген ХХ ғасырдың 20 жылдарындағы бірден-бір қазақ қаламгері десек қателеспейміз. Екінші, стиль жасақтаушы фактор – түркі «бағзы рәмізі». Мағжан «Тәңірі» (этимонын) сөзін қазақ жазба әдебиетінде бастапқы контекстінде алғаш пайдаланған қаламгер.

М.Жұмабаевтың түркілік рухта жазылған өлеңдерінің туындауына әйгілі символист ақын Д.С.Мережковский шығармасының ықпалы болғанын баса айту қажет. Өйтсе де сондай бағытта ой толғап, тозбас туынды жасауына оның өз халқының тағдырына үңіліп тебіренуі, түркішілдік көзқарасы әсер еткен. Ашығын айтқанда, ақынның ақкөңіл құшағына бүкіл әлем сиятындай кең. Мағжан түрік еліне «алыстағы бауырым» деп езілсе, басқа бір халықтарға жаулық ниетті әсте ойламаған. Қайта күллі езілген халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған. Осылай түрік тақырыбы Мағжан поэзиясында бірте-бірте әлемдік, азаттық тақырыбына ауысып ұласа береді.

Мағжан Жұмабаев қазақ әдебиетінде тұңғыш рет және жеке-дара жалғыз өзі ғана көтеріп жазған түрік тақырыбының халықаралық деңгейде маңызы өте зор. Бүгінгі Қазақстанның Түркиямен тонның ішкі бауындай қатынас орнатуында Мағжанның да үлесі бар десек, артық айтқандық болмайды. Бір кезде ақын түрік ағайынға: «Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта, қайғыдан қан жұтамыз» десе, енді, шүкіршілік, жағдай өзгерді. Ерікті елдер төске төс тигізіп құшақтарын жазар емес. Түрік тақырыбын қазақ әдебиетінде қасиетті тақырып етіп жападан жалғыз дәйекті жырлаған Мағжан ақын аруағына арнап бүгінгі түрік текті ағайын шырақ жағып, еске алады. Иә, Мағжан – қазақтың ғана ақыны емес, бүкіл түркі тілдес халықтарының да ардақтысы. Өйткені ол «түрікшіл» ақын еді.

Енді түрік тақырыбын жырлап өткен Мағжан Жұмабаевты түрік елі қалай бағалап, қандай құрметпен қарайтынына тоқталып өтейік. Мағжан есімі мен оның өлеңдері туысқан Түркия елінде өткен ғасырдың 60-70 жылдарында таныла бастаған еді. Мағжан және жазықсыз құрбан болған қазақ

халқының басқа да аяулы перзенттерін – мемлекет қайраткерлері мен атақты ақын-жазушыларын түрік бауырларына алғаш таныстырған Түркиядағы және Алманиядағы шығыс-түркістандық қазақ зиялыларының өздері. Олардың қатарына Хасен Оралтай, Шерзат Доғару, Мұқабай Енгін, Мұхтархан Оразбай және тағы басқа зиялы кісілерді қосуға болады. 1965 жылы Хасен Оралтай Іңмірде «Үлкен түрікшіл Мағжан Жұмабайұлы» атты кітапша жариялап, тұңғыш рет түркиялық туыстарын Мағжанның өмірімен және шығармашылығымен таныстырған болатын.

Әдебиеттанушы, доцент Фархад Тәмір Мағжан өлеңдерін түрік тіліне аударып, жұртшылыққа кеңінен жеткізуге күш салды. Әсіресе оның аудармасы сәтті шығып, Мағжан өлеңдерінің мазмұн-мәнін айқын аша түсті («Жас Алаш» басылымы. 15 қазан, 1994 ж.). Міне, түрік елі де біздің аяулы ақынымызды ардақтап, оның аса құнды шығармаларына бас иіп, өзін пір тұтады. Тәңірге табынып, түркілік бағытта шер толқытқан сыршыл ақынымызға тек исі қазақ алаш елі ғана емес, түркі тектес елдер де бас иіп тұрғандай. Түркі тақырыбы – Мағжан поэзиясындағы құнарлы арналардың бірі.

3. Мағжан Жұмабаевтың түркілер наным жайлы өлеңіндегі идея мықтылығы, әдет-салт көріністері.

Көне түркілерде табиғатқа табыну атам заманнан қалыптасқан. Табиғат культі Орта Азияда көне түркі тайпалары арасында туындап орныққанын антикалық әдебиеттерден де молынан кездестіреміз. Мысалға, Геродот жазып қалдырған еңбекте Күнге, Жерге, суға, отқа табыну жөнінде айтып, массагеттердің тек күнге табынып, құрбандыққа жылқы әкелетінін, сондай-ақ ол скифтердің отқа көп табынатынын мәлімдеген (10, 5-б.). Мұнда Геродот ең көне дәуірдің нанымдарынан, сенімдерінен деректер жеткізіп бергенін ұмытпайық. Өйткені көне түркілердің тәңірлік діні – табиғаттың заңдылықтарына сүйеніп жасалынған. Сондықтан да ол – мәңгілік. Мәселен, Мағжан Жұмабаевтың түркілердің тәңірлік

наным жайлы өлеңдерінің арқауы табиғат заңдылығынан туындаған. Отқа, Жер–Анаға, Суға, Күнге табыну – Мағжан ақынның көптеген өлеңдеріне арқау болып тартылған. Дәлел келтірсек, М.Жұмабаев «Тәңірі» атты туындысын:

Зор тәңірі, күштісің сен, сенеміз біз,

Әділ деп әр ісіңе көнеміз біз.

Өз құлын өзі еңіретпес тура ие деп,

Өзіңе ерік тізгінін береміз біз,–

деп бастайды да жаратушы құдіретіне құр бас шұлғымай, оған туған халқы үшін көңіліндегі арманын айтады, бұған ақынның:

Кеш, тәңірім, болса сөзім пендешілік,

Мінекей, айқын зұлым, қайда әділдік?

Соншама кең рахметтен құр тастайтын,

Баласы алты алаштың біз не қылдық?–

деген жыр жолдары айғақ (6, 69-б.). Мұнда Мағжан ақын тәңірден өзіне таусылмас байлық, ұзақ ғұмыр сұрап тұрған жоқ, қазақ халқының ауыр, азапты өмірін жақсартуды сұрайды. Оған ақынның осы туындысындағы:

Жібердің басқа жұртқа жолбасшылар,

Әр жұрттың жолбасшымен көзі ашылар,– деген жыр тармақтары дәлел (6, 69-б.). Сондай-ақ ол «Пайғамбар» атты туындысында:

Түн баласы өмірінде араз таңменен,

Қабыл ұлы ауызданған қанменен.

Табынатын құр денеге жануар,

Болған емес жұмысы оның жанменен,–

деп оған сипаттама беріп, қара түннен жақсылық күтуге болмайтынын айтып:

Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры,

Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.

Күншығыста ақ алтын бір сызық бар,

Мен келемін, мен пайғамбар – Күн ұлы,– дейді (6, 52-б.). Бұл туындысында Мағжан ақын қараңғылық, жаманшылықты – Күнбатысқа, жақсылықты – Күншығысқа теңейді. Жақсылық пен жамандықтың қатар өмір сүретіні табиғат заңдылығынан белгілі. Түркілердің тәңірлік дінінде ақыр соңында жаманшылықпен арпалыста жақсылық әйтеуір жеңіске жетеді. Бұл да – өмір заңы. Залымдықпен арпалыста әділдік, шындық жеңіске жетеді. Осы туындысының ең соңын ақын:

Мен келемін, мен пайғамбар – Күн ұлы,– деген бір жол өлеңмен түйіндейді (6, 52-б.). Мұнысы – түркілік рух, түркілік намыс, түркілік қаһармандық, түркілік бірлік, түркілік жігер адамды көздеген мақсатқа жеткізетінін мәлімдейді. Ақын бұл туындысында түркілік-ұлттық рух, сана – әрбір адам жүрегінде сақтайтын нағыз пайғамбар екенін сездіреді. Мағжан Жұмабаев заман ағымына орай табиғат бөлшектері – Ай, Күн, су, жұлдыздарды, түн, шығыс, батысты символ есебінде қолданған.

Мағжан ақын көне түркілердің ежелгі дәстүр-салтын қатты құрметтейді. Мысалға, ол бабалардан қалған салт – отқа табыну ырымын ардақтап, отқа табынуды «теңсіз тәңір» санайды. Өз халқы сол отты маздатып қою үшін оған май құятынын жырға қосады. Қазақ халқында отты айырықша құрметтеп, соның жалынымен бетін жуады. Жамандықтан арылу үшін екі оттың арасынан өтеді. Кінәлі адам өз кемшілігін мойындап, от алдында ант береді, басқасын айтпағанда жаңа түскен келіншек май құйған отқа қолын, бетін тосады және шаңырақ отағасына иіліп сәлем береді. Отпен аластау дәстүрі күні бүгінге дейін елімізде сақталып келгені белгілі. Соған орай, көне түркілердің ежелгі тәңірлік дінінің маңызына түсінбей теріс пікірлер білдіру – кешірілмес ағаттық. Себебі тәңірге табыну – табиғатқа табыну, сол халықтың дәстүріне бас ию, ал дәстүрін жоғалтқан елдің мәңгілік ұлт болып қалыптасуы қиын.

(Жалғасы бар).

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Анар МУСИНА,
Қарағанды қаласындағы
С.Сағтаров атындағы
№57 мектеп-лицейдің мұғалімі.

С.СЕЙФУЛЛИН. «КӨКШЕТАУ» ПОЭМАСЫ

Сабақтың мақсаты: 1) қаламгердің шығармашылық өмірбаяны, ақындық қыры туралы жан-жақты білім беру; ақынның сыршыл лирикасының табиғатын таныту және «Көкшетау» поэмасын кешенді талдау арқылы поэманың көркемдігін, ақынның образ жасау шеберлігін, тақырыбы мен идеясын таныту; 2) оқушыларды өздігімен іздену, мағынаны тани білу, түйінді ой айту, өзіндік пікір-көзқарастарын жеткізе алу дағдысына үйрету, оқушылардың сезімтал, сыршыл қасиеттерінің дамуына ықпал ету; 3) өз ой-пікірін дәлелдей алатын қабілеттерін шыңдау арқылы отаншылдыққа, парасаттылыққа тәрбиелеу.

Түрі: ізденіс сабағы. **Әдіс-тәсілі:** проблемалық сұрақтар, презентация, сұрақ-жауап, мағынаны тану, шығармашылық жұмыстар. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, аудио және бейнежазбалар, слайдтар, хронологиялық кестелер, суреттер. **Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы, музыка, бейнелеу өнері, туризм.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі (Оқушылар төрт топқа бөлінеді).

II. Өткен материалдармен байланыс.

- XX ғ. әдебиеті, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев шығармашылығы туралы оқушылар жауаптары бірер минут көлемінде шолу түрінде сараланады.

III. Жаңа сабақ.

1-слайд. Сабақтың тақырыбы, мақсаты. (Тақтада С.Сейфуллин портреті, Есіл, Нұра өзендерінің суреттері, Ортау, Көкше тауларының суреттері ілінген. Бұл суреттердің символдық мәні бар суреттер екені, сабақ қорытындысында белгілі болатыны айтылады.)

2-слайд. Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек, Шәкәрім, Сәкен, Ілияс, Бейімбет суреттері.

Сеніп көрер сенгіш халық едік қой,

Сенгіштіктен талай таяқ жесдік қой.

Халқымыздың қамын жеген ұлдарын,

О, ғаламат, халық жауы дедік қой!

XX ғ. қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, ұлттық әдебиетке мол мұра, өшпес із қалдырған, асқақ идея ұсынып, халқымыздың рухани қазынасын байытқан айтулы тұлғалардың бірі, қазақ поэзиясының Альбатросы – Сәкен Сейфуллин.

Өткен сабақта С.Сейфуллиннің шығармашылығы бойынша ізденіс жұмыстары берілген.

Олай болса, өздігінен дайындап келген жұмыстарына тоқталайық. Алдымен тақтаға назар аударып, Сәкеннің шығармашылық өмірбаяны бойынша дайындалған диаграмма-хронологияны сөйлетеміз.

3-14 -слайдтар. С.Сейфуллин өмірі мен шығармашылығы.

Осы хронология бойынша оқушылар әрбір жылды сөйлетіп шығады. Қайраткердің өмір кезеңдеріндегі өсу динамикасы мен құлдырау динамикасының себептерін ашып айтады.

IV. С.Сейфуллин – сезімтал, ойшыл, лирик ақын (Оқушылар ақынның лирикалық шығармаларын талдайды).

1. «Анаға хат», «Анаға жауап» өлеңдері.

2. «Біздің жакта», «Тау ішінде», «Түс».

3. «Тұлпарым», «Сағындым», «Қамаудан», т.б. өлеңдері.

4. «Сыр сандық» өлеңі.

5. «Аққудың айырылуы» поэмасы.

V. «Көкшетау» поэмасы.

С.Сейфуллиннің сұлулық, тазалық идеалы, сұлулық пен әсемдіктің ғаламат символы – Көкшетау.

Көкшетауды әнге, жырға қосқан ақын, әнші, жыршы, сазгер қазақта аз болған жоқ. Біржан, Ақан, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Мағжан, т.т.

Олай болса, бір сәтке Сәкеннің Көкшетауына серуендеп қайтайық. (Интерактивті тақтадан Бурабай, Көкшетау туралы бейнефильм әнші Р.Стамғазиевтің орындауындағы Сәкеннің «Көкшетау» әнінің әуенімен көрсетіліп тұрады.)

«Көкшетау» поэмасына сатылай-кешенді талдау жасалады (Поэма мазмұнымен танысып келу оқушыларға алдын-ала тапсырылады).

1. «Көкшетау» поэмасы қай жылдары жазылған? (1918-1925 жж. жазылып, 1929 ж. жарыққа шықты.)

2. Қандай жанрда жазылған, ерекшелігін айта аласындар ма? (Күрделі композициялы, тізбектелген сюжет желісі бар, полифониялық, мол сарынды поэма.)

3. Бөлім және тарау саны қанша? (4 бөлім, 47 тарау)

4. Поэманың тақырыбы – туған жердің сұлу табиғаты мен тарихы туралы.

5. Поэманың композициясы:

Кіріспе (пролог): «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы» деп басталып, Көкшенің сұлу табиғатын, Жеке батыр, Бурабай, Оқжетпес туралы аңыздарды баяндайды.

Оқиғаның басталуы: «Орта жүз хан Абылай заманында, Айтарлық бір іс бопты тағы осында» дей келе, калмақ елін шапқан Абылай жорығы суреттеледі.

Оқиғаның дамуы: «Абылай батырларын алды жиып, Үлеске олжаларын салды жиып...» - олжаны бөліске салу.

Оқиғаның шиеленісуі: Тұтқын қызға талас туды, тұтқын қыздың қазақ батырларына қойған шарттары, қыз шарты – Оқжетпестің қия шыңындағы жаулықты атып түсіре алмай тосылған қазақ батырлары.

Оқиғаның шарықтау шегі: «Жартасқа көлге төнген шығып тұрып, Қыз айтпақ әңгімесін енді жыр ғып...» - қыз жұмбағының шешуін таппай қиналған батырлар, намыс буған Абылай...

Оқиғаның шешімі: Айдын көлде жүзген қос аққудың бірін бүріп алып көкке іле жөнелген бүркітті қас-қағымда атып түсіріп, қыз жұмбағын жырмен шешіп берген Адақтың Оқжетпестің шыңындағы қаданы да атып түсіруі.

Оқиғаның аяқталуы: Жылы жүректі батырдың қыздың басына азаттық беріп, өз тұлпары Керкөжекке мінгізіп, еліне қайтаруы.

Қорытынды (эпilog): Көкшенің әнші-ақындары, Бурабай курорты, Болашақтағы Көкшетау.

6. Поэманың идеясы: Ақын махаббат күші, ғашықтық қуаты әділетсіздікті, қатыгездікті жеңеді деген гуманистік ойды сездіреді, еркіндік пен азаттық идеясын ұсынады.

7. Поэмадағы кейіпкерлер іс-әрекеттері: Поэмада негізгі кейіпкер ретінде көрініс беретін кейіпкерлер кімдер? (Абылай хан, қалмақ қызы, Адақ батыр).



8. Адақ батыр мен тұтқын қыз іс-әрекеттеріне баға беруді әркімнің өз еркіне қалдырып, бүгінгі сабақта Абылай хан бейнесіне тоқталамыз. (Оқушыларға 8-сыныпта өтілген М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын қайталап келу тапсырылған болатын.)

Мұғалім сөзі: - Балалар, осы тарихи тұлға туралы өз ой-пікірлеріңді ортаға салып көрсендер. С.Сейфуллин сомдаған Абылай образы туралы не айтар едіңдер? Шынында да Абылай осындай жағымсыз бейне деп ойлайсыңдар ма? (Оқушылар пікірі тыңдалады: Абылай-тарихи тұлға; Абылай образын

осылай беруге Сәкенді заманы мәжбүрлеген; тұтқын қызға ерік беруінің өзінде әділеттілігі көрініс береді, хан да – адамның баласы, пенде.)

Оқушылар Абылай ханның 300 жылдығы туралы мәліметтермен ой бөліседі.

Мұғалім сөзі: - С.Сейфуллин – «Көкшетау» поэмасы арқылы эстетикалық тұрғыдан өте көркем, шыншыл да терең үздік шығарма үлгісін көрсете білген суреткер. Ақынның эпитеттерді ойната қолдануы, үздік теңеулері, табиғат көрінісін суреттеу және портрет жасау шеберлігі – осының дәлелі.

1. Пейзаж.
2. Портрет.
3. Теңеу.
4. Эпитет.
5. Кейіптеу.

(Оқушыларға поэма мәтінінен алынған мысалдар таратылады, дайын стикерлерді оқушылар сәйкестендіріп шығады).

Мұғалім сөзі: - Поэма қорытындысында ақын «Бурабай курорты» мен «Болашақтағы Көкшетау» деп аталатын тарауларында:

*Махаббат жер үстінде жұмақ орнап,
Бозторғай қой үстінде жұмыртқалар.
Бастаған еңбек табы әлем-дүрмек,
Сол тауға жетіп бақыт дәурен сүрмек,-* деп ой толғайды.

Ақынның осы арманы орындалды ма? Қазіргі Көкшетау, жер жаннаты Бурабай қандай? (Слайд арқылы оқушы сөйлейді.)

VI. Қорытынды. Қазақ поэзиясының Альбатросы, сұлулық пен әсемдіктің жыршысы С.Сейфуллиннің шығармашылығымен таныс болдық. Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңдар? Қандай құндылықтар алдыңдар? Мен не таптым? (Сұлулық, әсемдікке ғашық болдым, табиғатқа қамқорлықты сеземін, әділдік пен ізгілік сезімдері табиғаттан бастау алады, рухани азық алдым, тазалық сезімі көкірегіме құйылады... Оқушылар осылайша ой толғады.)

Рахия ЖАНЗАҚОВА,
№19 орта мектептің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Арал ауданы,
Жақсықылыш кенті.

Мұғалім сөзі: - «Көкшетау» поэмасы – адам мен табиғат арасындағы байланыс. Адам – табиғаттың бір бөлшегі. Адалдықты да, тазалықты да, әділдікті де, ізгілікті де, сұлулықты да біз табиғат арқылы бойымызға сіңіреміз. Ендеше қашанда Табиғат-анаға қамқор болып жүрулеріңе тілектеспін.

VII. Бағалау.

Сабақтың басында тактаға ілінген суреттердің символдық мәні бар деген едік. Олай болса, «3» деген баға – өзеннің жағасында ғана жүрмін дегенді білдіреді. «4» деген баға – Ортаудың биігіне көтерілдім, «5» деген баға – Көкшедемін, Жұмбақтасқа шықтым деген ойды білдіреді. Өздеріңнің қай биікте жүргендеріңді айта аласыңдар ма? (Оқушылар өздерінің қай биікте екенін айтып, өздерін бағалайды. Оқушылар осы сабақта Ортау мен Көкшенің биігінен табылды).

12-слайд. Ал Сәкен қай биікке көтерілді? Оқушылардың алдында Сәкен Оқжетпестің шыңына көтерілді деген символ пайда болады.

VIII. Мұғалім сөзі: - Сәкеннің зиратын іздеп 1990 жылдары арнайы экспедиция Магадан өлкесіне барған еді. Қарағандылық И.Мудров деген ақсақал Сәкенмен Магаданда бірге болып, 1940 ж. Сәкенді өз қолыммен жерледім деген еді. Өкінішке орай, ақсақал көп жылдар өткен соң ол жерді нақты көрсете алмаған.

Ғ.Жайлыбайдың бір шумақ өлеңімен сабақты аяқтаймын:

*- Ақ боз атты құлатқан жала-керме,
Магаданға мола іздеп бара берме.
Сәкен деген – халқымның рухы зой,
Рухтарды көмбейді қара жерге!!!*

IX.Үй тапсырмасы: «Сәкеннің сұлу әлемі немесе менің ой-толғанысым» (эссе).

«АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА»

Сабақтың мақсаты: білімділік – ақын өмірінен мәлімет бере отырып, поэзиясының өміршеңдігін таныту; дастанның тақырыбы мен идеясын, көркемдік тілін ашу; **дамытушылық** – оқушының сөйлеу тілін дамыту; өз ойын еркін, жатық жеткізе білуге одан әрі дағдыландыру; мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру; **танымдық** – өз бетімен іздене білуге, қосымша материалды іріктей алуына, ой қорытуға үйрету; **тәрбиелік мәні:** туған жерге деген сүйіспеншілікке, адамгершілікке, табиғат әсемдігін түсінуге, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыс: музыка, бейнелеу өнері.
Көрнекіліктер: ақын портреті, шығармалары, кесте-сызбалар, қосымша газет-журнал материалдары.

I. Ой шақыру.

– Біз Мұқағали ақынды – поэзия патшасы десек, ендеше, поэзия патшалығына сапар шегіп көрейік. Міне, патшалықтың алтын қақпасы ашылды. «Аққулар ұйықтағанда» сарайының кілті өз қолдарыңда. Қазіргі сәттен бастап осы сарайдың сырына үңіліп көрейікші. Іске сәт!

Енді, мына жоспар арқылы поэзия мазмұнын еске түсірейік.
Жоспар

1. Әлдилеп ақ төсіне бермей тыным,
Ақ айдын ақ мүсінін тербейтұғын.
2. ... Айналайын аққудың қанатынан,
Қайтеміз, ол да адамға бола туған.
3. Аққулар ұйықтап жатыр тербетіле.


4. ... Қасиетке оқ атып, жойған пақыр.

5. ... Білмеймін сор аттың ба, бақ аттың ба?

(Поэма тақырыбы аталып, оқиғаның басталуы қай бөлімде екендігі анықталады).

II. Топтастыру.

– Біз бүгін топпен («Жігер», «Болашақ», «Арман») жұмыс істейміз.



III. Кубизм. Тақырыпты жан-жақты қамтуға мүмкіндік беретін оқыту стратегиясы. Кубиктің 6 жағы бар. Иіреді, қай жағы түссе, сол жағының сұрағына жауап береді.

Суретте.

Туған жер, Жетімкөлдің сұлулығы, аққудың үні, қасиеті, айнала қоршаған ортамен үндестігі, ақын сезімі өлеңде қалай берілген?

Салыстыр. Поэма оқиғасына немесе тақырыбы мен тіліне ұқсайтын шығарма бар ма? Кіммен немесе кімнің шығармасымен салыстыра аласың? (Венн диаграммасы қолданылады).

Зертте. Мұқағали ақын туралы тағы не білесің?

Қолдан. Ақынның психологиялық жай-күйін ақын қалай берген? Тауып оқы. Қандай бейнелі, көркем тіркестерді көріп тұрсың? (Оқулықпен жұмыс).

Бұл туралы ойлағанда көз алдыңа не елестейді? (Ойтолғау, сурет) Ақынға хат жазып көр.

Талда, қолдан, қарсы шық. Ананы қасиетке оқ атуға мәжбүр еткен не? Баласының өлімінен кейінгі ананың күйін ақын қалай жырлайды? (Мәнерлеп жатқа оқу).

IV. Сөздіктер еліне (сұхбат). Таны, есте сақта. Оқушы дастаннан өзі түсінбеген сөздерге белгі қойып отырады. Сұрайды, жауап беремін.

V. Еркін жауап. – Ақын туралы тағы не айтуға болады? (Оқушы ізденісі)

VI. Болжау.

– Оқиғаны қалай аяқтаған болар едің?

VII. Үкім.

– Аққуды атуға бола ма? (ия, жоқ)

Оқушы дәлелдемесін тыңдау.

VIII. Бекіту.

Қорыту.

– Құрметті шәкірттерім, ақын Фариза Оңғарсынова «Мұқағалидай ақыны бар халық – бақытты халық» деген екен. Олай болса, сыршыл ақынның өміршең шығармасымен танысқан сендер сол бақытты халықтың бақытты ұрпағысыңдар. Ендеше, осы сұлулықты жанымен сүйген Мұқағали ақынның аса құрметтеген адамының бірі сазгер Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйін тыңдайық.

IX. Үйге тапсырма: «Ақын және аққу» тақырыбына шығарма жазып келіндер.

Эльмира БАҚТЫҒАЛИЕВА,
Ж.Досмұхамедов атындағы
жалпы білім беретін
орта мектеп балабақша кешенінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Сырым ауданы.

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Жалпы мақсаты:	М.Мақатаевтың өмір жолы, қызметі, шығармашылығы туралы түсіндіру. Өлеңдерінің тақырыбы мен идеясын ашады, мазмұнын меңгереді.	
Күтілетін нәтижелер:	М.Мақатаевтың өмір жолы мен шығармаларының тақырыбы мен мазмұнын біледі. Өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін талдайды. АКТ-ге құзіреттілігі артады.	
Сабақ түрі:	Жаңа сабақ.	
Тапсырмалар:	Оқулықтан ақынның шығармашылығы туралы оқиды. Өлең құрылысына әдеби-теориялық талдау жасайды. Ассоциация құру. Абай өлеңдерімен салыстырады. Рөлдік тапсырмаларды орындайды. Өлеңнен синонимдерді тізбектейді. «Бозқараған» туралы презентация. Топтық және зерттеушілік әңгіме. You Tube сайтынан ақынның өлең оқыған өз дауысын тыңдайды.	
Керекті жабдықтар:	Интербелсенді тақта, компьютер, интернет желісі. М.Мақатаев шығармалары.	
Сабақ барысы:		
Сабақ кезеңдері:	Мұғалім әрекеті:	Оқушы әрекеті:
Кіріспе.	1. <i>Тұлғааралық байланысты орнату.</i> 1. Сыныппен амандасу. 2. «Мен сыныппен жұмысты қалай бастаймын?» 3. Мұқағали шығармалары бойынша топқа бөлу. «Отан», «Өмір», «Поэзия».	Оқушылар өз есімдерін сын есіммен байланыстырып айтады. Жайдарлы – Жанна.

	II. <i>Сыныптың білім деңгейін анықтау.</i> Өтілген тақырып бойынша тест. III. <i>Алдығы сабақты қысқаша қайталау.</i>	I. Есенберлин шығармашылығы бойынша тест тапсырмасын орындайды.
	1. I. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы қай кезеңдерді қамтиды? 2. Қасым Төренің күміс қынды сапысын, білтелі құлдыр мамай түрке мылтықты Кенесарыға беруінде қандай мән бар?	Оқушылар түрткі болу, сынақтан өткізу, қайта бағыттау бағытында қойылған сұрақтарға жауап береді. Үй тапсырмасы бойынша ойтолғаныстарын оқиды.
	IV. <i>Сабақ тақырыбын білдіретін мәселелерді анықтау.</i> 1. Оқушылар, «ақын» деген сөзді қалай түсінесіңдер? 2. Киелі аққу құсы туралы поэма жазған ақын кім?	1. Оқушы «ақын» ұғымы туралы пікірін айтады. Ассоциация құру. 2. М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы бар.
Тұсаукесер	Ребус. «Аққудың қанатына жазылған жыр». М.Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы жалпы шолу жасалады. Оқулықта берілген мәтінмен жұмыс.	Оқушылар ребусты шешеді. «Менің анкетам» өлеңін Фариза мен Аспембет мәнерлеп жатқа оқиды. Оқушылар оқулықта берілген мәтінді оқиды, топта талдайды. Түсінгендерін айтады.
Негізгі бөлім.	You Tube сайтынан Мұқағалидың өз даусымен оқыған «Бозқараған», «Қарлығашым, келдің бе?», «Автограф» өлеңдерін бейнероликті on-line режимінде көрсетіп тыңдатамын.	Ақынның «Бозқараған», «Қарлығашым, келдің бе?», «Автограф», т.б. өлеңдерінің мазмұнын, түсінгендерін топта талқылап, өлеңдеріне әдеби-теориялық талдау жасайды. Абай Құнанбайұлының «Өлең – сөздің патшасы, сөз – сарасы» өлеңімен салыстырады.

		<p><u>Дарынды оқушымен жұмыс.</u></p> <p>1. А.Ғабдолкәрім «Бозқараған» туралы қосымша деректерді Google іздеу жүйесінен тауып, презентация дайындайды.</p> <p>2. Р.Шоқанов М.Мақатаевтың фотосуреттерін жинақтап, «Қош, енді қош бол, күрең күз» әніне Windows Live бағдарламасында бейнеролик дайындайды.</p> <p>3. «Өлең-ғұмыр» тақырыбына сынып оқушылары өйтүйін жазады.</p>
Қорытынды.	<p>1. М.Мақатаев қай жылдары өмір сүрді?</p> <p>2. М.Мақатаевтың балалық кезеңі тарихтағы қандай кезеңмен тұспа-тұс келді? Ол өлең жазуды неше жасынан бастап жазды?</p> <p>3. Ақынның алғашқы тырнақалды туындылары қай баспаларда жарық көре бастады?</p> <p>4. Мұқағали қай ақын-жазушылардың шығармаларын аударған?</p> <p>5. Қырық бес жасында қайтыс болған соң, Мұқағалидың екінші өмірі – өлмес ғұмыры басталды,- дегенді қалай түсінесіңдер?</p> <p>6. Абай мен Мұқағали өлеңдерінің рухани үндестігі неде деп ойлайсыңдар?</p>	<p><u>Күтілетін жауаптар:</u></p> <p>1. Мұқағали Мақатаев (1931-1976) жж. өмір сүрген.</p> <p>2. Балалық шағы Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келген Мұқағали өлеңді он-он бір жасынан жаза бастайды.</p> <p>3. Алғашқы туындылары Нарынқол аудандық «Советтік шекара» (қазіргі «Хан тәңірі») газетінде 1948 жылдары жариялана бастаған.</p> <p>4. Шекспирдің сонеттерін, Дантенің «Күдіретті комедиясын» қазақшалады.</p> <p>5. <u>Нұржауған:</u> Ақынның екінші мәңгілік ғұмыры – оның өлеңдерінің өміршендігі. Оны жыл сайын дәстүрлі өткізілетін М.Мақатаев оқулары байқауынан аңғаруға болады.</p> <p>6. <u>Нұржаннат:</u> Абай мен Мұқағалидағы ортақ үндестік мұң-тіршілік мұңы. Фәнидің өзі сыйға тартқан қоңыр мұң. Бұл дүниеден аң ұрып баз кешіп кету емес, болмаса қарақан бастың мұңына көпшілікті емекіткісі келу де емес.</p>

	Оқыту үшін бағалау.	<p><i>Жүрегім менің-қырық жасау, Қиянатышыл дүниеден. Қайтып аман қалсын сау, Қайтқаннан соң әрнеден, – деп Абай күңіренсе, ақиық Мұқағали: Жанартауым бар еді ғой кеудемде, Жалын атып, жана-жана сөнген бе?! Тас шайнатып, жатушы еді, от бүркіп, Тастай қатып, тынған ба енді, өлген бе?! – деп мұңданды.</i></p>
	<p>7. Өмірді сүюдің ғажайып үлгісін көрсеткен ақын Мұқағали өмір туралы гимнді қай шығармасы арқылы туғызды?</p> <p>8. М.Мақатаевтың өлеңдеріне қандай әндер жазылған?</p>	<p>7. Өмірді сүюдің ғажайып үлгісін көрсеткен ақын Мұқағали «Жан азасы» (Реквием) поэмасында өмір туралы гимн туғызды.</p> <p>8. «Есіңе мені алғайсың», «Бақытыңды жырлайды», «Сенің көзің», т.б.</p>



Айнұр МАТНИЯЗОВА,
Күйкен орта мектебінің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

Т.АЙБЕРГЕНОВ. «АРУАНА – БАУЫР ДҮНИЕ»

(8-сынып)

Жалпы мақсаты:	Т.Айбергенов шығармашылығы туралы оқушылардың таным, білім көкжиегін кеңейту, ақынның ақындық ерекшелігіне тоқталу, шығарма мазмұнын ұғындыру. Ой-өрістерін, сөздік қорын, есте сақтау қабілеттерін дамыту, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; Оқушыларды ой-пікір айта білуге жетелеу арқылы сөйлеу тілін дамыту,
-----------------------	--

	өленді құрылымдық, көркемдік жағынан талдауға дағдыландыру.	
Оқыту нәтижесі:	СТО-ға үйрете отырып, мәнерлеп оқуға, оны талқылауға үйрету. Топпен бірлесе жұмыс жасай біледі, тақырыпты аша алады, ережеге бағынады, бір-бірін тыңдай біледі.	
Оқыту формасы:	Жеке баламен, топпен, сынып ұжымымен жұмыс жүргізу.	
Оқуда қолданылатын модульдер мен әдіс-тәсілдер:	Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. Оқуды бағалау. Миға шабуыл әдісі, хронологиялық кесте, ойын әдісі, әдеби-теориялық ұғым.	
Құрал-жабдықтар:	Такта, кеспе қағаздар.	
Кезең:	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
1-кезең. Ұйымдас-тыру. Үй тапсыр-масын тексеру.	Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Өткен тоқсандағы тақырыптарды қорытындылау. «Миға шабуыл» әдісі арқылы қосымша сұрақтар қоямын.	Оқушылар үй тапсырмасын айтады.
2-кезең. Жаңа сабақ.	Мағынаны тану. ӨЛЕ БЕРСІН КҮНШІЛДЕР КҮЙГІНДЕ, ӨЗ ҒАСЫРЫМ ӨЗІМНІң ИІНІМДЕ. АҚ ЖАҢБЫРЛАР ТОЗДЫРҒАН ТАУ СИЯҚТЫ МЕН ӨЛЕМІН ӨЗІМНІң БИІГІМДЕ! - Балалар, бүгін біз сабақта ақын Т.Айбергеновтің шығармашылығымен танысамыз және ақын өлеңдеріндегі ерекшеліктерге тоқталамыз. Бір тойым болатыны сөзсіз менің, Дәл қай күні екенін айта алмаймын. Бірақ, бірақ... Қайта алмайды қартың да бір ән салмай, Онда ортаға тасталар ұран сондай, Жиырма бестің бәрін де сабылдыртам, Кемпірлерге қыз күнін сағындыртам, Сәбилерге ағаны үлгі етемін, Жеңгейлердің толтырам гүлге етегін...- деп жырлап өткен ақберен ақын Т. Айбергенов – аз ғана ғұмырында халқына шынайы поэзияның шырынынан дәм татқызып, терең ой	Оқушылар жұптасып, сұрақтарын талқылап, бір-біріне сұрақтар қою арқылы жаңа тақырыпты меңгеріп отырады. Берілген тапсырманы постер қорғау арқылы орындайды.

	мен мөлдір сезімдерді тек өзіне тән табиғи даралықпен жеткізе білген дарынды суреткер. Ол – қазақ өлеңіне тұтас бір бетбұрыс ала келген ірі талант иесі. Енді ақынның өмір жолымен жақынырақ таныс болу үшін тақтаға назар аударайық.	Жаңа сабақ бойынша топқа бөлінеді.
	Хронологиялық кесте. Алдын ала берілген тапсырма бойынша оқушы таблицамен таныстырып өтеді. Осындай құйрықты жұлдыздай ағып өткен ақынның әрбір өлеңі, отты жырлары бізге ыстық. Әрине, жалынды ақын аз ғана ғұмырында көптеген тақырыпқа қалам тартқаны белгілі. Ақын жайлы көбірек білгілерің келсе, мына көрме материалдарымен сабақ соңында танысуларыңа болады. Бүгін біз ақынның екі өлеңімен танысқалы отырмыз.	
	I тапсырма. I топ. «Ана» өлеңін мәнерлеп оқып, мазмұнын қара сөзбен жазып айтады. II топ. «Аруана – бауыр дүние» өлеңін мәнерлеп оқып, мазмұнын айтады. Сергіту сәті.	
	II тапсырма. I топ. Ана туралы басқа ақын-жазушылардың шығармаларымен өлеңді салыстырады. II топ «Кубизм» стратегиясы бойынша жұмыс істейді. 1. <i>Суреттеңдер.</i> Өз туған жерін суретте. 2. <i>Салыстырыңдар.</i> Ақынның туған жерге деген махаббаты өз сезімдерімен үндесе ме? 3. <i>Зерттеңдер.</i> Өлең құрылысына талда. 4. <i>Қолданыңдар.</i> Отан, туған жерге арналған басқа ақын – жазушылардың шығармаларымен салыстырыңдар. 5. <i>Қолдаңдар, я болмаса қарсы шығыңдар.</i> Ақынның көзқарасымен келісесіңдер ме, әлде жоқ па? 6. <i>Мұны ойлағанда көз алдарыңа не елестейді?</i>	

	III тапсырма. I топ. «Бес жолды өлең» стратегиясы (АНА). II топ. Аруана сөзіне түсінік беріндер. Түйе төлінің өсу жолын жазыңдар (еркек – ұрғашысына және өркешінің санына қарай: бота, тайлақ, буыршын, буырлыш, науша, бұзбаша, інген, мая, аруана, үлек, атан, бура).	
3-кезең. Сабакты бекіту.	«Жер-ана» ұғымын қалай түсінетіндерің жөнінде ойтолғау жазыңдар.	Белсенділік таныту. Жинаған білімдерін қолдану.
Бағалау.	Оқушыларды біліміне, өз ойын, пікірін дәлелдей алу қабілетіне қарай бағалау.	
Үйге тапсырма:	Өлеңдерін жаттау.	
Рефлексия.		



Әлия АЛДИЯРБАЙ,
А.Нүсіпбеков атындағы орта
мектептің мұғалімі.
Алматы облысы,
Райымбек ауданы.

БАЛАЛАР БАЗАРШЫСЫ – МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ

Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері М.Әлімбаев өрнекті өлеңдерімен ғана емес, ауыз әдебиеті нұсқаларын жинаушы әрі зерттеуші ретінде де көпшілікке кең танылған.

Әлемдегі қай елде болмасын, балалар әдебиетіне, балалар ақын-жазушыларына деген көзқарас пен құрмет ерекше.

Өйткені, олар балаларды өз елінің, халқының болашағы санаған. Мұзафар ағамыз балалар әдебиетінің кәсіби өсуіне елеулі үлес қосып келе жатқан төл жазушы.

Ағамыз балаларға арнап көптеген өлеңдер жинағы мен сурет кітапшаларын жарыққа шығарды. Бала тілін, бала жанын жақсы білді. Өлеңдері ойнақылығымен, жаттауға оңай қарапайымдылығымен дараланады.

«Биікке-биікке», «Жұмбақтар», «Отпен ойнама», «Шынықсаң шымыр боларсың» жинақтары. Дүниежүзінің мақалдарын аудару, төл мақалдарын аудару, төл мақалдарды жинау «666 мақал мен мәтел», «Мақал – сөз мәйегі», «Ер айнасы – еңбегі», «Мақалнама», т.б. туындылар.

Табиғат, аң, құстар жайлы өлеңдері де баланың дүние тануына көмектеседі. «Март айы» дейтін өлеңінде:

Март айында маужырап,
Жылы болмас күн тегіс
Көлкір жолда қар «жылап»,
Күндіз – көктем, түнде – қыс.
Барын беріп халыққа,
Жұмыстан соң қалжырап,
Дала ұқсайды алыпқа

Дамыл алған маужырап /«Балдәурен, шіркін, балалық».
142-бет/ деп, жыл мезгілдеріне байланысты табиғаттың әр түрлі өзгеріске, құбылыстарға ұшырап, өзіне тән жаңалықтар ала келетініне зер салдырады. Өлеңді нақтылы суреттер арқылы жаратылыс құбылыстарын ажырата білуге баулиды. Айналадағы болып жатқан осындай түрлі жаңалықтарды байыпты түрде бақылап, әр мезгілдің өзіне тән сұлулық сырын аңғартады. Табиғаттың әсем көріністерімен, өлкетану ісімен таныстырады. Сонымен қатар баланың байқағыштық қасиеті де өсе береді.

Жүрмейсің бе абайлап
Болмасаңшы ұрыншақ.
Асыр салып, көп ойнап,
Ақсап қалдың, құлыншақ!

Ашытпайды көзінді,
Шомыла ғой, балақай!
Қарашы енді өзіне,
Аппақ болдың, алақай!

Бұл өлеңде аңғарылатын мақсат – баланы ептілікке, тазалыққа үйрету. Мектеп жасына дейін бала ойыншықтармен ойнап отырып, өзін де соған дағдыландыра бастайды.

Бала оқытудың әдісін насихаттайтын диалогқа құрылған өлеңдері қаншама! «Қошақан мен ошағанның сырласуы», «Тасбақаны жұмсасақ», «Қойшы мен скульптор», «Нанасың ба?», «Бұл не?», «Қауын қабығындағы жазу», «Тыныс белгілерінің айтысы», т.б. толып жатқан өлеңдері мектеп сахнасына лайық. Өлең тек жаттауды немесе мәнерлеп оқуды қажет етпейді, сонымен қатар эстетикалық мәні де зор. Сондықтан Мұзафар атамыздың тапқыр өлеңдері – мектеп жасына дейінгі және төменгі сынып оқушылары үшін талап деңгейінен туған туынды. Мысалы: «Қошақан мен ошағанның сырласуы».

Қошақан: - Ой, ошаған, ошаған!
Қоймаушы едің түйремей,
Неден жұмсап босаған
Тікендерің инедей?

Ошаған: - Келе жатқан жаңбыр бар,
Өн бойымды алды ылғал...

Қошақан: - Ой, ошаған, ошаған,
Бүгін қалай қадалдың?
Қастығың ба жасаған,
Қадалғаннан қан алдың?!

Ошаған: - Ашық болса күн жаумай,
Қатаямын, жұмсармай.
... Жаумай ма, әлде жауа ма,
Қандай болған күн бүгін-
Тікеніме қара да,
Ауа райын біл бұрын!

Ақын төлдерді сырластыру арқылы ауа райын болжаудың

бір сырымен таныстырды. Мұндай жырлар легі жас шәкірт үшін табиғаттану мектебі іспетті. Ақынның балалар поэзиясына қосқан үлесі мол. Әсіресе, басқалар ескере бермейтін балаларға өте қажетті тақырыптар қаламынан тыс қалмайды. Өтірік өлеңдер, жұмбақтар, мысал өлеңдер, жаңылтпаш, метограмма, шарада, лагогриф, омоним сөздер – балалар поэзиясына қосылған құнды қор екенін еске алсақ, ол ақынға тән ізденімпаздық.

Әдетте, жаңылтпаш – бала ойын шатастырар шым-шытырық нәрселер емес, сөз мағынасын түсініп, өмір мәнін ұғынып, балдырғанның дүниетанымын қалыптастыруға, шыңдауға септігін тигізіп әсер ететіндей болуы қажет. Ақын өрелі әдебиеттерден үйрене, үлгі ала отырып, жаңа жаңылтпаш жазуды бірінші болып бастады. Бала тәрбиелеуде бұл жанрдың атқаратын үздік орыны бар. Баланы дұрыс та айқын сөйлеуге үйрететін, тілін дамытуға жаттықтыратын жанр – жаңылтпаш.

*Ұлытауда ұларлар бар,
Ұларларды ұстар ұландар бар.
Оларды орағыта қашатын
Ұларлар айлалы ма?!
Ұларларды орнынан басатын
Ұландар айлалы ма?*

Жасөспірімдерді дұрыс та айқын сөйлеуге үйретуді мақсат етумен бірге, жаңылтпаштарда оларды үлкен ойға шомдыратын тәсілдер де қолданған.

Тек жаңылтпаш ғана емес, қисынын тауып, қиыстырған қызғылықты өтірік өлеңдер балдырғандарға жақсылық пен жамандықтың ара-жігін ашып көрсетіп, оңы мен солын, алысы мен жақынын тануға көмектесерлік тәлімі мол мысал. Шытырманға толы қызғылықты өтірік өлеңдерге кішкентай оқырмандар өте құмар.

*Тас жидым жұмсақ қой деп жастық үшін,
Бес жаста әкемнен де асты күшім.
Танктің бір дырауын таңдап мініп,
Теңізге бидай ектім астық үшін.*

Ақын қаламынан туған өтірік өлеңдер адам қиялының, арманының өрісін кеңейтіп, қиыннан қиыстырып көп болжаулар жасауға мүмкіндік береді және ұтымды пікір тудырады. Балаларды мәз-мейрам етіп, көңіл күйін өсірумен қатар, оларды қиял пырағына мінгізеді.

Ақын шығармашылығының алтын өзегі-бала тәрбиесі. Кез келген шығармасының тәрбиелік мәні мол, мазмұнға бай, көркемдігі жоғары. Көтерген тақырыптарының қай-қайсысы да жас ұрпақ үшін өте маңызды.



Райхан ЕЛАМАНОВА,
«Кенсуат» орта жалпы білім беретін мектептің мұғалімі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Ақжайық ауданы,
 Кеңсуат ауылы.

ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИ

Сабақтың мақсаты: Қожа Ахмет Иассауи туралы ойларын тереңдету, оның шығармаларын сыни тұрғыдан бағалай білуге үйрету. Оқығандарын ортаға салып, өз ойын тұжырымдай білуге және өзгенің пікірін сыйлауға баулу. Оқушылардың ежелгі дәуір әдебиетінің өкілдері туралы дүниетанымын кеңейту, ой-өрісін дамыту, ойлануға, қорытынды жасауға дағдыландыру, білімдерін өз бетінше қолдануға, іздену жұмыстарына төселдіру.

Көрнекілігі: ООМ /орынға отырғызу матрицасы/, тірек сөздер. **Түрі:** «Ауызша сабақ-2» технологиялық картасы.

Сабақтың барысы:

Сабақтың құрылымы:	Технологиялық картаның жұмыс тәртібі:	Түсініктеме:															
1-кезең. Ұйымдастыру кезеңі.	Амандасу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару. Көшбасшыға сөз беру.	ООМ А Б В Д <table border="1"> <tr> <td>1</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>3</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	1					2					3				
1																	
2																	
3																	
Оқушылардың субъектілік тәжірибесін өзектендіру. «Ауызша сабақ-1» картасының ережесі бойынша 7, 14, 21 сөз санын таңдау.	1. Өткен тарауды қорытындылау. ООМ әдісі арқылы оқушыларға сұрақтар қою. Сұрақтар: 1. Қаған дегеніміз кім? Жауап: Қаған – ертедегі Түркі қағанаттарының басшыларына берілетін ең үлкен атақ, хандардың ханы.	1. ООМ-ға белгі салу.															
	2. «Тонькөк» жыры неше өлең жолдарынан тұратын жыр? Жауап: 313 жол. 3. Вильгелм Томсен «тәңірі, түркі» сөздерін қай жылы оқыды? Жауап: 1893 жылы. 4. Күлтегін неше жасында өмірден өтті? Жауап: 47. 5. Тонькөктің өмір сүрген жылдары? Жауап: 646-741 жылдар аралығында. 6. «Оғызнама» дастаны неше беттен тұрады? Жауап: 42 бет.	9-сынып. Мәтіннің бір парағына – 3 мин.															
	7. «Қорқыт ата кітабы» қай дәуір әдебиетіне жатады? Жауап: VI-IX ғасыр аралығындағы көне түркі әдебиеті. 8. «Диуани лұғат ат - түрік» кімнің шығармасы? Жауап: Махмұт Қашқари. 9. «Күлтегін» ескерткішінің биіктігі қанша? Жауап: 3,15 метр. 10. «Қабырғасы сөгілу» деген сөз тіркесі қандай мағына береді? Жауап: қатты қайғыру. 11. «Махаббатнама» дастаны қай қаланың мұражайында сақталған? Жауап: Лондон.																

	12. «Оғызнаманың» неше нұсқасы бар және қандай тілдерде жазылған? Жауап: 2 нұсқасы бар, ұйғыр, араб тілінде жазылған. 13.Ежелгі дәуір әдебиеті жалпы қай ғасыр аралығын қамтиды? Жауап: VI – XV ғасыр. 14. «Тоныкөк» жырын зерттеушілер қанша кезенге бөлді? Жауап: 14 кезенге.	Барлық оқушыларға нәтижелеріне қарай + немесе – белгісі қойылады.
	15. Күлтегін ескерткішінің үстінде қытайша қандай сөйлем жазылған? Жауап: Марқұм Күлтегін жазуы. 16. Сайф Сараидың «Гүлстан бит-турки» атты дастаны қай ғасыр әдебиетіне жағайды? Жауап: XII – XV ғасыр әдебиетіне. 17. Алғаш «Күлтегін» ескерткішін оқыған ғалым? Жауап: Вильгелм Томсен. 18. Төле би Әлібекұлының «Диннат ананың ғұмыры» атты еңбегі қай қаланың мұражайында сақталған? Жауап: Ташкент қаласындағы мұражайда.	
	19. «Күлтегін» ескерткішінің негізгі бетінде қанша жол жазу бар? Жауап: 40 жол жазу бар. 20. Тоныкөк шамамен қанша жасқа жетіп қайтыс болды? Жауап: 95 жас. 21. Оғыз қағанның анасының есімі? Жауап: Айқаған. 22. Орхон жәдігерлерін поэзия, ерлік жыры деп алғаш бағалаған ғалымдардың бірі, академик – жазушы кім? Жауап: М.О.Әуезов.	
	2. Жаңа сабақтың тақырыбымен таныстырып, қысқаша түсінік беру. Мәтінді өз бетімен оқу. Мәтіннен тірек сөздерді тауып, мұғалімнің рұқсатымен дәптерге жазу. Партадағы оқушылардың бір-бірін тексеруі. 7 тірек сөздер: сопы, Бұқара, «Даналық кітабы», 18 мың ғалам, Н.Келімбетов, хикмет, Түркістан. Тірек сөздер эталонын мұғалім сабаққа дейін дайындайды.	

2-кезең. Қабылдауды ұйымдастыру. Есте сақтауға уақыт нормативі: 7 сөз – 30 сек. 14 сөз – 1 мин.15 сек. 21 сөз – 2 мин. 30сек.	Тақтадағы тірек сөздер жабылады. Оқушылар тақтадағы барлық сөздерді естерінде сақтауы тиіс. Берілген уақыт аяқталысымен сөздерді жауып, сол уақыт аралығында естеріне түсіріп жазу керек. 14 тірек сөз: «Диуани Хикмет», Қ.А.Иассауи, Арыстан баб, ойшыл, құрма, Орта Азия, VII – VIII ғасыр, Мұхаммед пайғамбар, ислам діні, құран, Өзірет сұлтан, Ақсақ Темір, мұсылман, қылуат.	Барлық оқушыларға нәтижелеріне қарай + немесе – белгісі қойылады.
3-кезең. Ұғынуды ұйымдастыру.	Қарама-қарсы сұрақ қою. Оқушылар ООМ бойынша бір-біріне тақырып бойынша сұрақ қояды.	Белгілер ООМ-ға түсіріледі.
4-кезең. Түсінудің бірінші тексерілуі.	Өзара тестілеу. Оқушылар өтілген тақырып бойынша тест құрастырады және ООМ бойынша белгі басқа оқушының сайтының номерін атап, сұрайды.	Өзара тестілеу нәтижесіне баға қою ережесі: 1. Тестті шешкен оқушы дұрыс жауабы үшін ООМ-да + белгісін алады; 2. Тестті дұрыс шеше алмаған оқушы дұрыс емес жауабы үшін ООМ-да – белгісін алады.
		3. Тестті құрастырған оқушының сұрағына дұрыс жауап берілмесе, онда ол ООМ-да +белгісін алады. 4. Тестті құрастырған оқушының сұрағына дұрыс жауап берілсе, онда ол ООМ-да – белгісін алады.

5-кезең. Бірінші бекітуді ұйымдастыру. Уақыт 5 минут.	Тақырып бойынша тақырыптық сөздік қор / ТСК/ жүргізіледі. Сөздер анық, қысқартылмай жазылады. Тақырыптың мазмұнын жазу керек. ТСК нормативі – 63 сөз. Ең көп сөз пайдаланған оқушының жұмысы тыңдалады.	Оқушылар бір-бірін тексереді. ООМ-ға белгі қою.
6-кезең. Талдау.	Мұғалім тақырыпты қорытындылайды. Жұмыс істеу қабілеті жоғары балаларды мадақтау.	Зейін ООМ-ға аударылады.
7-кезең. Рефлексия.	Нормаға сай болмаса, талқылау және тақырыпты меңгермеген оқушылардан қосымша сұрау.	Мәліметтерді ООМ-ға енгізу.
8-кезең. Бағалау.	Журналға баға қою келесі норматив бойынша жүзеге асырылады: 4-5- белгі – «5» 3 белгі – «4» 2 белгі – «3» 1 белгі – «2»	Сапа нормативі карта бойынша орындалды деп есептеледі, егер де: оқушылардың 63%-ы 5 ұпайдан алса.
9-кезең. Үй тапсырмасы.	4 белгіден кем алған оқушылар үйге тапсырма алады.	Тақырыпты оқып, мазмұндау.



Сағыныш БЕГАЛИНА,
Еңбекту орта мектебінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Әйтеке би ауданы.

Ғ.МҮСІРЕПОВ. **«ЖАҢА ДОСТАР»**

Сабақтың мақсаты: білімділік – Ғ.Мүсіреповтің «Жаңа достар» әңгімесінің мазмұнын бекіту, кейіпкерлерге талдау жасау, әдебиет теориясына тоқталу, шығарма арқылы Қайрош, Шеген, Бораш бейнелерін ашу, талдау жасау; **дамытушылық** – оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, ынтасын,

ізденушілік белсенділігін, танымдық қабілетін дамыту, әдеби-теориялық ұғымдарды тереңдете меңгерту, қорытынды ой тую, прозалық шығармаларды талдауға үйрету; **тәрбиелік** – оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке баулу, бауырмалдыққа, достыққа, ұйымшылдыққа, мейірімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Типі: бекіту сабағы. **Түрі:** талдау сабағы. **Әдісі:** сахналау, әңгімелеу, сұрақ-жауап, сәйкестендіру тесті, топтастыру. **Көрнекілігі:** слайдтар, Қ.Смағұлов, Ғ.Мүсірепов портреттері. **Пәнаралық байланысы:** тарих, география, қазақ тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

Мұғалім: - Әрбір адам –

Оқушы: - Туысым, досым, жұрағат,

Мұғалім: - Әрбір сабақ –

Оқушы: - Үйрену, ұғу, ұлағат.

Мұғалім: - Әрбір ісім –

Оқушы: - Тірлік, тірек, адамдық,

Мұғалім: - Әрбір сөзім –

Оқушы: - Шындық, бірлік, адалдық.

- Ендеше, балалар, бірлік, адалдық, шындық, достық туралы әңгімені үйге оқып келуге берген болатынмын. Топтарға бөлініп отырған екенбіз, топтарыңыздың атын атап жібере қойыңыздар.

1-топ: «Шапағат», 2-топ: «Парасат».

Үй тапсырмасы. «Ой шақыру» әдісі.

а) Ғ.Мүсіреповке талқылай топтастыру жасау.

ә) Шығарманың сюжеттік құрылымына талдау жасау.

1. Сюжет дегеніміз не? (Қисын, іс-әрекет, талас-тартыс үстінде әркімнің мінезі, таным, сенімдері, күйініш-сүйініштері айқындалуын сюжет дейміз).

2. Сюжет термині қай тілден енген? (Француз)

3. Сюжетті композициялық құрылым неше бөлімнен тұрады? (5)

Сәйкестендіру тестін орындау.

- | | |
|--------------------------------|--|
| 1. Әңгіменің басталуы. | Қайроштың ауылдан кетуі.
Жайық өзенінің жағасы. |
| 2. Әңгіменің байланысуы. | Қайроштың Шеген,
Бораштармен танысуы,
достасуы. |
| 3. Әңгіменің шиеленісуі. | Тамақ табу үшін базар халқына
өнер көрсетуі.
Үшеуінің қашуы. |
| 4. Әңгіменің шарықтау
шегі. | Милиционердің балаларды
қууы, Қайрошты балалар
үйіне тапсыруы. |
| 5. Әңгіменің шешімі. | Анасымен қауышып, оқуға
ниет білдіріп, Қайроштың
балалар үйінде қалуы. |

IV. Жаңа сабақ.

Ғ.Мүсіреповтің «Жаңа достар» әңгімесіндегі Қайрош, Шеген, Бораш бейнелері. Пейзаж.

1. Пейзаж – көркем шығармада суреттелетін табиғат көрінісі, яғни, табиғатты суреттеу тәсілі.

Мысалы: Күн де батты. Теңіз үстінде қорғасындай басқан бір ауыр тұман да көтерілді. Қара тұманның ауырлығынан теңіз беті қайысып, төмен түсіп кеткендей сезіледі.

- Енді, кейіпкерлер бейнесіне көшейік (Қ.Смағұловтың суретін, оның өмірі туралы жазылған сөзді түсіндіру).

2. Біздің әңгімедегі кейіпкеріміз Қайрош – алдарыңыздағы суреттегі Қайырғали Смағұлов. 1919 ж. Атырау облысы Балықшы ауданында дүниеге келген. 1939 жылы әскер қатарына алынып, Ұлы Отан соғысы жылдары Дондағы Ростов, Орджоникидзе қалалары түбіндегі сұрапыл ұрыстарға қатысты. 1943 ж. 1 қарашада 20 десантшымен бірге Керч бұғазынан өтіп, жау шебін басып алды. 20 жауынгерге қарсы жаудың 12 танкісі мен 2 батальоны шабуылға шықты. Олар қосымша күш жеткенше дұшпанның 14 шабуылына тойтарыс берді. Саны аз десантшылар 44 күн бойы бекіністі ұстап тұрды. Бұл күндері

сержант 1943 ж 17 қарашада Қ.Смағұловқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Соғыстан кейін ол бейбіт еңбекке араласты. Қ.Смағұлов – жазушы Ғ.Мүсіреповтің атакты «Қазақ солдаты» романындағы бас кейіпкер Қайроштың прототипі. «Қазақ солдаты» романы – алғашқы әскери роман.

Қ.Смағұловтың Ғ.Мүсіреповке жазған хатынан үзіндіні оқу.

- Балалар, соғыстың құны не? Кім айтады?

- Соғыстың құны – кесілген білек.

- Соғыстың құны – тесілген жүрек.

- Соғыстың құны – шулаған орман.

- Соғыстың құны – уланған арман.

- Соғыстың құны – өртенген аспан.

- Соғыстың құны – төгілген жас қан.

- Иә, балалар, біз ешқашан ешкімге де соғысты тілемейміз.

Енді, сол кейіпкерлерімізді көз алдымызда сөйлетіп көрелік (көрініс сахналау).

1-топ. «Танысу».

Шеген: - Түнде өліп жатқан бала сен бе едің, әй?

Қайрош: - Мен әлі өліп көрген жоқпын!

Шеген: - О...! Сабаздың өзі екен! Атың кім?

Қайрош: - Қайырғали... Өзіңнің атың кім?

Шеген: - Шеген ... Мынаның аты Бораш... Бұны Боря дейтін боласың. Менің атым онша бұрмалауға келмейді, Шеген аға дерсің. Мен екеуіңнен де үлкенмін. Әкем байғұс баласын еркелете алмайтынын білген ғой сорлы, Шеген дей салыпты.

Қайырғали, Қайрош, Қайрушке. Атың ат емес екен... Сендей жеке батырға түк лайығы жоқ. Бүгіннен бастап Костя боласың.

2-топ. «Уәде».

Шеген: - Шайға келіңдер (Шеген, Бораш, Қайрош үшеуі шайға отырады).

Шеген: - Алтын жатса – алмаймыз! Бір ме?

Қайрош: - Бір.

Шеген: - Өтірік айтпаймыз! Екі ме?

Қайрош: - Екі.

Шеген: - Алдау үшін өтірік айтсаң, кешіреді екен деме, алданбау үшін өтірік айтсаң, іркілме!

Қайрош: - Үш.

Шеген: - Жоқ, үш емес, әлі екеу-ақ. Үшіншім үш күннің ішінде бізбен бірге қуанып, бізбен бірге мұңаятын боласың. Өз бетіңмен оңаша қуанып, оңаша мұңаятын болсаң, сен бізге жолдас та емессің, қуана біліп, мұңая білмесең, тіпті жақсы. Осымен үш болады.

Қайрош: - Үш.

Шеген: - Уәде ғой!

Қайрош: - Уәде.

Шеген: - Ал, ендеше шайыңды іш.

- Міне, оқушылар, бір сәт кейіпкерлердің бейнесін сомдағандай болдық. Сол кейіпкерлеріміздің туған жерін географиялық картадан карап көрейік.

(Географиялық картадан Балықшы ауданының, Жайық өзенін, Каспий теңізін көрсетіп, Қайырғалидың туған жері екенін түсіндіру).

Кейіпкердің есею, өсу жолы.

- Енді, оқушылар, кейіпкерлеріміздің өмірдегі өсу жолына тоқталып көрейік.

8. Ұстаз.

7. Батыр.

6. Жауынгер.

5. Шекарашы.

4. Шаштаразшы.

3. Оқушы.

2. Бақташы.

1. Ойын баласы.

- Балалар, кейіпкерлеріміз туралы ойды мына өлең жолдарымен қорытқым келеді.

Батыр боп, жаудың бетін қайтарып ең,

Ұстаз боп, бейбіт күнде жайқалып ең.

Қазақтың артық туған батыры деп,

Қашан да мақтанышпен айтамын мен.

«Кім? Қайда? Қашан?» ойыны. Кейіпкерлердің сөзінен мысалдар келтіріледі, оқушылар қай кейіпкердің қашан айтқанын айтады.

1	2	3	4	5
6	7	8	9	10

«Мағынаны тану» кезеңі. Мәтіннен әдеби-теориялық ұғымдарды табу.

Кейіптеу	Портрет	Пейзаж
.....

«Кім жылдам?» ойыны. Шығармадан жазушы қолданған мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді, диалект сөздерді, жер-су атауларын қай топ оқушылары жылдам табады?

Мақал-мәтелдер	Тұрақты тіркестер	Диалект сөздер	Жер-су атаулары
1. Әліпті таяқ деп білмейсің. 2. Өлімнен ұят күшті. 3. Қарға баласын аппағым дейді.	Жау жүрек. Шегенді қағыратын. Құлағына құйып жатыр. Екі көзі алақандай болу.	қасқа, үгіршіктер, т.б.	Гурьев, Каспий, Сарытау, Ақ Жайық.

Ой бөлісу.

Соғыс кезіндегі балалар үйі не үшін қажет болады? (I топ)	Қазіргі кездегі балалар үйі не үшін қажет? (II топ)
1. Жоқшылықтан. 2. Соғыстың салдарынан жетім қалғандар.	1. Тәрбиесіздіктен. 2. Ата-ана құғығынан айырылғандардың балалары. 3. Тастанды балалар.

VI. Үйге тапсырма: 1) «Менің досым» тақырыбына шағын шығарма жазып келу; 2) Екі топ бір-біріне 5 сұрақтан дайындап келу.

VII. Бағалау.

- Оқушылар, бүгінгі сабағымыздан біраз мәліметтер алдық. Енді сабақтың соңын ақын ағамыздың мына сөзімен аяқтағым келеді.

Аман қалған шабуылдан жүздеген,

Батыр халық екенбіз зой біз деген.

Аямаған жұрттан нанын тұзбенен,

Жомарт халық екенбіз зой біз деген.

Келешектен бір де күдер үзбеген,

Жарқын халық екенбіз зой біз деген,- деп Отан үшін, халқы үшін от кешкен аталарымыздың ерен еңбегін, ерлігін ұмытпай, олардың жарқын істерін жалғастыра білуіміз керек.



Жанар СЕЙТЖАНОВА,
Орал қаласындағы
№44 орта жалпы білім беретін
мектептің мұғалімі.

ТІЛ ДАМУ. «ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ»

Сабақтың мақсаты: білімділік – балалардың ойын ұштау. Сауатты жазуға, бейнелі ойлауға үйрету. Тіл байлығын, тіл өткірлігін түсіндіру; **тәрбиелік** – сөйлеу мәдениетін арттыру. Туған әдебиетін сүйуге, атадан қалған аманат – тілімізді қадірлеуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – дүниетанымдарын кеңейтіп, рухани байлықтарын арттыру, шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

Түрі: тіл ұстарту. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ойландыру, шығармашылық ізденіс, көрнекілік. **Көрнекілігі:** суреттер, компьютер, бейнетаспа, қоржын. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, саз, бейнелеу.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Менің атымды неге ... қойған? (Аттарының қойылу тарихын қатыстырып әңгіме жазып келу. 6-7 оқушыға оқыту).

III. Негізгі бөлім.

Сабақтың эпиграфы:

Қазаққа сөз дарыған

Бір сөз үшін семіріп

Бір сөз үшін арыған.

Сабақтың жоспары:

I. Кім шапшаң? (сұрақтарға жауап беру)

II. Жаңылдырсаң да, жаңылмаймын.

III. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...»

IV. Жәрмеңке.

V. «Ымға түсінбеген дымға түсінбейді»

VI. Сөзден тәтті нәрсе жоқ.

VII. Мақалбай атайдың сұрақтарына мақалмен жауап.

VIII. Қиялдамасаң, қызыл тіл сайрамайды.

I. Кім шапшаң?

1. Елдің жазу өнерін білмей жүрген кезінде шыққан сөз өнері?

2. Төрт түліктің бағасы не?

3. «Біреуге ор қазба, өзің түсерсің» деген мақал қай шығармада айтылады?

4. Қап тауы қай жерде орналасқан?

5. «Сүйген жарың Ер Төстік

Құтты болсын, Кенжекей,

Мінген де атың Шалқұйрық

Құтты болсын, Кенжекей»- кімнің сөзі?

6. Мақалдардың тақырыбын анықта.

1) Тамшыдан тама-тама дария болар.

2) Қасықтап жинағанды шөміштеп төкпе.

7. Жылқының құты, түйенің басы, атадан ұлға қалатын мұра не?

8. Келінді келген елімен таныстыру үшін айтылатын өлең қалай аталады?

9. «Торпағым, қараңғыда баспаған қорқағым» деп баласын сүйетін кім?

10. Ойсылқара кімнің атасы?

II. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...»

Үш қатарға 3 сурет тақтаға ілінеді және соңғы ұйқас сөздері беріледі.

1-қатарға Апам сиыр сауады,
... .. алады.

.....,
..... баланы.

2-қатарға Түйе, түйе, түйелер,
.... .. сүйеді ел.

.....,
.... .. түйе бер!

3-қатарға қойды,
.... .. сойды.

.....,
... .. тойды.

IV. Жәрмеңке. Асыл сөздерді сату.

Қоржыннан сөздерді суырып, мағынасын айтып, сөйлем құрайды, қай ертегіден алынғанын табады.

Қоржындағы сөздер: Дат, көнек, ділда, зындан, қотан, жортуыл, сәуегей, кіреу, Қап тауы.

V. Ымға түсінбеген дымға түсінбейді.

Берілген жұмбақты ыммен жасырады.

Жұмбақтар: 1. Аяғы жоқ жүреді,
Ауызы жоқ, сөйлейді. (хат)

2. Бес ін,

Бес іннің ауызы бір ін. (қолғап)

3. Мұрты бар, сақалы жоқ,

Тоны бар, шапаны жоқ. (мысық)

4. Аяғы жоқ, жүреді,

Сылқ-сылқ күледі. (бұлақ)

VI. Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Компьютерден бесік жырын тыңдату, еркелетіп айтылатын сөздерді теріп жазу, антонимін табу (Ащы сөздер: оңбаған, жексұрын).

VII. Бекіту бөлімі: Мақалбай атайдың сұрақтарына мақалмен жауап.

1. Сиырдың сүті несінде?

2. Түкіріктен көл жасауға бола ма?

3. Қай кезде отқа күймейсің?

4. Суды қай уақытта күліп ішуге болады?

5. Жылататын кім, күлдіретін кім?

6. Ер жігітте қанат бола ма?

VIII. Үй тапсырмасы. «Қиялдамасаң, қызыл тіл сайрамайды» (Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде... . «Менің қиялымдағы болашағым» (ертегі-әңгіме жазып келу).

Бағалау.



Сайранкүл ЖҰМАБАЕВА,
Тассуат орта мектебінің мұғалімі.

Ақмола облысы,
Жарқайың ауданы.

ҚАЗАҚ ШЕШЕНДІК ӨНЕРІНІҢ ҮШІНШІ КЕЗЕҢІ

Сабақтың мақсаты: тәрбиелік – тақырып мәтіні арқылы шешендікке, әділдікке тәрбиелеу; **білімділік** – XVIII ғасырдағы қазақтың шешендік өнеріне тоқталу, «Жеті жарғыға» түсінік беру; **дамытушылық** – ойлау қабілеттерін арттырып, сөздік қорларын дамыту.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** СТО стратегиялары. **Көрнекілігі:** слайд, жеті жарғы, үш бидің суреті.

Сабақтың барысы:

- Сәлеметсіңдер ме, құрметті оқушылар! Сіздерді көргеніме қуаныштымын. Бүгінгі біздің сабағымыз – Қазақ шешендік өнерінің үшінші кезеңі. Ендеше, дәптерімізді ашып, бүгінгі күнді жазып қояйық.

Сабағымызды бастамас бұрын үш топқа бөлініп отырайық.

I. Қызығушылықты ояту сатысы.

Топтастыру стратегиясы.

1. Қазақ шешендік өнері неше кезеңге бөлінеді?
2. Бірінші кезеңге кімдерді жатқызамыз?
3. Екінші кезең өкілдерін ата?

II. Мағынаны тани білу сатысы. ББУ стратегиясы.

Қазақ шешендік өнерінің Үшінші кезеңі туралы не білесіңдер? Ортаға салу.

Бірінші бағанды толтыру.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім
XVIII ғасырды қамтиды. XVIII ғасырда жақсы өркендеді. Үшінші кезең өкілдері Тәуке ханның «Жеті жарғысы» мен Үш би Тәуке ханның қазақ руларын жинап, үш ұлыста топтап, олардың басына үш би қойғанын тарих пәнінен білеміз. «Жеті жарғы» Тәуке ханның «Ханабад» ордасында қабылданғанын білеміз.		

Екінші бағанды толтыру. Осы білімдеріңді қалай толықтырғыларың келеді? Келесі бағанға жазыңдар.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім
XVIII ғасырды қамтиды. XVIII ғасырда жақсы өркендеді. Үшінші кезең өкілдері Тәуке ханның «Жеті жарғысы» мен Үш би Тәуке ханның қазақ руларын жинап, үш ұлыста топтап, олардың басына үш би қойғанын тарих пәнінен білеміз.	Шешендік өнердің өркендеуіне не себеп болды? Үшінші кезеңнің тағы қандай өкілдері бар?	

«Жеті жарғыны» Тәуке ханның «Ханабад» ордасында қабылданғанын білеміз.	Жеті жарғы дегеніміз не?	
--	--------------------------	--

Мәтінді бір оқушыға оқытамын. Слайд көрсетемін.

Үшінші бағанды толтыру.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім
XVIII ғасырды қамтиды. XVIII ғасырда жақсы өркендеді. Үшінші кезең өкілдері Тәуке ханның «Жеті жарғысы» мен Үш би Тәуке ханның қазақ руларын жинап, үш ұлыста топтап, олардың басына үш би қойғанын тарих пәнінен білеміз. «Жеті жарғы» Тәуке ханның «Ханабад» ордасында қабылданғанын білеміз.	Шешендік өнердің өркендеуіне не себеп болды? Үшінші кезеңнің тағы қандай өкілдері бар? Жеті жарғы дегеніміз не?	1. Шешендік өнердің өркендеуіне үш түрлі себеп бар екен. 1. Тәуке ханның қазақ руларын жинап, үш ұлыста топтап, олардың басына үш би қоюы. 2. Жонғар, ойрат хандықтарының тынымсыз шабуылы, сол кезде қол бастайтын көсемдердің, сөз бастайтын шешендердің қызметі күшті болды. 3. Қазақ шаруаларының патша үкіметіне қарсы көтерілістер дәуірі. 2. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек сынды батырлар. 3. Жеті санат атты билер кеңесі болғанын. 4. Жеті жарғы Заңдар кодексі. «Аксақалдар ережесі», «Билер шешімі», «Жөн-жосықтар» және де Шыңғыс ханның «Жаса» заңынан, «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы» секілді жол-жоралғылардан туындаған.

«Жеті жарғы» дегеніміз не? дегенге жауап беру үшін 15-жаттығуға назар салайық.

15-жаттығу. Мәтінге сүйеніп «Жеті жарғы» сөзіне түсінік беру.

Мәтінді оқушылардың біріне оқытамын.

Сұрақ қою арқылы басқаларынан сұрап шығамын:

- Жеті жарғы дегеніміз не?
- Заңдар кодексі.
- Бұл заң кодексі ненің әсерінен туындаған?

- «Ақсақалдар ережесі», «Билер шешімі», «Жөн-жосықтар» және де Шыңғыс ханның «Жаса» заңынан, «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы» секілді жол-жоралғылардан туындаған.

- Жарғы сөзінің мағынасы?

- Әділдік, шешім деген мағынаны білдіреді.

- Ендеше, осы жауабымызбен үшінші бағанамызды толықтырайық.

Талдау.

Біз 11 сынып оқушылары болғандықтан ҰБТ-ға дайындалудамыз. Ендеше міндетті түрде талдау жасай кеткеніміз дұрыс.

1.«Жеті жарғы» сөзіне фонетикалық талдау.

Жеті – жіңішке буынды сөз.

Е, і – дауысты, екеуі де жіңішке, екеу де езулік, е – ашық дауысты, і – қысаң дауысты.

Ж, т – дауыссыз дыбыстар.

Ж – ұяң, т – қатаң.

Же-ті екі буынды, екеуі де ашық.

Тасымалданады.

Жарғы – жуан буынды сөз.

А, ы – жуан дауысты дыбыстар, екеуі де езулік, а – ашық, ы – қысаң.

Ж, р, ғ – дауыссыз дыбыстар.

Ж,ғ – ұяң, р-үнді.

Жар-ғы – екі буынды, 1-буын – бітеу, 2-буын – ашық.

Тасымалданады.

2. Әділдік, шешім сөздеріне морфологиялық талдау жасау.

Әділдік – туынды дара зат есім.

Түбірі – әділ – зат есім.

Дік – зат есім тудырушы жұрнақ.

Әділдік — не? деген сұраққа жауап береді.

Атау септікте тұр.

Жалпы есім.

Дерексіз.

Жансыз.

Шешім – туынды зат есім.

Түбірі: шеш – егістік.

ім – зат есім тудырушы жұрнақ.

Шешім – дара зат есім.

Не? деген сұраққа жауап береді.

Атау септікте тұр.

Дерексіз.

Жансыз.

3. Дауды әділ, тура шешкен билерді халық «Қара қылды қак жарған» деп мадақтаған. Сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдау.

Дауды әділ, тура шешкен билерді халық «Қара қылды қак жарған» деп мадақтаған. Хабарлы сөйлем.

Жай сөйлем

Баяндауыш – не істеген? мадақтаған

Бастауыш – кім мадақтаған? халық

Толықтауыш – кімдерді мадақтаған? билерді

Анықтауыш – қандай билерді? әділ, тура шешкен

Толықтауыш – нені әділ, тура шешкен? дауды

Пысықтауыш – қалай мадақтаған? «Қара қылды қак жарған» деп.

Жайылма, толымды, жақты сөйлем.

III. Ой толғаныс сатысы. «Автор орындығы».

16-жаттығу. Өлең жолдарын пайдаланып, қазақ биінің тұлғасын толық баяндаңыздар. Қазақ шешендік өнерінің дамуында билердің рөлін өз түсінігіңізбен жеткізіңіздер.

Кім автор орындығына шығады?

Қалғандарымыз бір сұрақ және бір пікір айтуымыз керек. Соған дайындалып отырыңыздар.

IV. Үйге тапсырма: 18-жаттығу. Төбе билер – Төле, Қазыбек, Әйтекенің ғұмырнамалық деректерін пайдаланып, баяндама жасаңдар. 1-топ – Төле би. 2-топ – Қазыбек би. 3-топ – Әйтеке би.

Айгүл ЖАБЕЛ,
М.Мақатаев атындағы
№13 орта мектептің мұғалімі.
 Алматы облысы,
 Іле ауданы,
 Өтеген бағыр кенті.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰНИ. «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫ

(8-сынып)

Жалпы мақсаттар:	Жүсіп Баласағұни және «Құтты білік» туралы зерттеушілік жұмыс жүргізу. Оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін шыңдай отырып, топта, жұпта жұмыс істеу дағдыларының дамуына жағдай жасау, шығармашылыққа баулу. Оқушылардың Жүсіп Баласағұни және «Құтты білік» дастаны туралы білетіндерін ортаға салу, сөйлеу, ойлау дағдысын қалыптастыру. Өзін-өзі бағалау, өзара бағалау арқылы өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға көмектесу.
Күтілетін нәтижелер:	Жүсіп Баласағұни және «Құтты білік» дастаны туралы жан-жақты білімді болу және сабақта талдау, көз жеткізу, қатесін мойындау және түзете алуы.
Негізгі идеялар:	Оқушылар Жүсіп Баласағұни және «Құтты білік» дастаны туралы білім алу, мақсатқа жету, тұлға ретінде дамытуға ерекше көңіл бөлу.
Құрал-жабдықтар:	Интерактив тақта, кестелер, талдау, қорытынды тест, сегізінші сынып оқулығы, бағалау парағы, бейне слайдтар. Стратегиялар.
Тапсырмалар:	<i>1.Ұйымдастыру: Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Сәлемдесу (2 мин).</i> а) Шаттық шеңбері: Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен, Бізге келсін қуаныш нұр іздеген. Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз, Үлгі алсын көрген жан мына бізден.

	Менің сүйікті шәкірттерім. Сендердің жүздеріңнен қуанышты сезім, мейірім, қайырым, ақылдылық сияқты асыл қасиеттер шуақ шашып тұр. Сендерге ыстық ықылас, әлемдегі бар жақсылықты тілеймін. Балалар: - Жас ұрпақтың талапты, Жақсы оқимыз сабақты.
	Өте жақсы, біз ең әуелі төрт топқа бөліне қояйық. Төрт түсті таңдаймыз. Әділет – қызыл, бақыт – жасыл, қанағат – сары, ақыл – көк. ә)Үй тапсырмасы: «Ой қозғау» стратегиясы. Интерактивті тақтада 4 сұрақ.
	II. Негізгі кезең. Ендеше, балалар, Қорқыттың «Қоңыр» күйін тыңдайық. а) Ертеде Жетісу өңірінде бір керемет қала болыпты. Ол қала «Күз орда» деп аталыпты. Онда Жүсіп атты гүлама өмір сүріпті. Біздің кішкентай зерттеушілеріміз «Еліміздің ертені жас ұрпақтың қолында»- деп Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, болашақтың тұтқасы болар оқушыларға сөз кезегін береміз. Ж.Баласағұнидың «Құтты білік» дастанын оқып, ізденіп келу берілген.
	1. Қанағат тобы Ж.Баласағұни өмірі. «Топтастыру» стратегиясы. 2. Әділет тобы «Құтты білік» дастаны туралы. Дастанның үш нұсқасы. 3. Ақыл тобы «Құтты білік дастанының» мазмұны. Тірек-сызба Ж.Баласағұнидің басқа да еңбектері. 4. Бақыт тобы өлеңді мәнерлеп, рөлге бөліп оқу, құрылысына талдау. Абай өлеңімен салыстыру. ВЕНН диаграммасы.
	«Түртіп алу» стратегиясы. Дәптерді ашып, бүгінгі ай, күнді тақырыпты жазып, «Құтты біліктің» бір шумағын дәптерімізге жазамыз. «Кім тапқыр?» өздеріңнің топтарыңның атына сай мақал-мәтелдер айту. Проблемалық сұрақ: 1.Бақыт қандай адамға қонады? Кестемен жұмыс. «Өзім үшін жазу» стратегиясы, 1,3-топқа «Тұжырым кестесі». 2,4-топқа тапсырмалар беру. «Даналық ағашы». - Балалар, бізде «Даналық» бәйтерегі өсіп тұр. Біз сол ағаштың сұрақтарына жауап берсек, біздің бойымызға да даналық қасиет дариды. Әр топ өздерінің түстеріне сай тапсырманы алады. Бәйтеректің тапсырмасына жауап берейік.

	<p>III. Бекіту. «Өзімше толғаймын» стратегиясы. 1-топ «Синквейн» бес жолды өлең жазады. 2-топ Менің бақытты балалық шағым. Эссе. 3-топ Кейіпкерге хат жазады. 4-топ осы дастанға негіздеп ертегі құрайды. Бүгінгі сабағымызға қатысып отырған аяулы да ардақты жандарға ізгі тілек жолдайық. «Жүректен жүрекке».</p>
Келесі тапсырмалар:	
Үй тапсырмасы: Оқуға арналған тапсырмалар: Бағалау:	<p>Үзінді жаттау. Бағалау парағы арқылы бағалау. Махамбеттің күйі «Жұмыр қылыш».</p>



Баян САРБАЕВА,
М.Мақатаев атындағы
№13 орта мектептің мұғалімі.
Алматы облысы,
Іле ауданы,
Өтеген батыр кенті.

ТОЛАҒАЙДЫҢ ЕРЕКШЕ СИПАТЫ, ЕРЕН ІС-ӘРЕКЕТІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – «Толағай» ертегісіндегі Толағай бейнесіне талдау жүргізу, жырдағы патриоттық сезімдерді саналарына дарыту, бейнелі сөздерге көңілдерін аударып, шығармашылыққа деген ынталарын арттырып, білімдерін тереңдету; **дамытушылық** – «Толағай» ертегісіндегі асыл сөз айшықтары арқылы ойлау, шығармашылық қабілетін, тіл байлығын дамыту, ұтқырлыққа баулу; **тәрбиелік** – оқушыларға туған жерін сүйуге, эстетикалық сезімін оятуға, ана тілін ардақтауға, халқының тәуелсіздігін сақтауға, оны қорғай білуге және жыр кейіпкерлері арқылы адал достыққа,

бауырластыққа тәрбиелеу. Ойын арқылы тапқырлық қасиеттерін қалыптастыру.

Түрі: бекіту сабағы. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, мақал-мәтелдер. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, ой қозғау, шығармашылық қабілетін арттыру.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) Оқушылармен амандасу;
- ә) Оқушылар назарын сабаққа аудару.

«Бақытты сәт» ойыны. Құрал-жабдығы: шарлар салынған қапшық немесе кішкене қоржын, секундомер, ортақ бағалау парағы, фишкалар.

II. Үй тапсырмасы: әр топқа 2 сұрақтан.

Конкурс тапсырмалары.

Жауап үлгілері.

III. Ойынның жүру барысы.

Сынып 2 топқа бөлінеді. Әр топтың өз капитаны және атауы болады.

1-топ – «Жігер». 2-топ – «Ақыл».

I кезең – «Бой сергіту». 10 сұрақ «Жігер» тобы:

1. Ертегідегі оқиға қанша жыл бұрын, қай жерде болған?
2. Толағайдың ата-анасы кімдер?
3. Толағайдың анасын ақын неге теңеген?
4. Толағайдың есімін кім қойды?
5. Толағайдың қабырғасы неге қайысты?
6. Садақты неше жасында атты?
7. Толағай әкесімен қайда барды?
8. Оларға не кездесті?
9. Әкесі Толағайды не себепті ерте оятпады?
10. Толағай әкесін жолбарыстан қалай құтқарды?

«Ақыл» тобы:

1. Ел басына қандай күн туды?
2. Ел басына төнген ауыр күнді Толағай қалай шешпекші болды?
3. Толағай анасына еркелей отырып қандай сауал қойды?

4. Толағай Тарбағатай тауларының қандай әсем дүниелерін құшағына сыйдырып алып келді?

5. Толағай қандай күш жұмсады?

6. Халықтың қуанышы.

7. Толағайдың бұл дүниемен қоштасуы.

8. Толағай қалай өсті?

9. Толағайға мінездеме.

10. Толағай есімі жадымызда ма?

II кезең – «Қоржыннан шыққан басқатырғылар».

«Жігер» тобына:

1. Ерлік туралы мақал-мәтел айт.

2. Мәтіннен синоним сөздерді теріп жаз.

3. Кендебай мен Толағай ертегісін салыстыр.

«Ақыл» тобына:

1. Мәтіннен тұрақты тіркесін тауып жаз.

2. «Толағай» ертегісінің жазылуына не арқау болды?

3. Әдеби ертегі мен ертегілердің ерекшелігіне тоқтал.

III кезең – «Жұмбақтас». Кім жылдам?

1. Мәтіннен ана мен баланың әңгімелескен диалогын тауып оқы.

2. Мәтіннен кейіптеуді тап.

3. Әдеби ертегі деген не?

4. Сен қандай әдеби ертегіні білесің?

5. Толағай есіміне байланысты қандай бағдарламаларды білесің?

IV кезең – «Сен маған, мен саған». Сөзжұмбақ.

V кезең – «Көсемдікке ұмтылу». Шығармашылық жұмыс.

«Егер мен батыр болсам...» ойтолғау.

«Синквейн» 5 жолды өлең.

«Әдебиет лотосы» ойыны.

VI. Бағалау парағы.

VII. Үйге тапсырма: «Толағайдың ерлігі» атты шағын шығарма жазу. Ертегіден өзіңе ұнаған жердің суретін салу.

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Гайһар ШАРШЫБАЕВА,

«Абай» атындағы орта

мектептің мұғалімі.

Алматы облысы,

Нарынқол ауданы,

Сүмбе ауылы.

ЖИНАҚТЫҚ САН ЕСІМ

(6-сынып)

Мақсаты: а) оқушыларға сан есімнің мағыналық түрі – жинақтық сан есім туралы түсіндіру; ә) тапсырмалар арқылы сауаттылыққа, жылдамдыққа, патриоттыққа тәрбиелеу; б) тіл байлығын, сабаққа қызығушылығын, есте сақтауын дамыту.

Түрі: аралас сабақ. **Типі:** СТО. **Әдісі:** СТО технологиясының стратегиялары. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта.

Күтілетін нәтиже:

а) жинақтық сан есім туралы біледі;

ә) сан есімнің басқа түрлерінен ажырата алады;

б) жинақтық сан есімнің жасалу жолы мен емлесін біледі.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру: оқушылармен сәлемдесу.

Қызығушылығын ояту: Кеспе қағаздағы сөздер арқылы топқа бөлу.

1-топ «жеті қазына», 2-топ «жеті күн», 3-топ «жеті ата».

Оқушылардан жеті санының қасиеті туралы сұрау.

Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

- Бүгін біздің 7 топқа бөлінуіміздің себебі, 1-7 санына дейінгі жинақталған түрі жинақтық сан есім туралы танысамыз.

2. Мағынаны таныту: ой ашар.

- Қазақ тілінде неше сөз табы бар?
- Қайсысымен таныстық?
- Сан есім дегеніміз не?
- Сан есім мағынаға қарай нешеге бөлінеді?
- Есептік, реттік сан есім дегеніміз не?

Есептік сан есім	Жинақтық сан есім	Мысалдары
Бір	-ау,-еу	Бір-еу
Екі		Ек(і)-еу
Үш		Үш-еу
Төрт		Төрт-еу
Бес		Бес-еу
Алты		Алт(ы)-ау
Жеті		Жет(і)-еу

«Топтастыру» стратегиясы.



1-тапсырма. 1-топ: 146-жаттығу, 2-топ: 148-жаттығу, 3-топ: 149-жаттығу.

2-тапсырма. Графикалық диктант (интерактивті тақтадан сематикалық карта орындалуы).

3-тапсырма. 1-топ: «Біздің сынып» тақырыбына хабарлама дайындау, 2-топ: «Санға байланысты» әндер, 3-топ: «Менің Тәуелсіз Отаным» тақырыбына диалог.

«Үш қадамды сұхбат» стратегиясы арқылы бүгінгі сабақ бойынша топтар айналдыра сұрақ қояды.

3. Ойтолғаныс: «Сан есімнің патшалығы» тақырыбына ертегі жазу.

Сабақты қорытындылау. Бағалау.

Үйге: 147-жаттығу. Ереже жаттау.

Рефлексия (оқушы жазып қалдырады).



Шынарғұл САҒЫНДЫҚҚЫЗЫ,
Павлодар қаласындағы
Қалижан Бекқожин атындағы
№12 жалпы орта білім беретін
мектептің мұғалімі.

СЫН ЕСІМНІҢ АЙТАРЫ МОЛ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың сын есімнен алған білімдерін нығайту, тиянақтау, бір жүйеге келтіріп қорыту, теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру; **дамытушылық** – оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық, танымдық қабілеттерін дамыту, шығармашылыққа баулу, өз ойын тиянақты жеткізуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – ана тілінің заңдылықтарын сүйе білуге үйрету, пәнге деген қызығушылығын ояту, оқушыларды адамгершілікке, ізеттілікке, әдептілікке тәрбиелеу.

Түрі: қайталау сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, деңгейлік тапсырмалар, кәртішкемен жұмыс, талдау, практикалық, проблемалық жағдаят, қайталау, іздендіру, шығармашылық жұмыс. **Көрнекілігі:** кестелер, сөзжұмбақ, сызбалар, кәртішкелер, сурет.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: а) оқушылармен амандасу, түгелдеу; ә) психологиялық дайындық.

- Қазір сендер бір-бірлеріңе есімдеріңнің бірінші әріпінен басталатын мінездеріңе байланысты жақсылық сөзін сабаққа ұран етіп айтасыңдар.

Қабылжан, сен қабілеттісің.
Аңсат, сен алғырсың.
Әсем, сен әсемсің.
Бауыржан, сен білімдісің.
Айдын, сен айбаттысың.
Даниял, сен дарындысың.
Айлаза, сен аяулысың.
Дінмұхаммед, сен досшылсың.
Ұлфат, сен ұқыптысың.
Ізбасар, сен ізденімпазсың.
Әбілмансұр, сен әйгілісің.
Шыңғыс, сен шыдамдысың.
Рамазан, сен рақымшылсың.
Рахат, сен ризашылсың.
Руслан, сен рушылсың.
Индира, сен инабаттысың.
Альмира, сен ақкөңілсің.
Тамерлан, сен талаптысың.
Камила, сен көңілдісің.
Ерсін, сен ержүрексің.
Әсем, сен әдемісің.
Сәния, сен сымбаттысың.
Аяжан, сен ақылдысың.
Данияр, сен думаншылсың.
Осы айтқан қасиеттерің қандай сұраққа жауап береді?

(Қандай?)

Қай сөз табының сұрағы? (Сын есім)

- Ендеше, бүгін сабақта сын есімді қайталаймыз.

Оқушылар мақсатты өздері айтады.

- Бүгінгі сабағымыз бірнеше бөлімдерден құрастырылған, әр бөлімде үш дәрежелі деңгейлік тапсырмалар бар.

II. «Тапқырлар аялдамасы» (Проектор)


Ұяшықтармен жұмыс, ережені қайталау.

III. «Жауап тапқанға қолқа жоқ» (Проектор)

III деңгей – негізгі, туынды сын есімдерді екі топқа бөліп жазу.

Үлкен, аласа, желсіз, жеңіл, еріншек, жүзгіш, тебеген, мықты, жіңішке, сұлу, тұсаулы, көтеріңкі, көк, қатты, түнгі, ұнамды.

II деңгей – Бір зат есімге бес сын есім жазу.



I деңгей – берілген мақалдардағы көп нүктенің орынына лайықты сын есімдерді қойып, орыс, ағылшын тілдеріне аудар.

1. Өнер алды ... тіл.
2. ... қыз – жағадағы құндыз.
3. ... жігіт жол бастар.
4. ... адамды жақынға санама.
5. ... еңбектен ... нан.

IV. «Сұраймын, жауап бер». Әр оқушыға кесте тарату.

III деңгей – графикалық диктант, яғни, сын есім мен зат есімдерді сәйкестендіру.

Жазғы	Оқушы
Сары	Ырым
Ауыр	Бала
Биік	Дауыс
Жаман	Балапан
Әдепті	Адам
Көтеріңкі	Жүк
Білімді	Сөз

Қабілетті Актёр
Түйінді Үй
Дарынды Демалыс

II деңгей – ойын: бір сөзбен айтқанда қандай адам?

1. Қиыстырып, тауып сөйлейтін адам? (Шешен, тапқыр)
2. Айтқанға сене салатын, еш нәрсені байқамайтын адам?

(Аңқау, ашық ауыз)

3. Тез ашуланатын адам? (Ашушаң)
4. Көрінгенге соқтыға беретін адам? (Тентек, сотқар)
5. Ертең орындаймын, кейін жазамын дейтін адам?

(Жалқау, еріншек)

6. Әркімнің сыртынан жаман сөз айтып жүретін адам? (Өсекші)

7. Көп білетін адам? (Білімді)

8. Жан аямай көп жұмыс істейтін адам? (Еңбексүйгіш, еңбекқор)

9. Көп сөйлейтін адам? (Мылжың, көкезу)

I деңгей – семантикалық картаны толтыру. Жұппен жұмыс. Бір партаға біреуден беру.

Сын есім	Дара	Күрделі	Сапалық	Қатыстық
Жеңімпаз	+			+
Қымбат	+		+	
Сыншыл	+			+
Шұбар ала		+	+	
Балалы-шағалы		+		+
Үлгілі	+			+
Биіктеу	+		+	
Әдеби	+			+
Апалы-сіңлілі		+		+
Қызыл-жасыл		+	+	

V. «Жалғастыр».

III деңгей – туынды сын есімдермен сөйлемдер құрастыру.

Еріншек, қабаған, түнгі, атақты, ұмытшақ, қарулы.

II деңгей – Сөзжұмбақ шешу. Мына төркөздерді сын есімдермен толтыр. (Проектор)

		С	А	Л	М	А	Қ	Т	Ы
Т	У	Ы	Н	Д	Ы				
		Н	У	Л	Ы				

		Ә	Д	Е	П	Т	І
		С	А	Р	Ы		
Ә	Д	Е	М	І			
		М	Ы	Қ	Т	Ы	

I деңгей – Сатылай кешенді сын есімге талдау жасау.

Қайратты, шұбар ала.

VI. «Шығармашылық жұмыс» (Проекторда суретті көрсету).

Сын есімдерді қатыстырып, мини шығарма немесе бір шумақ өлең шығару.

VII. Бекіту. Тест сұрақтары. Әр оқушы көршісімен ауыстырып тексереді. (Жауаптарын тақтаның артына жазып қою).

1. Сын есім:

А) заттың санын білдіреді;

Ә) заттың атын білдіреді;

Б) заттың сапасын білдіреді.

2. Сапалық сын есімді тап:

А) қызыл; Ә) білгіш;

Б) ашушаң.

3. Сын есімнің сұрақтары:

А) не істеді? Ә) қандай? қай?

Б) қанша? неше?

4. Туынды сын есімді тап:

А) жылтыр; Ә) тәртіпті;

Б) биік.

5. Негізгі сын есімді тап:

А) таза; Ә) әлсіз;

Б) кешкі.

6. Қатыстық сын есімді тап:

- А) заңғар; Ә) ымырт;
Б) өнегелі.

7. Дара сын есімді тап:

- А) тап-таза; Ә) ақ;
Б) өте жақсы.

Көршілерімен алмасып тексеру.

VIII. Үйге тапсырма.

I нұсқа: 154-жаттығу. II нұсқа: 155-жаттығу.

IX. Бағалау. Оқушылар көршілеріне баға қойып, стикерді суретке сәйкес жабыстырады.



Гүлмира АҚМАҒАНБЕТОВА,
№85 орта мектептің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Қармақшы ауданы,
Төретап кенті.

БАСТАУЫШТАН КЕЙІН ҚОЙЫЛАТЫН СЫЗЫҚША

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушыларға сызықшаның қойылу ерекшеліктерін меңгерту, үтірден ажырата білуге жаттықтыру.
Міндеттері: білімділік – оқушыларға сызықшаның қандай орындарда, не үшін қойылатынын, оны қою үшін қандай тілдік белгілерді білу қажеттігін меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың өз бетінше іздену, алған білімдерін жүйелеп,

қажет жерінде қолдана алу дағдысын жетілдіру, ойлау қабілетін арттыруға ықпал ету, сөйлеу және баяндау машығын дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды ізденімпаздыққа, шығармашылыққа, өз ойын еркін айта білуге, адамгершілік қасиеттерге баулып, дүниетаным шеңберін кеңейту.

Типі: жаңа білімді меңгерту. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, талдау, салыстыру. **Көрнекілігі:** Астана туралы слайдтар, семантикалық карта. **Техникалық жабдығы:** интербелсенді тақта. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, география.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу;
ә) сабаққа даярлықтарын тексеріп, зейіндерін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Үйге берілген 197-жаттығуды тексеру.

III. Өткен тақырыпты пысықтау.

Сұрақ-жауап:

- Нүктелі үтір туралы не білеміз?
- Нүктелі үтір қандай жағдайларда қолданылады?
Мысалдар келтіріп, талдау жұмысын жүргізу.

IV. Жаңа сабақ.

Интербелсенді тақтадан сөйлемдерді көрсетіп, талдау жұмысын жүргізу.

Талдау:

Сөйлемдердің тыныс белгісін қойғызып, қойылу себебіне назар аударту.

Жастар – біздің болашағымыз.

Үшеудің шеткісі – балалар тәрбиешісі.

Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза.

Ата-ананың тілегі – тек қана бала бақыты.

Екі жерде екі – төрт.

Бұл – біздің ауыл.

Эльмира САҒЫНДЫҚОВА,
№21 орта мектептің мұғалімі,
Маңғыстау облысы,
Жаңаөзен қаласы.

ШАРТТЫ БАҒЫНЫҢҚЫЛЫ САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – шартты бағыныңқы сабақтас сөйлемдерден алған теориялық білімдерін практикада қолдану, ауызша, жазбаша талдау жұмыстарын жүргізе отырып, білімдерін арттыру; **дамытушылық** – ойлау қабілеттерін, қиялдарын дамыту, ой қорытып, нақты шешім жасауға үйретіп, өздеріне деген сенімдерін арттыру; **тәрбиелік** – сауатты жазуға, ұқыптылыққа баулу, топпен жұмыс жасап, бір-бірін тыңдай білуге үйрету, сөйлеу мәдениеттерін қалыптастыру.

Типі: жаңа білімді игерту. **Түрі:** дәстүрлі емес. **Әдісі:** модульді оқыту технологиясының элементтері. **Көрнекілігі:** кеспе қағаздары, бағалау жетондары. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, орыс тілі.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: 1) сәлемдесу; 2) оқушылардың қатынасын тексеру; 3) психологиялық сәт.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. «Аукцион» ойыны. Сабақтың мақсаты: оқушылардың білім, білік дағдыларын тексеру.

Ойынның сұрақтары:

1. Сөйлем дегеніміз не?
2. Айтылу мақсатына қарай сөйлемдер нешеге бөлінеді?
3. Сөйлем құрамына қарай нешеге бөлінеді?

Арманым – мектепті жақсы бітіру.

Менің білгенім – осы.

Түсіндіру:

Сызықша – тыныс белгісі. Оның қойылу себептері. Бастауыштан кейін қандай жағдайда сызықша қойылатынына тоқталу.

V. Білімді бекіту. Оқулықпен жұмыс. 198-жаттығу.

Тақтамен жұмыс. 199-жаттығу. Сөйлемнен бастауыш пен баяндауышты табу, қажет болса, сызықша қойып көшіру.

200-жаттығу. Сөйлемдерді тиісті жеріне сызықша қойып, көшіріп жазу.

Шығармашылық жұмыс. Астана туралы слайдтар көрсету. «Астана – ХХІ ғасыр қаласы» тақырыбында ойтолғау жазғызу.

VI. Сабақты қорыту. Семантикалық картамен жұмыс.

Әр оқушыға таратылып беріледі.

Сөйлемдер	үгір	сызықша
Өнер, білім * бәрі де Оқуменен табылған.		+
«Өткірдің жүзі * кестенің бізі өрнегін сендей сала алмас»	+	
Абай * өз заманының жаршысы		+
Бірі * ағаш кесу құралы, Бірі * шырғанды бал бұлағы.		+
Үлкенге * құрмет, кішіге * ізет.		+

VII. Бағалау.

VIII. Үйге тапсырма: «Абайды білемін бе?» деген тақырыпта ойтолғау жазу.

4. Жай сөйлем дегеніміз қандай сөйлем?
5. Құрмалас сөйлем дегеніміз қандай сөйлем?
6. Құрмалас сөйлем құрамына қарай нешеге бөлінеді?
7. Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз қандай сөйлем?
8. Салаластың құрамындағы сөйлемдер қалай байланысады?
9. Салалас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлері нешеу? (атаңыз)

10. Сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз қандай сөйлем?
11. Сабақтас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдерді қалай атаймыз?
12. Сабақтас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлері нешеу? (атаңыз)
13. Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің неше түрі бар?
14. Салалас құрмалас пен сабақтас құрмаластың айырмашылығы неде?

2. Үйге берілген тапсырманы тексеру. Өткен сабақты қорытындылау.

III. Жаңа сабақ.

Бүгінгі жаңа сабақта не білуіміз керек?

1. Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас жасалу жолдарын;
2. Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің ережесін.

Бүгінгі сабақта не үйренуіміз керек?

1. Сабақтас құрмаластың түрлерін ажырата білу;
2. Сөздерге дұрыс сұрақ қою арқылы сөйлем мүшелеріне талдау.

1. Жаңа сабақты түсіндіру.

Кесте арқылы, кестедегі мысалдарды түсіндіру, талдату арқылы шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу жолын оқушыларға түсіндіру.



Шартты рай	Көсемше		Есімше
-са, -се	-ма+й, -ме+й, -па+й, -пе+й, -ба+й, -бе+й	-майынша, -мейінше, -пайынша, -пейінше, -байынша, -бейінше.	-ған+да, -ген+де, -қан+да, -кен+де.
Егер Тектігүл осы дерттен қаза болса, қалжа берген айыпты кісі құнына да жығынды «кұныкер» болар еді.	Бақтыгүл әлі үндемей, көбінше танданумен отыр.	Сабақ оқымайынша, бес алмайсың.	Дөң жайлаудың кер белеңіне өрмелеп келе жатқанда, Бақтыгүлдың бойына тың қайрат жиналды.

2. Оқулықпен жұмыс.

123-жаттығу. Берілген сөйлемдердің сұрақтарын қойып, баяндауыштарының жасалу жолдарын кестеге қарап түсіндіріңдер /сатылай талдау жаса/.

1. Сөз жүйесін тапса, мал иесін табар. 2. Жарлы болар жігіт байталын атқа айырбастаса, жалғыз болар жігіт ағайынын жатқа айырбастайды. 3. Жаңа жұмысшыларға техника қатерсіздігін ұғындырмайынша, шахтаға жіберуге тыйым салған.

124-жаттығу. Берілген шартты бағыныңқылы сөйлемдердің сыңарларының баяндауыштарын кестеде көрсетілген жолдармен жасап көріңдер де, байқағандарыңды түйіндендер.

1. Бұл – французша күрес, екі жауырынның арасын жерге тигізбейінше, жыққанға есептелмейді.

2. Алдына бір қарасаң, артыңа бес қара.

3. Егер жау берілмесе, оны құрттар болар.

4. Ат өнері білінбес, бәйгеге түсіп жарыспай.

3. «Алгоритм» ойыны. Ойынның мақсаты: оқушылардың сөздік қорын байыту, шығармашылық, ізденіске жетелеу, танымдық қабілеттерін дамыту.

Ойынның шарты: оқушылар топқа бөлінеді. Тапсырмалар жазбаша формада орындалады.

III деңгей: Берілген сөйлемдерден салалас құрмаласты бір бөлек, сабақтас құрмаласты бір бөлек теріп жазыңдар.

1. Ақылды көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра (салалас, себеп-салдар). 2. Бәйгеге түсіп жарыспай, ат өнері білінбес (сабақтас, шартты). 3. Күн сайын бір жаңалық болады, бірақ оған ешкім таңданбайды (салалас, қарсылықты). 4. Оған сөз бергенмен, ертеңіне уәделі жерге келмеді (сабақтас, қарсылықты).

II деңгей: Сөйлемдерді қазақ тіліне аударындар.

Если идет снег, дети радуются (Қар жауса, балалар қуанады). Если постарюсь, я все сделаю (Егер мен тырыссам, бәрін жасаймын). Если увидим их завтра, скажем (Ертең оларды көрсек, айтайық). Если хотите, идите (Барғыңыз келсе, барыңыз).

I деңгей: Мына сөйлемдерді толықтырындар.

Күн ашық болса, _____. Жаңбыр жауса, _____. Ағылшын тілін үйренбейінше, _____. Оқушылар толық жиналмай, _____.

IV. Бекіту.

Тест. Тесттің мақсаты: сабақтас құрмалас сөйлемнің бір түрі шартты бағыныңқылы сөйлемді қаншалықты меңгергендерін тексеру.

1. Құрамындағы жай сөйлемдердің біріншісі екіншісіндегі істің жүзеге асуына аспау шартын білдіретін құрмаласты дейміз (шартты бағыныңқылы).

2. Бағыныңқының баяндауышы неден жасалған?

Жақсы оқымайынша, емтиханды жақсы тапсыра алмайсындар.

А) Шартты рай; Ә) Көсемше; Б) Есімше.

3. Сабақтас құрмалас сөйлем мағынасына қарай 6 түрге бөлінеді:

а) Иә; ә) Жоқ.

4. Жұрнақтарды сәйкестендір:

1. -са, -се; А) Есімше;

2. -ма+ й, -ме+й. Ә) Шартты рай;

-майынша, -мейінше

3. -ған+да, -ген+де

Б) Көсемше.

-қан+да, -ген+де

5. Жалғыз жүріп жол, көппен бірге адас. (тапқанша)

6. Сызбаны толықтыр

Құрмалас сөйлем



(салалас, сабақтас, аралас)

7. Мақалды толықтыр. Бірлік болмай,.....

А) достық болмас; Ә) тыныштық болмас;

Б) тірлік болмас.

V. Үйге тапсырма: 127, 128-жаттығулар.

VI. Бағалау.

VII. Рефлексия.



Нұрилла ОМАРОВА,
Қызылорда қаласындағы
№136 Т.Жүргенов атындағы
мектеп-лицейдің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АСЫЛ СӨЗ ӨНЕРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға сөз құдіреті, әдеби сөйлеу, әдебиеттің оқырман алдында алатын орнына жайлы түсінік беру; **дамытушылық** – ой-өрісін, ойлау белсенділігін, сөйлеу шеберлігі, тіл мәдениетін дамыту, шығармашылыққа баулу; **тәрбиелік** – оқушыларды елін, жерін, Отанын қадірлей білуге, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, тәрбиелеу.

Түрі: кіріспе сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, суреттеу, салыстыру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, бекіту, қорытындылау, бағалау. **Көрнекілігі:** көркем әдебиеттер, бүктемелер, рефераттар, бейнелі суреттер. **Формалары:** жеке баламен, топпен, сынып ұжымымен жұмыс жүргізу. **Типтері:** ұйымдастыру кезеңі, жаңа сабақты түсіндіру, бекіту, қорытындылау.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру кезеңі:

«Көш бастау қиын емес,

Қонатын жерде су болса.

Көл бастау қиын емес,

Шабатын жерде жау болса.

Шаршы топта сөз бастау қиын

Шешуін адам таппас дау бар».

Үйге көркем әдебиет шығармаларын оқуға берілген.

Жаңа сабақ.

Ата-бабаларымыздың бізге берген еншісі, қалдырған аманаты – асыл сөздері. Осы асыл сөздерін оқып, одан өнеге алу – әрқайсысымыздың парызымыз. Сондықтан да бүгінгі сабағымызда тіл білімі мен қазақ әдебиеті сабағынан алған білімдерімізді ортаға саламыз.

Асыл сөзді іздесең

Абайды оқы, ерінбе.

Адамдықты көздесең

Жаттап оқы көңілге,- деп Сұлтанмахмұт ағамыз жырлағандай, Абай өлеңдерін, қазақ халқының сырлы да сұлу сөздерін оқып, көңілімізге тоқиық.

а) Бүгінгі жаңа сабақта оқушыларға сөз құдіреті, әдебиет пәнінің өзгешеліктері, шығармалар тарихы жайлы түсіндіремін.

- Балалар! Сендер сыныптан сыныпқа аттаған сайын сөз өнерінің тылсым сырына еніп келе жатырсыңдар. Әдебиет оқулығы – бұл орайда сендерге бағыт-бағдар сілтеп, кеңесші болатын көшбасшы пән. Байқап отырғандарындай, жыл сайын сендерге ұсынылатын шығармалардың ауқымы да ұлғайып, түр-сипаты да күрделеніп келеді. Сонымен бірге сендер

оқулық материалдарымен ғана шектеліп қалмай, өздеріне ұнаған шығармаларды іздеп жүріп құмарта оқып жүрген де боларсыңдар. Көркем әдебиетпен шынайы достасқан адам өзіне мәңгілік ақылшы дос тапқандай, бар ынтасымен кітапқа беріледі. Ол бейне бір сиқырлап алғандай өз құдіретіне табынта тарта береді. Оның әсер-қуаты шексіз де шалқар...

Өлең оқыған кезде сендер ерекше елітіп, көркем де көрікті әлемге енесіңдер, ақынның жүрек лүпілімен бірге толқып, дәл бір өз көкейлерінде сыр шертіліп жатқандай әсерленесіңдер; жақсыға сүйініп, жаманға күйінесіңдер; сөзбен салынған суретті көзбен көргендей тәнті боласыңдар; ақынның арман-мұңы ел мұратымен ұласып, қиялдарыңа қанат бітіреді. Көкіректерінде өзің оқып түйсінген, өзіңе ғана таныс ғажайып әлем пайда болады. Одан алатын әсерді қуатты қарапайым тілмен жеткізудің өзі қиын.

Ал небір қызғылықты, шытырман, тарихи оқиғаларға құрылған әңгіме, повесть, романдарды оқығандағы әсерлерің ше? Бар дүниені ұмытып, сол оқиғалардың ішінде жүргендей етенеараласып кетпейсіңдерме? Өздеріңмен пікірі, ой дүниесі, іс-әрекеті үйлесетін сырлас достар табасыңдар, олардың жақсылықтарына қуанып, ағаттықтарына қапаланасыңдар. Сол сияқты бар болмыс-бітімімен жиіркендіретін жағымсыз бейнелермен де жүздесіп, олардың әрбір әрекетіне іштей күресе бастайсыңдар. Жақсылық пен жамандықтың мәңгілік күресіне құрылған тіршіліктің жанды суреттерінен тұратын көркем әдебиет күрделі табиғатымен сендерді бірде күлдіріп, бірде жылата отырып, өмірді өнер арқылы тануға баурайды.

Көркем әдебиет үгіт-насихат айтпайды, неден жерініп, неден ғибраттану жөнінде нұсқау да бермейді; ол өмірдің мөлдіреген жанды көрінісін сендердің алдарыңа жайып салады да, одан алатын тағылымды әркімнің өз талғам-таразысына қалдырады. Көркем әдебиеттің құдіреттілігі де осында. Осы құдіретімен ол өнердің барлық түрінен жоғары тұрады.

Мәселен, сәулет, сурет, мүсін өнерлерінің туындыларын тамашалап, көз сүйсіндіруге болады. Немесе музыка

өнерінің небір ғажап шығармаларын тыңдап, сезім күйіне бөленесіңдер. Бұлардың барлығы да өнер туындылары, барлығы да өзінше күдіретті. Бірақ олардың ешқайсысы сөз өнеріндегі өмірдің толыққанды көркем бейнесін сомдай алмайды. Сөз күдіреті арқылы сендер небір тамылжыған табиғат суретін, келісті тұлғаны, әсем ғимаратты көз алдарыңа елестете аласыңдар, ән мен күйдің әуені құлақтарыңда тұрғандай сезімге де бөленесіңдер. Тарихтың терең қойнауына саяхат жасап, өткен бабалар ғұмырына қанығып, бүгінгі замандастарыңның тыныс-тіршілігіне үңіліп, арман-мұңын бөлісе аласыңдар.

Суретші өз ойын бояу арқылы құбылта жеткізсе, сазгер әуен арқылы сезім қылын шертеді. Әдебиетте мұның барлығы тілдің күдіреті арқылы жасалады. Тіл – көркем әдебиеттің бірінші құралы. Тіл болғанда, ол – шешен тіл, әсем де әсерлі көркем тіл. Тілдің мұндай күдіретін сарқа пайдалану тек талантты ақын-жазушылардың ғана талайына жазылған. Сондықтан халық ондай асыл сөзді ерекше құрметтеп, қадір тұтады, ұрпақтан ұрпаққа өнеге етеді. Әрине, дарынды сөздің көркем әдебиетке айналуының өзіндік қыр-сыры, ішкі заңдылықтары болады. Көркем әдебиетті басқа ғылыми әдебиеттерден, тіпті оған бір табан жақын келетін пән - тарихтан да өзгешелейтін сипаттары бар. Әдебиет тарихи оқиғалардың жылнамасы да емес, өмірдің немесе әлдекімнің басынан өткен шытырман оқиғаның көшірмесі де емес. Ол – өмір шындығының қаламгер жазушы қиялымен, дүниетанымымен байытылған көркем суреті. Жазушы өмірде болған қандай тарихи оқиғаны суреттемесін, оны, ең алдымен, өз ой елегінен өткізеді, олардың ең басты сипаттарын анықтап, өз пайым-парасатының көрігіне сала отырып, қайта қорытады, жаңа мән-мағына үстейді, көркемдік нәр береді, сөйтіп, оқырманға ұсынатын дүниесінің мазмұны мен көркі астасқан жанды бейнесін жасайды. Былайша айтқанда, шындықты образ арқылы бедерлейді. Яғни, көркем әдебиеттегі өмір суреті, адам келбеті – көркем бейне (образ) арқылы сомдалады. Көркем бейне жасауда суреткер әрқилы тәсілдерді

қолданады. Оны әдебиеттану ғылымы зерделейді. Оқулықтағы материалдармен таныса отырып, сендер әдеби-теориялық ұғымдар жөнінде (әсірелеу, шендестіру, өлең, әңгіме, повесть, баллада, т.б.) алғашқы мағлұмат аласыңдар. Бұлар сендерге көркем әдебиетті тереңірек түсініп, байыптай ұғынуға жолбасшы болады.

Нағыз көркем әдебиетті тума дарын, қас шебер, сөз зергері туғызады. Шынайы дарын – ілуде біреудің ғана маңдайына жазылатын тәңірдің сыйы. Жазушы дарыны өз халқының ұлттық мәдениетінің нәріне суарылып, ана тілінің кәусарынан сусындап, еңбекпен шыңдалып барып кемелденеді. Оқырман жүрегіне жол тауып, халық көңіліне мәңгіге ұялайтын болады. Қуатты ой, өрнекті тілден бас құраған құнарлы өнер шытырмаларын ел мәңгіге есінде ұстап, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп жеткізіп отырған. Сендерді сол асыл сөз әлемі шақырады.

Міне осылайша асыл сөз жайлы айтып болған соң мынадай тапсырма беремін:

Дәптермен жұмыс.

1.Өздерің оқыған шығармадан алған әсерлерің жөнінде әңгімелендер. Ондағы суреттелген оқиғаларды күнделікті өмірмен салыстырыңдар.

2. Әдебиеттен алған әсерлеріңді сурет, музыка шығармаларымен салыстырыңдар.

3. Жазғы демалыс кезінде оқыған шығармаларыңның кейіпкерлері жөнінде әңгімелендер, олар саған несімен ұнады?

4. Оқыған шығармаларыңда қандай жаңа сөздер мен сөз тіркестерін кездестірдіңдер? Өздеріңе ұнаған шумақтарды, суреттеулерді көшіріп жазып, жаттап алыңдар.

5. «Өнер алды – қызыл тіл» дегенді қалай түсінетіндеріңді өз сөздеріңмен баяндаңдар.

Топпен жұмыс.

Аталар сөзі – ұрпаққа аманат. Би-шешендердің сөздерінен үзінділерді жатқа айтады.

«Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні». Сөз өнері, тіл туралы мақал-мәтел айтады.

«Болмасаң да, ұқсап бақ...» Топқа би-шешендердің сөздері таратылады, соны рөлге бөліп оқиды.

Менің пікірім.

Оқушылар сұрақтарды алып, өз пікірлерін білдіреді.

1. Сөйлеу мәдениеті дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Сыныпта кім қалай сөйлейді?
3. Мектепте сөйлеу мәдениеті жақсы қалыптасқан оқушы бар ма?
4. Ауылда кімді тілге шешен, жақсы сөйлейді деп ойлайсың?

Бес жолды тұжырым.

Қандай сөздер? Шешендік сөздер

Неге жағады? Сөз өнеріне

Кімдер айтады? Ақындар, би-шешендер

Кімге аманат? Ұрпаққа аманат

Би-шешеннің айтқаны? Соңғы шешім.

Әр топқа кесте таратылады, кестені толтыру:

Не түсіндің? Нені өзіңе тоқыдың? Нені білгің келеді?

Сабақты қорытындылау.

Сабақ соңында сұрақ қою арқылы жаңа тақырыпты қорытындылаймын.

Үйге тапсырма: Жазғы демалыста оқыған шығармаларыңның біріне талдау жасап, жазып келіңдер.

Жұмыс дәптері.

1. Өздерің оқыған шығармадан алған әсерлерің жөнінде әңгімелендер. Ондағы суреттелген оқиғаларды күнделікті өмірмен салыстырыңдар.

2. Әдебиеттен алған әсерлеріңді сурет, музыка шығармаларымен салыстырыңдар.

3. Жазғы демалыс кезінде оқыған шығармаларыңның кейіпкерлері жөнінде әңгімелендер, олар саған несімен ұнады? -----

4. Оқыған шығармаларыңда қандай жаңа сөздер мен сөз тіркестерін кездестірдіңдер? Өздеріңе ұнаған шумақтарды, суреттеулерді көшіріп жазып, жаттап алыңдар. -----



Жаңылсын ҚУАНЖАНОВА,
Қ.Жұбанов атындағы
орта мектептің мұғалімі.

Ақтөбе облысы,
Мұғалжар ауданы,
Жұрын ауылы.

Т.ӘЛІМҚҰЛОВ. **«ҚАРАОЙ» ӘҢГІМЕСІ**

Мақсаты: Т.Әлімқұлов әңгімесінің тереңіне бойлау арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, адалдыққа, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу. Әңгіме идеясын түсініп, бағалай білу. Айшықты тілмен шебер сөйлеуге, бірін-бірі тыңдап, ой қорыта білуге, өз пікірін дәлелдеуге, қорғай білуге төселдіру.

Пәнаралық байланыс: тарих, әлеуметтану.

1-топ: «Жақтаушы». Махамбеттің өліміне Ықылас кінәлі.

2-топ: «Даттаушы». Махамбеттің өліміне Ықылас кінәлі емес, Махамбеттің өзі кінәлі.

Төрешілер сайланады.

1-топ: «Жақтаушы». Кілт сөздері:

1. Ел үмітін ер ақтар.
 2. Жолдасы жақсы – жолды болар,
Жолдасы жаман – қолды болар.
 3. Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді.
- 2-топ: «Даттаушы». Кілт сөздері:
1. Екі көзіңнен басқаға сенбе.
 2. Басқа пәле тілден.
 3. Кішіпейілділік – кісі көркі.

Төрешілердің қорытындылау парақшасы

Бағалауда басшылыққа алуға тиісті жағдайлар	Ж 1	Д 1	Ж 2	Д 2	Ж 3	Д 3
1. Мысалдар: а) Талапқа сәйкестігі /0-3 ұпай/ ә) Логикалық жүйелілігі /0-4 ұпай/ б) Стилистикалық құрылымы /0-3 ұпай/.						
2. Мысалдарға тірек-логикалық негізі және дәлелдеуі а) көлемі /0-1 ұпай/ ә) жүйелілік /0-3 ұпай/ б) мысалдарға сәйкестігі /0-2 ұпай/ в) мақсатына қол жеткізуі /0-2ұпай/						
3. Дәлелдемесі: а) Логикалық негізге және мысалдарға сәйкестігі /0-1 ұпай/ ә) Қолданылған әдебиеттің құндылығы /0-1ұпай/						
4. Ұстанымы: өзін-өзі ұстауы /0-1 ұпай/ сыртқы түрі, келбеті /0-1ұпай/ сөйлеу мәдениеті /0-1ұпай/ мимика және қол қимылы /0-2 ұпай/ сөйлеудегі дауыс екпіні және айқындылығы /0-2 ұпай/ көрсермендерге тартымдылық сипаты /0-2ұпай/						

Қатысушылардың дәлелдеме парақшасы /төрешілер дебат барысында толтырып отырады/.

/Т.Әлімқұлов. «Достық. Шынайылық. Тағдыр».

№	Жақтаушы топ	Тайталас шешімі	Даттаушы топ	Тайталас шешімі
1.	Исентаева Айнагүл	Елің еміренсе, сен тебірен.	Досымова Нұргүл	Кішіпейілділік - кісі көркі.
2.	Дузмағанбетова Ақмарал	Адалдықтың құлы бол, Адамдықтың нұры бол.	Ершин Жанасат	Байлығыңа сенбе, байлығың бір күнде жоқ болар, Батырлығыңа сенбе, батырлығың бір-ақ оқ болар.
3.	Терекбаева Зарина	Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді.	Нұрғалиева Айзада	Сиыр мүйізінен байланады, Адам тіліне байланады.



Айгүл ҰМБЕТӘЛІ,
№190 орта мектептің мұғалімі.
 Қызылорда облысы,
 Қазалы ауданы,
 Ақтан батыр ауылы.

С.МӘУЛЕНОВ. «МЕНИҢ РЕСПУБЛИКАМ»

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларды Сырбай Мәуленовтің жыр әлемімен таныстыру, поэзияның тереңіне бойлату; **дамытушылық** – өлеңнің астарына, қыр-сырына мән беруге, идеясын түсініп бағалай білуге баулу, шығармашылыққа бейімдеу; **тәрбиелік** – оқушылардың туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Типі: жаңа сабақты игерту. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** ой шақыру, әңгімелеу, жинақтау, мәнерлеп оқу, талдау, т.б. **Көрнекілігі:** портрет, слайд, шығармалар жинағы. **Пәнаралық байланыс:** тарих, ән-әуез, қазақ тілі.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру. Оқушылардың ынтасын сабаққа аударып, назарын тақырыпқа бейімдеу.

2. Үй тапсырмасын сұрау:

Ж.Молдағалиев «Ар-ұят туралы». Өлеңнен үзінді жаттау. Өлең құрылысына талдау жасау. Ар-ұят туралы мақал-мәтелдер жазу.

3. Үй тапсырмасын қорыту:

- Ар-ұяты бар адам қандай болады?

4. Жаңа сабақ.

I. Қызығушылықты ояту:

- Балалар, С.Мәуленов туралы естулерің бар ма? Ол кім?

II. Мағынаны тану:

С.Мәуленов 1922 жылы Қостанай облысының Жангелдин ауданында туған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Көптеген жыр кітаптарының авторы. Қостанай облыстық «Большевиктік жол» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары болып қызмет істеп, журналист ретінде шыңдалады. Кейін Алматыға келіп, республикалық көркем әдебиет баспасында поэзия секциясында кеңесші ретінде әдебиет әлеміне аршындап араласты. С.Мәуленов ұзақ жылдар бойы «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз» журналының бас редакторы болып қызмет істеген кезінде әдебиеттің өркендеуіне, жалпы әдеби үдеріске игілікті ықпал етіп, болашағынан үміт күттіретін жас дарындарға қалтқысыз қамқорлық жасап отырды. Есімі туған еліне кең танылған дарынның өзбек және тәжік тілдерінде жыр жинақтары шықса, чех, венгр, испан, ағылшын, неміс, француз тілдеріне жекелеген шығармалары тәржімаланған. Орыс тілінде он шақты кітабы баспадан шықты.

«Менің Республикам» өлеңін мәнерлеп оқу.

- Балалар, өлеңде ақынның көңіл-күйі қалай берілген?

Пафос (грек сөзі-pathos) – зат. Өнер саңлақтарының ерекше шабыттанып, жігерленетін кезі, құлшыныс құштарлығы.

Метафора (грек сөзі – көшіру) – затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау.

Сөздік жұмысы:

Ұлан-байтақ – кең байтақ.

Ай мен Күнге жол ашқан – аспанда айдың, күннің еркін жүретін жолы.

Көкжиек – аспан мен жердің қиылысу сызығы.

Түскі аспан – ашық аспан.

5. Сабақты бекіту:

1-топ: «Менің Республикам» өлеңіне сатылай кешенді талдау.

2-топ: «Менің Республикам» сөзіне топтастыру.

3-топ: Туған ел, Отан тақырыбына мақал-мәтел жазу.

Өлеңге поэтикалық талдау жасау.

Өлең кестесі.

Тақырыбы: Туған еліміздің табиғатын тамсана жырлау.

Идеясы: Туған елге деген сүйіспеншілік сезімін орнықтыру.

Жанры: поэзия, өлең.

Шумақ саны: 3 шумақ.

Буын саны: 11 буын.

Бунағы: 3 бунақ.

Ұйқасы: а а б а қара өлең.

Көркемдік ерекшелігі: **Теңеу:** секілді бір түскі аспан, қызыл бұлттай. **Эпитет:** қызыл гүлдер, ашық күндер. **Кейіптеу:** теңізбен қол ұстасқан.

Оқушылар «Сүйікті Қазақстаным» тақырыбына берілген сөздердің көмегімен өлең шумақтарын құрайды.

- I топ:** _____ ойладым,
_____ тоймадым.
_____ мен балаң
_____ ойнадым.
- II топ:** _____ көркем едің,
_____ есейгенмін,
_____ туған елім
_____ көркейтемін
- III топ:** _____ жайнаған,
_____ қайнаған
_____ ұлымын,
_____ ойлаған.

III. Ой толғаныс.

1. Өлеңде тау, Күн, Ай, аспан, көк дала, теңіз қандай ұғымда қолданылған?

2. «Менің көгім – мөлдіреген сол аспан» деген өлең жолдарын қалай түсінесіңдер?

3. «Аспан көрсең Ай мен Күнге жол ашқан» деп ақын қандай ойды суреттеген?

- Балалар, біз тағы қандай өлеңді жоғары пафоста айтамыз? Ендеше барлығымыз Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайық.

Бағалау.

Үйге тапсырма: С.Мәуленов «Менің Республикам» өлеңін жаттау. Отансүйгіштік идеясын білдіретін өзге ақындардың өлеңдерін жаттау. Сурет салу.

АБАЙ ӘЛЕМІ

Сабақтың мақсаты: а) **білімділік** – Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын қорытып, алған білімдерін тексере отырып, оқушылардың танымын кеңейту, сөздік қорын молайту; ә) **дамытушылық** – Абайды жан-жақты оқып, білімін толықтыруға, ізденушілікке, зерттеушілікке бағыт беру, талдай білу дағдысын қалыптастыру, оқушының сөздік қорын молайту, ой-өрісін дамыту; б) **тәрбиелік** – ақынның сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, Абай өсиеттерінен нәр алғызу арқылы ақын армандаған толық адам тұлғасын қалыптастыру. **Көрнекілігі:** Абай портреті, оқулық, интерактивті тақта, кітап көрмесі, Абай шығармалары, Абай туралы жазылған даналар сөздері, тест, сөзжұмбақ. **Түрі:** кайталау, қорыту сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, іздену, зерттеу, талдау.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

II. Сабақтың мақсатын айтып ашу.

I. Міндетті деңгей.

1. Абай қандай ортада өскен? Оның халық әдебиетін сүйіп өсуіне кімдер себепкер болды? Абайдың өскен ортасы туралы әңгімелеп беріңдер. Абай қайда оқыды? Әкесіне ере жүріп, ол қандай істерге араласты?

2. Ақынның Шығыс пен Батыс және әлем әдебиетімен таныстығы қалай басталды? Абай алғашқы өлеңдерін ел ішіне кімнің атымен таратып жүрді?

3. Ақын ғылым, өнер-білім тақырыбына жазған өлеңдерінде ғылымға неліктен айырықша назар аударған? Ғылым қуған жастарға Әбдірахманды үлгі етуінің сыры неде? «Интернатта оқып жүр» өлеңінің негізгі идеясы не?

4. Абай неліктен «Қалың елім, қазағым» деп қинала сөйледі?

5. Ақынның достық пен махаббатқа арналған өлеңдерінің ішінен өздеріңе ұнағанын жаттап алыңдар.

6. Ақын аудармаларының өзіндік ерекшеліктері неде? Крылов мысалдарын аударуда ақын нені мақсат етті?

7. Абайдың табиғат лирикасының ерекшелік сипаттары қандай? Оның табиғатты суреттеудегі жаңаша ізденістері қай өлеңдерінен көрінеді?

8. Қазақ қоғамындағы әлеуметтік қайшылықтарға құрылған, табиғат лирикасына жататын ақын өлеңі қайсы? Осы өлеңді бүгінгі күн тұрғысынан қалай талдауға болады?

9. Абайдың сатиралық өлеңдерінде замана шындығы қалай ашылған? Ақын кім және не үшін күйзеледі?

II. Мүмкіндік деңгейі.

1. Абайдың қазақ өлеңінің құрылысына енгізген жаңалықтары неде? Абайдың «Қазақтың жазба әдебиеті тілінің негізін салушы» екенін дәлелдеп айтыңдар.

2. «Сөз тазалығына» деген Абайдың көзқарасы. Сендер қазіргі қазақ тілінің тазалығына қалай мән бересіңдер?

3. Абай шығармаларының көркемдік ерекшеліктері туралы не білесіңдер? Абай бейнелі сөздерді қалай қолданған?

4. Ақын поэмаларының тақырыптық жағынан басқа шығармаларынан айырмашылығы неде? «Ескендір» поэмасында әділдік пен жауыздық қалай суреттеледі? Поэманың философиялық түйіні неде?

5. Абайдың кара сөздеріндегі ақыл-өнеге, өсиет, адамгершілік мәселелерінің оның өлеңдерімен үндестігі жөнінде әңгімелендер. Қара сөздердің тәрбиелік мәні не деп ойлайсыңдар?

III деңгей.

1. Абай реализмі дегенді қалай түсінесің? Оның сипаты қандай?

2. Абайдың ақындық өнегесінің кейінгі қазақ әдебиеті өкілдеріне қандай әсер-ықыласы болды? «Абайдың ақындық мектебі» дегенді қалай түсінесің?

3. Абайды «қазақтың бас ақыны» деп кім атаған? Бұлай атауға қандай негіз бар? Абайдың қазақ әдебиеті тарихында алатын орыны қандай?

4. Абай туралы жазылған қандай көркем әдеби шығармаларды, өнер туындыларын білесіңдер?

5. «Алланың сөзі де рас, өзі де рас», «Арғы атасы қожа еді» өлеңдерін оқып талдаңдар.

6. «Отыз төртінші» қарасөзі бойынша пікірталас ұйымдастырыңдар.

IV. Шығармашылық саты:

1. Абай шығармалары бойынша суреттер салу.

2. Абай аңсаған «толық адам» тіркесіне ойтолғау жазу.

3. Ұлы ақынға арналған жыр-шашу арнау.

4. Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған тест.

5. «Абай» атты сөзжұмбақты шешу.

Сабақты қорыту.

Оқушы білімін бағалау.

Үйге тапсырмасы: Шығарма жұмысына дайындық «Атымды адам қойған соң...» (Абайдың адамгершілік туралы толғаулары).

Абай өмірі мен шығармашылығы бойынша тест

тапсырмалары

(10-сынып)

1. Абай Құнанбайұлының туған жерін белгілеңіз.


А) Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Ақ жайлау өңірі;

Ә) Шығыс Қазақстан облысы, Шыңғыстау баурайындағы Қасқабұлақта;

- Б) Ақмола облысындағы Қаскөл деген жерде;
В) Ақмола облысы, әйгілі Бурабай көлі;
Г) Қостанай облысы, Құсмұрын бекетінде.
2. Құнанбай Абайды неше жасында Семейге оқуға жіберді?
А) 7 жасында; Б) 9 жасында; Г) 11 жасында.
Ә) 8 жасында; В) 10 жасында;
3. Медреседе діни уағыздармен шектеліп қалмай, қандай тілдерді игереді?
А) Араб, парсы, түркі; Ә) Араб, парсы, түркімен;
Б) Араб, парсы, иран; В) Араб, парсы, өзбек;
Г) Араб, парсы, орыс.
4. Құнанбай Абайды оқудан шығарып, ал билік ісіне баулығанда неше жаста еді?
А) 10 жаста; Ә) 11 жаста; Б) 13 жаста;
В) 15 жаста; Г) 16 жаста.
5. Абай Е.Михаэлиспен қай жылы кездесті?
А) 1870 жылы; Ә) 1871 жылы; Б) 1873 жылы;
В) 1875 жылы; Г) 1880 жылы.
6. 1882 жылы жазылған Абайдың ақындығын өзіне де, өзгелерге де мойындатқан шын мәніндегі көркем туындыларын көрсетіңіз.
А) «Жаз», «Қыс»;
Ә) «Өлең – сөздің патшасы», «Күз»;
Б) «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр»;
В) «Қалың елім қазағым, қайран жұртым», «Жазғытұры»;
Г) «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Бородино».
7. Абай өлеңдерін кімнің атынан таратып жүрді?
А) Байкөкше; Ә) Барлас; Б) Көкбай;
В) Балта; Г) Шөже.
8. Мәдениет пен білімнің маңызын насихаттауға арналған тұңғыш шығармасын белгілеңіз.
А) «Интернатта оқып жүр»;
Ә) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»;
Б) «Ғылым таппай мақтанба»;

- В) «Жазғытұры»;
Г) «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат».
9. Қай өлеңнен?
Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз.
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз.
А) «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат»;
Ә) «Біреудің кісісі өлсе – қаралы ол»;
Б) «Мен жазбаймын өленді ермек үшін»;
В) «Болыс болдым, мінеки»;
Г) «Өлсем, орыным қара жер, сыз болмай ма?».
10. Абайдың табиғат тақырыбындағы тұңғыш өлеңін белгілеңіз.
А) «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай»;
Ә) «Жаз»; Б) «Қыс»;
В) «Күз»; Г) «Жазғытұры».
11. Абай Пушкинді аудару арқылы ұйқастың қай түрін тапты?
А) Қара өлең ұйқасы; Ә) Аралас ұйқас;
Б) Шалыс ұйқас; В) Кезекті ұйқас.
12. Абай Лермонтовтан жалпы саны қанша шығарма аударған?
А) 17; Ә) 21; Б) 23; В) 25; Г) 27.
13. Қай шығармадан?
Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын.
А) «Желсіз түнде жарық ай»; Ә) «Адамның кейбір кездері»;
Б) «Өзгеге, көңілім, тоярсың»; В) «Сегіз аяқ»;
Г) «Пайда ойлама, ар ойла».
14. Абайдың қанша поэмасы бар?
А) 2; Ә) 3; Б) 4; В) 5; Г) 7.

Абай шығармашылығына арналған сөзжұмбақ



15. Ойшыл адамның өмірде көргені мен басынан кешкен шерлі сырын танытатын шығарманы атаңыз.

- А) «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат»;
- Ә) «Өлсем, орыным қара жер, сыз болмай ма?»;
- Б) «Біреудің кісісі өлсе – қаралы ол»;
- В) «Малға достың мұны жоқ»;
- Г) «Қалың елім қазағым».

16. Абайдың қай поэмасының уақиғасы «Мың бір түн» ертегісінен алынған?

- А) «Ескендір»; Б) «Өзім әңгімесі»; Г) «Ләйлі-Мәжнүн».
- Ә) «Масғұт»; В) «Еңлік-Кебек».

17. Халық арасына ән болып тараған аудармалары?

- А) «Қараңғы түнде тау қалғып», «Татьянаның хаты»;
- Ә) «Сегіз аяқ»;
- Б) «Көзімнің қарасы»;
- В) «Бойы бұлғаң», «Айттым сәлем, Қаламқас»;
- Г) «Қор болды жаным».

18. Абайдың өзі шығарған өлең-әндерінің саны қанша?

- А) 20 шақты; Ә) 25 шақты; Б) 30 шақты;
- В) 35 шақты; Г) 40 шақты.

19. Абай Пушкиннің атақты «Евгений Онегин» романын қай жылы аударды?

- А) 1880; Ә) 1883; Б) 1885;
- В) 1886; Г) 1889.

20. Лермонтовтан аударған өлеңін табыңыз.

- А) «Піл мен қанден»;
- Ә) «Евгений Онегин»;
- Б) «Шегіртке мен құмырсқа»;
- В) «Жалау»;
- Г) «Бақа мен өгіз».

19. «Алланың сөзі де рас, өзі де рас», «Арғы атасы Қожа еді» өлеңдерін оқып, талдаңдар.

20. «Отыз төртінші» қара сөзі бойынша пікірталас ұйымдастырыңдар.

Көлденеңінен: 1. Абайдың өз есімі. 2. Абай қай тілден шығармалар аударды? 3. Абайдың жыл мезгіліне арналған өлеңі. 4. Абайдың бірінші әйелін атаңыз. 5. Абайдың сүйген әйелінің есімі кім? 6. Абайдың қара сөздері. 7. Абайдың өнері. 8. Абай кім? 9. Абай кімнің мысалдарын аударды? 10. Абайдың шығармашылығы. 11. Абайдың күйі. 12. Абайдың анасының аты кім? 13. Абайдың әжесінің есімін атаңыз. 14. Абай орыстың қай ақынының өлеңдерін қазақ тіліне аударды? 15. Абай орыстың қай ақынының өлеңдерін өзіне жақын тартты. 16. Абай Лермонтовтың қандай поэмасын қазақ тіліне аударды?

Тігінен: 7. Абайдың шығармаларын баспаға дайындап, басып шығарған кім? 8. Абайдың үлкен баласының аты. 17. Болмыс туралы ғылым. 18. Абайдың бейнесін сомдаған жазушы. 19. Абай қай неміс ақынының шығармасын қазақ тіліне аударды? 20. Білімді насихаттаушы. 21. Абайдың баласының аты. 22. Жыл мезгіліне арналған Абайдың өлеңі. 23. Абайдың поэмасы.

Сөзжұмбақтың жауабы:

Көлденеңінен:

1. Ибраһим.
2. Орыс.
3. Қыс.
4. Ділдә.
5. Әйгерім.
6. Ғақлия.
7. Композитор.
8. Ақын.
9. Крылов.
10. Аудармашы.
11. Торжорға.
12. Ұлжан.
13. Зере.
14. Пушкин.
15. Лермонтов.
16. Демон.

Тігінен:

7. Кәкітай.
8. Ақылбай.
17. Философия.
18. Әуезов.
19. Гёте.
20. Ағартушы.
21. Мағауия.
22. Жаз.
23. Ескендір.

Жылытатын да, жұбататын да – сөз

(Б.Момышұлы).

Мейрамгүл НҮРСҰЛТАНОВА,
Федоровка жалпы орта білім
беретін мектептің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Теректі ауданы.

АНА ТІЛІМ – АЖАРЛЫ АСЫЛ МҰРАМ

Мақсаты: оқушыларға ана тілін білудің маңызын түсіндіру. Ана тілі туралы жазылған ақындардың өлеңдерін мәнерлеп оқи білуге дағдыландыру. Ана тілін сүйіп, оны құрметтеуге баулу, тілді құрметтеуге, патриотизмге тәрбиелеу. Сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.

Түрі: сайыс.

Барысы:


1. Ұйымдастыру бөлімі.

6-сынып оқушыларын 3 топқа бөлу. Әділ қазылар алқасымен таныстыру (Әр топ өз ұрандарын шығарады.)

2.«Тіл» туралы бейне көрсету.

«Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді».

«Топтастыру» стратегиясы арқылы әр топ өз ойларын плакатқа жазып береді.



3. «Зерделі болсаң, биік шыңға жетесің». Кім көп біледі?

Қойылған сұрақтарға келіскен-келіспегенін білдіріп, «ия» немесе «жоқ» деп жауап беруі қажет.

1. 1989 жылы – Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңы қабылданып, қазақ тілі – мемлекеттік тіл дәрежесін алды. Ия

2. Әліпби дегеніміз – дыбыстың жазудағы таңбасы. Жоқ

3. Қазақ тілінде 25 дауысты, 12 дауыссыз бар. Жоқ

4. Буынның үш түрі бар. Ия

5. Мәтінде ойды білдіретін ең кіші бөлшек - сөйлем. Ия

6. Тоғызқұмалақ сөзінде 5 дауысты дыбыс, 7 дауыссыз дыбыс бар. Ия

7. Саясат сөзінде 6 әріп, 6 дыбыс бар. Жоқ

8. Жуалдыз, сым, бәдірен – диалект сөздер. Ия

9. Қағазды сөзі жатыс септігінде тұр. Жоқ

4. **Ойлан, тап.** Сөздердің жазылуын толтырыңдар.

Айтылуы: **Жазылуы:**

Жұмышшы –

Гаж жолы –

Көж жазбау –

Мұжжарғыш –

Бож жорға –

Күш-шігер –

Қақ пөлу –

Қыс пойы –

Құлұн –

5. «Қатесін тап» ойыны.

Бақыт

Өзімді бақытқа бөлеген тауелсіз республикамды мақтан етемін. Онын гүлденуі үшін бойда барымды аямаймын. Бұдан былайда бұл қасиеті борышымды ешқашан ұмытпаймын. Республикадаң Отанды, Отаннан

республиқаны бөліп алуға болмайды. Бұл екеуі – сен үшін де, мен үшін де бір ұғым. Ендеше мені сол Отанымнан ажырату да мағнасыз болар еді. Онсыз менде өмір жоқ. Отан – менің өмірім. Оның өркендеуі үшін енбек еткенім – мақтаныш. Азаматқа бұдан артық бақыт бар деп білмимін мен.

6. Жоғалған сөздер.

Бұл бөлімде оқушылар берілген буындардан сөздер құрау керек.

(Жолбарыс, жеңімпаз, ұмытшақ, былтырғы, кәсіпкер, мақтайды).

7. Фразеологизмдердің мағынасын тап.

Тіл байлану	сөзге шебер, шешен
Тіл азар	сөзіне тірек етті
Тілге тиек етті	үндемей қалды
Тілдің майын тамызу	тіл алмайтын
Тілдеп жіберді	өте дәмді тағам туралы
Тілге келмеді	азғырғанға елікті
Тілге ерді	бір сөз де айта алмады
Тілді суырып әкетті	ұрысты, балағаттады
Көз жазып қалды	тыңдамады
Көзді ашып жұмғанша	адасты
Құлақ қойған жоқ	лезде

8. Бір әріпті әңгіме құрау. Б немесе қ әріптерін қолдану.

Қорытындылау. Сөз кезегі әділ қазылар алқасына беріледі. Оқушылардың жұмыстары тексеріліп, талданады. Жеңімпаз топ анықталады.

Бақыш ЕСТАЙҚЫЗЫ,
№17 мектеп-гимназиясының
мұғалімі.
Астана қаласы.

БІЛІМ ЖҮЙЕСІНЕ ӨЗГЕРІС НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер білім жүйесіне де зор ықпал етуде. Бағдарламалар мен оқулықтарды, оқу мен оқытудың әдіс-тәсілдерін өзгерту қажеттілігі туындап отыр. Бүгінгі таңда білім саласындағы саясаткерлер мен мұғалімдер үшін ең маңызды болып отырғаны – «XXI ғасырда нені оқыту керек?» және «XXI ғасырға оқушыларды қалай дайындау керек?» деген мәселелер. Бұл мәселенің туындау себебі неде? Әлемдік өзгеру – жаһандық экономика мен мәдени орта құруға ықпал ете алатын білімді, күрделі жағдайларды шешуге қабілетті, жоғары зиятты адамды қажет етеді. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы жасаған «Құзыреттерді анықтау және іріктеу» жобасы – XXI ғасыр дағдыларының моделі». Бұл жобада оқушыға қажет құзыреттіліктер аталған. Олар: әлеуметтік және эмоционалдық құзыреттілік, әлеуметтік қарым-қатынас, өз бетінше жұмыс істеу қабілеті. Осы құзыреттіліктер бойында бар жеке тұлғаны қалыптастыру үшін оқыту мен оқудың әдіс-тәсілдерін өзгерту қажет. «Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі - оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады». XXI ғасыр адамы орынды жерде өз білімін қолдана білу үшін мына дағдыларға ие болуы керек: мәселелерді шешу, зерттеу жүргізу мен дерек жинау, тәжірибелік дағдылар, сыни ойлау, т.б. Қазақ әдебиеті пәнін оқыту барысында оқушы бойында осы дағдылар қалыптасады, себебі әдебиет пәні – жан-жақты ойлантудың, терең ойлаудың

пәні, оқушыны өз пікірін айтуға, жеке тұлғаретінде өз көзқарасын дәлелдеуге, ізденуге, зерттеуге, сыни тұрғыда ойлауға үйретеді. Ең бастысы, әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани жан дүниесі байиды, жақсылық пен жамандықты ажыратуға, өзін-өзі бағалауға, өзара бағалауға үйренеді. Бірлесе жұмыс істей отырып, басқа адамдарды құрметтеуге дағдыланады. Бойында осы дағдылар қалыптасқан жеке тұлға өмірде керекті жерде өз білімін қолдана алатыны анық. XXI ғасыр оқушысын табысты оқыту нәтижесінде алған дағдылары «әлемдік экономиканың өзгеру қарқынына ықпал ететіндігі» – әлемдік жаңалық. Сондықтан білім беруді дамыту ісі жаңаша көзқарасты талап ететіні мәлім. Елімізде қолға алынып жатқан деңгейлік бағдарлама әлемдік білім беру жүйесіндегі жаңашылдықты тәжірибеге енгізуді көздейді. Соның бірі – оқыту мен оқудағы өзгерістерді мектеп тәжірибесіне енгізетін – тәлімгерлік әдіс. Тәлімгер – мұғалім әріптестерін оқытып, солардың тәжірибесін өзгертуге күш салады. Мұғалімдерді оқытуды жеке тұлғаға бағыттауға, сыни тұрғыда ойлауға үйретуге, білімін қолдана білу дағдыларын дамытуға, шығармашылық іс-әрекетке көңіл бөлуге, көшбасшыларды тәрбиелеуге үйретеді. Бұл дағдыларды қалыптастыру оқытудың жеті модулін кіріктіру арқылы іске асырылып жатыр. «Әлем өзгергендіктен, сіз де өзгересіз және қазіргі сәтте өзгеріссіз қалу өте қауіпті екенін білесіз. Сіз өзгересіз, себебі сіз білім алғанды, білім бергенді жақсы көресіз, балаларды сүйесіз және олар мына жылдам өзгеретін әлемде бағыт беріп отыратын сізді қажет ететіндігін білесіз, оны істеу үшін сізге алдымен өз жолыңызды табу қажет. Сондықтан сіз өзгересіз, олар да өзгеруі қажет» (С.Бич, 2012) деген сөздер қазіргі мектеп мұғалімдері үшін бағдар сілтеуші деп ойлаймын. Сондықтан табысты деп саналатын әлемдік білім беру жүйесінің тиімді әдіс-тәсілдерін өз тәжірибесінде қолданып, оқушыны келешек өмірге дайындау – әр мұғалімнің парызы. Бұл – заман талабы.

**Асылтас ТҰҢҒАТАРОВА,
Есір Айшуақұлы атындағы
орта мектептің мұғалімі.**

Маңғыстау облысы,
Маңғыстау ауданы,
Жыңғылды ауылы.

«ТІЛ, ӘДЕБИЕТ БІЛГІРІ» БАЙҚАУЫ

*(қазақ тілі мен әдебиетінен білім тексеруге арналған
зияткерлік-танымдық сабақ)*

Мақсаты: білімділік – қазақ тілі мен әдебиетінен өтілген материалдарды меңгергенін тексере отырып, білім-білік дағдыларын қалыптастыру; **дамытушылық** – оқулық және қосымша материалдар деректерін тиімді пайдаланып, ғылыми-танымдық әрекеттерін жетілдіру; **тәрбиелік** – еліміздің салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын сақтауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: портрет, гүлдер, шарлар.

Сабақтың барысы.

Мұғалім сөзі.

I. Таныстыру.

II. «Қаншалықты білемін?».

III. «Киелі сандар сыры».

IV. «Әдебиет әлемінде».

V. «Әдеп-салтың – қазақтық қалпың».

IV. «Жанымның жалын жырлары».

I. Таныстыру (әр топ өзін таныстырады).

II. «Қаншалықты білемін» (қазақ тілі пәні бойынша сұрақтар).

«Білгірлер» тобына:

1. Қазіргі кезде дүниежүзінде шамамен неше тіл бар?
2. Әдеби тілдің неше формасы бар?
3. Мәтін дегеніміз не?
4. Лексика нені зерттейді?
5. «Тіл» сөзінің тура, ауыспалы мағынасын айтыңыз?
6. «Азу» сөзінің омонимін тап.
7. «Жүзіктің көзінен өткендей» тұрақты сөз тіркесінің

мағынасы.

8. Табу дегеніміз не?
9. Көнерген сөздер мағынасына қарай нешеге бөлінеді?
10. Фонетика нені зерттейді?
11. Қазақ тіліне тән дыбыстарды белгілейтін тоғыз әріп бар, атаңыз.
12. Жуан дауыстыларды атаңыз.
13. Жақтың ашылуына қарай дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?
14. Үнді дауыссыздарды атаңыз.
15. Диалект сөздер, мысалы.

«Жүйріктер» тобына:

1. Қазақ тілінде «әдеби» сөзі қай сөздің негізінде жасалып қалыптасқан?
2. Ауызша, жазбаша тіл дегеніміз не?
3. Біріккен сөздер дегеніміз не?
4. Қайталама қос сөздер, мысал келтір.
5. Зат есім дегеніміз не? Мағынасына қарай нешеге бөлінеді?
6. *Ақшыл, жасыл, тұп-тұщы* сөздері сын есімнің қай түріне жатады?
7. Сан есім мағынасына қарай нешеге бөлінеді?
8. Есім сөздерінің орнына жүретін сөз табы.
9. Өздік есімдігі дегеніміз не?
10. Етістікті мағынасына қарай ата.

11. Өздік етістің жұрнақтары.
12. Ортақ етістің жұрнақтары.
13. Тұйық етістік дегеніміз не?
14. Үстеу дегеніміз не?
15. Үстеудің құрамдық түрлері.

III. «Киелі сандар сыры». Үш, бес, жеті.

IV. «Әдебиет әлемінде»...

«Білгірлер» тобына:

1. «Әдебиет» сөзі қандай мағынаны білдіреді?
2. Ауыз әдебиеті дегеніміз не?
3. Ауыз әдебиетінің түрлері.
4. Мақал-мәтел дегеніміз не?
5. «Наурыз» сөзі қандай ұғымды білдіреді?
6. Жерұйықты іздеген кім?
7. Құранда неше сүре бар?
8. «Уаһи» сөзінің мағынасы.
9. Ыбырай Алтынсарин туралы не білеміз?
10. «Абай жолы» романының авторы.
11. «Кейіптеу» дегеніміз не?
12. «Өлең сөздің даңғылы» атанған кім?
13. «Азайды соңғы кезде байғұс бөкен,
Мүйізін пайда қылып, шетке сатып». Кімнің шығармасы?
14. Ілияс Жансүгіровтің туған жылы.
15. Портрет дегеніміз не? Мысал келтір.

«Жүйріктер» тобына:

1. «Фольклор» сөзінің мағынасы.
2. Батырлар жырының басты тақырыбы.
3. «Әсірелеу» дегеніміз не?
4. Сүйінбай өлеңдерінің негізгі діңі.
5. Абайдың қарасөздері бізді
6. «Қырық мысал» кімнің шығармасы?
7. «Қазақ тілі», «Мен кім?», «Мен жастарға сенемін» кімнің шығармалары?

8. Сәкеннің азан шақырып қойған аты, шығармасын жатқа айт.

9. Б. Майлиннің «Түйебай» әңгімесіндегі жердің аты.

10. «Шүрегей» сөзінің мағынасы.

11. «Мен 25 жыл әскерде болдым. Біле білген кісіге бұл – үлкен университет. Осы 25 жылдың ішінде мен талай қолбасшымен кездестім, сабақ алдым, талай генералдың қол астында қызмет істедім, тәрбие көрдім». Кімнің сөзі?

12. М.Мақатаевтың өміріне тоқтал, бір өлеңін жатқа айтыңыз.

13. 1967 ж. Францияның Канн қаласында Балаларға арналған фильмдер фестивалінде жүлдеге ие болған

14. Ілияс Жансүгіровтің шығармаларын атаңыз.

15. «Шұрқырастық та қалдық. Өзі жаяу, жалаң аяқ, ерні кезерген, тілінген, үстінде шоқпыт-шоқпыт қима шапанының жұрнағы бар.

Елді, балаларды сұрады. Менің жаныма келіп құнанымды мақтады. Әлденеге қызығып, телміріп қарады. Көз қарасында «Сен бақыттысың ғой» деген сөз бар еді». Кімнің шығармасы?

V. «Әдеп-салтың – қазақтық қалпын».

1. Тоқымқағар, бесікке салу, шілдехана, қынаменде, шарғы.

VI. «Жанымның жалын жырлары».

VII. Марапаттау.

Қорытынды сөзі: - XX ғасырдың 30-жылдар ойранында жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған қазақтың үш бәйтерегі – Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин өмірлері қысқа, тағдырлары ауыр болғанымен шығармашылық ғұмырбаяндары ғибратты да мәнді болып табылады – деп біз де жастарымызға үміт арта отырып, «Тіл, әдебиет білгірі» атты зияткерлік сайысымызды аяқтаймыз.

**Мирамкүл ЖАРЫЛҒАСЫНҚЫЗЫ,
№190 орта мектептің мұғалімі.**

Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы,
Ақтан батыр ауылы.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ СОМДАҒАН АНАЛАР

Жалпы мақсат:	Ғабит Мүсіреповтің «Ана» тақырыбына жазған шығармалары арқылы ана бейнесін ашу, шығарманы жан-жақты талдау.	
Міндеттері:	1. Оқушылардың анаға деген құрмет-сыйын арттыру, ана еңбегін ақтауға баулу; 2. Шығармашылық жұмыс істей білуге, өзінше тұжырымды ой айта білуге дағдыландыру.	
Оқу нәтижесі:	1. Оқушылар әңгімені құрылысына талдайды. 2. Ана бейнесін аша отырып, ана сөзінің мағынасын ашады және ананың балаға деген ыстық махаббатын ұғынады. 3. Өз көзқарасын қалыптастырып, ойын еркін жеткізе біледі.	
Негізгі идеялары:	Шығарма негізінде оқушыларды адамгершілікке, ата-ананы құрметтеуге баулу.	
Тапсырмалар:	Топпен, жұппен, жеке жұмыстар.	
Корнекіліктері:	Интерактивті тақта, постер, маркерлер.	
Сабақ бойынша мұғалім жазбалары.	Мұғалім іс-әрекеті:	Оқушы іс-әрекеті:
I. Ұйымдастыру кезеңі.	Оқушыларды түгелдеу, топқа бөлу, сабаққа әзірлеу.	Сынып оқушыларын 3 топқа бөлу.

II. Жаңа сабақ.	I. Қызығушылықты ояту. Дүниеде не тәтті? Дүниеде не қатты? Дүниеде не ащы? «Топтастыру» әдісі. I топ. Ана кім, қызметі. II топ. Ананың туыстық атауы. III топ. Ана қандай, оның жақсы қасиеттері.	Постер қорғау, дәлелдеу.
	II. Мағынаны тану. Ғ.Мүсірепов аналар тақырыбында көп қалам тербеп, әңгімелер жазған. Онымен біз таныспыз. I топ. «Ана кесімі айнымайды». II топ. «Ананың анасы». III топ. «Ер ана».	Әңгіме құрылысына талдайды.
	Оқиғаның басталуы: Дамуы: Байланысуы: Шиеленісуі: Шарықтау шегі: Шешімі: Қорытынды:	
	Оұб кезеңі. Концептуалдық картамен жұмыс. I топ. Ана махаббаты. II топ. Анаға хат жазу. III топ. Авторға хат жазу.	«Екі жұлдыз, бір пікір» арқылы бағалау. Әр жұп картамен жұмыс жасайды.
Қорытынды.	III. Ой толғанys. Бұрынғы ана мен қазіргі ана арасында айырмашылық бар ма? Бұрынғы аналар Қазіргі аналар	Пікірталас.
	Ғ.Мүсірепов туралы сұрақтарға жауап алу, талқылау. Рефлексия жасау. Менің алған әсерім: Маған ұнағаны: Мен үшін не қиын болды:	
Бағалау.	«Екі жұлдыз, бір пікір», Өлшемдер арқылы.	
Кейінгі тапсырмалар:	Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романын оқу.	

12. «Құлағы сақтың ойы кең» сөзінің авторын белгіле?

- А) Құтып;
- ә) Ж.Баласағұни;
- б) С.Сараи.

13. «Би» атағын шешен адамдарға халықтың өзі беретін ең құрметті атақ екенін айтқан ғалым кім?

- А) А.Байтұрсынұлы;
- ә) Ш.Уәлиханов;
- б) Ш.Құдайбердіұлы.

14. А.Байтұрсынұлы шешендік сөздің құрылымын нешеге бөлді?

- А) бастамасы, ұсынбасы, мазмұндамасы, қыздырмасы, қорытпасы;
- Ә) кіріспесі, негізгі бөлімі, қорытындысы;
- Б) бастамасы, мазмұндамасы, қорытпасы.

15. Шешендік сөзге қойылатын талаптарды белгіле:

- А) сөз мазмұнының таяздығы;
- Ә) ойдың жүйесіз берілуі;
- Б) сөз мағынасының дұрыс берілуі, сөздік қордың молдығы.

16. Поэзия туралы сыр- уақыт пен өнердің бірлігі туралы әңгіме. Поэзия туралы сыр- мәңгілік сөнбейтін сөз құдіреті туралы талғам. Айшықтаудың қай түрі қолданылған?

- А) қайталау;
- Ә) градация;
- Б) теңеу.

17. Шешендік сөздің сапасын арттырады:

- А) қаратпа, қыстырма сөздерді қолдану;
- Ә) көркемдік тәсілдерді жүйелі қолдану;
- Б) қарабайыр сөздерді мол қолдану.

18. Әлеуметтік-саяси шешендіктің мақсаты не?

- А) тыңдаушының саяси көзқарасын қалыптастыру;
- Ә) ғылымды танудың жолын көрсету;
- Б) қоғамды әділеттілікті орнықтыру.

19. Әлеуметтік-саяси шешендікке нелер жатады?

- А) саяси баяндамалар, ресми хабарлар, әлеуметтік шолу;
- Ә) ғылыми баяндамалар, ғылыми шолулар, хабарламалар;
- Б) мерейтойда, салтанатты дастархандағы, қабір басындағы сөйленетін сөз.

20. «Ең ұлы қазына- жақсы кітапхана». Кімнің сөзі?

- А) Д.Дидро;
- Ә) В.Белинский;
- Б) А.Герцен.

21. Тыңдаушыларға ғаламды танудың жолын көрсетіп, жаратылыстың заңдары мен заңдылықтарын түсіндіретін шешендіктің түрі -

- А) әлеуметтік саяси;
- Ә) діни шешендік;
- Б) академиялық.

22. Соттағы шешендік сөздің түрлеріне нелер жатады?

- А) Прокурордың, қорғаушының, айыпталушының сөзі;
- Ә) мерейтойда, салтанатты дастархандағы, қабір басындағы сөйленетін сөз;
- Б) дін қызметкерлерінің уағыздары мен иман сөздері.

23. Діни шешендіктің негізгі тілдік құралдарын белгіле.

- А) дінге қатысты терминдер, ізгілікке үндейтін сөздер;
- Ә) мақал-мәтелдер, афоризмдер;
- Б) деректер, терминдер, сілтемелер.

24. Әлеуметтік-тұрмыстық шешендіктің түрлерін ата.

- А) ғылыми баяндама, ғылыми шолу;
- Ә) әскери патриоттық саяси шолу;
- Б) мерейтойда, салтанатты дастархандағы, қабір басындағы сөйленетін сөз.

25. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қой.

«Жігітке бірінші . . . , екінші . . . , үшінші . . . керек, сосын . . . , . . . керек».

- А) білім, ғылым, ұғым, отты жүрек, батыл тіл;
- Ә) отты жүрек, білім, ұғым, ғылым, батыл тіл;
- Б) ұғым, ғылым, батыл тіл.

26. Аристотель: «Шешенге деген сенім туғызатын үш нәрсе деп нелерді атаған?»

- А) білім, ғылым, батыл тіл;
- Ә) тіл, отты жүрек, өткір ой;
- Б) парасат, ізгілік, сыйластық.

27. Сөзді ажарлайтын маңызды фактор . . .

- А) сөз ырғағы;
- ә) дауыс сазы;
- б) кідіріс.

28. А.Байтұрсынұлы жіктеуіндегі ішкі сын: ол . . .

А) кестесін келтіріп, ұнамды түрде үйлестіріп, суреттеуінің сыны;

Ә) тілінің, лұғатының сыны;

Б) алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнімен қарағанда дұрыс бүгіп шығу, шықпауының сыны.

29. Шешеннің әсер ала білу қабілетіне, ойлау парасатына байланысты туындайтын кідіріс:

- А) Логикалық;

Ә) психологиялық;

Б) грамматикалық.

30. С.Негимов шешендік сөздің мәнерін интонациялық сипатына қарай неше түрге жіктейді?

- А) 2; ә) 3; б) 5.

31. Риторикалық сұрау . . . үшін қойылады.

А) Тыңдарманның ойына қозғау салу;

Ә) Ойды асыра, асқақтата түсу;

Б) Сөзге жарқындылық, көрнекілік сипат беру.

32. Өмір- теңіз, білім- қайық, білік - ескек бүгінде. Қандай шешендік құрал қолданылған?

А) эпитет;

Ә) метафора;

Б) анафора.

33. Әлеуметтік - саяси шешендікке тән стильдерді ата.

А) Публицистикалық, ресми, ғылыми;

Ә) Көркем әдебиет стилі, ғылыми стиль;

Б) публицистикалық стиль, ауызекі сөйлеу стилі, ресми стиль.

34. Салыстырулар жасап, анализ, синтез әдістерін тиімді қолданатын шешендіктің түрі:

А) діни шешендік;

Ә) соттағы шешендік;

Б) академиялық шешендік.

35. Соттағы шешендікке тән стильдерді белгіле:

А) публицистикалық, ресми, ауызекі сөйлеу стилі;

Ә) көркем әдебиет стилі, ауызекі сөйлеу стилі;

Б) публицистикалық стиль, ғылыми стиль, ресми стиль.

36. Діни шешендіктің тамаша үлгілері қай еңбектен табылады?

- А) Құран Кәрім;

Ә) Қабуснама;

Б) «Риторика».

37. «Жүрек пен рухтың қуат күші- адамдарды ділмар ететін құдірет». Кімнің сөзі?

А) Гераклит;

Ә) Квинтилиан;

Б) А.Байтұрсынұлы.

38.«Адам бойында талант, терең білім, дағды үшеуі сай болғанда ғана . . . қалыптасады»,- дейді Цицерон.

А) нағыз әкім;

Ә) нағыз шешен;

Б) нағыз би.

39. Шешендік өнерді «тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің шыңы» деп баға берген ғалымды көрсет.

А) А.Байтұрсынұлы;

Ә) М.Балақаев;

Б) М.В.Ломоносов.

40. Атқаратын қызметіне қарай ым-ишара неше топқа бөлінеді?

А) 4;

Ә) 3;

Б) 5.

41. Риторикалық канондар дегеніміз не?

А) жұрт алдында сөйлеуде идеяның тууынан бастап, оның жүзеге асырылуының соңғы нүктесіне дейінгі аралықты қамтитын әрекеттер;

Ә) біреуге еліктеуден туған қимыл – қозғалыстар;

Б) сөзді ыммен иландыруға қызмет ететін кинетикалық құбылыстар.

42. Риторикалық канондар неше бөлімге тармақталады?

А) 5;

Ә) 6;

Б) 4.

43. «Не үшін сөйлеймін?», «Не туралы сөйлеймін?», «Кімдерге сөйлеймін?» деген сауалдар дайындық кезеңінің нешінші кезеңіне тән?

А) бірінші;

Ә) екінші;

Б) үшінші.

44. «Диспозиция» деген не?

А) тақырыпты ойлап табу;

Ә) есте сақтау;

Б) мазмұнды ойды жүйелеп орналастыру.

45. Сөз тартымдылығын арттыратын үлкен бір мәселе - . . .

А) даулы сауалдар туындату;

Ә) ойды бір арнаға тоғыстыру;

Б) шешеннің өзін-өзі ұстау әдебі.

46. Жоба-жоспар дегеніміз не?

А) Нақты тақырыпқа қатысты жүргізілетін жұмыстарға арналған жоспар;

Ә) Тыңдаушының ерекшелігіне сәйкестендіріп құрылатын жоспар;

Б) Алдын ала болжам түрінде жасалатын жоспар.

47. Ұқсас заттардың, нәрселердің мәнді белгілерін салыстыра отырып, нақты бір затқа тән қасиеттерді ашу - . . . деп аталады.

А) дедукция;

Ә) индукция;

Б) аналогия.

48. «Дөңгелек үстелдің» мақсаты не?

А) Қоғамдағы өріс алып отырған өзекті мәселе жөнінде қоғамдық пікір қалыптастыру, көпшілікке ой тастау;

Ә) Пікір таластыра отырып, әр түрлі көзқарастардың тоғысуы нәтижесінде дұрыс, ортақ шешімге келу;

Б) Өзекті мәселе төңірегінде әр түрлі көзқарастарды талқылай отырып, сол мәселені шешу мүмкіндіктерін қарастыру.

49. Қарсыласты ойсырата жеңіп, өз пікірін дәлелдеп шығу пікірталастың қай түріне тән?

- А) сөзталас;
- Ә) полемика;
- Б) дебат.

50. Пікірталасында жиі қолданылатын тәсілдерді белгіле?

- А) «Қарсы соққы» жасау, «Көпшілікті бағындыру», деректермен дәлелдеу;
- Ә) «қақпан құру», сынау, «ойын жоққа шығару», «сұрақпен төпелеу»;
- Б) синтез, анализ, қорытынды.

Жауап кілттері

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
а	б	а	ә	а	а	а	а	а	а
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
а	ә	ә	а	б	а	ә	а	а	ә
21	22	23	24	25	26	27	28	29	30
б	а	а	б	а	б	ә	б	б	б
31	32	33	34	35	36	37	38	39	40
а	ә	а	б	а	а	ә	ә	ә	а
41	42	43	44	45	46	47	48	49	50
а	а	а	б	б	б	б	а	ә	ә

Фарида РЫСҚАЛИЕВА,
Ы.Алтынсарин атындағы жалпы
орта білім беретін мектептің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Теректі ауданы.

10-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН АБАЙТАНУ КУРСЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ТЕСТ ЖҰМЫСЫ

1.... Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма,— асты
сызылған сөз қандай әдебиет теориясына жатады?

- А) эпитет; Б) метафора;
- В) метанимия; Д) синекдоха;
- Е) тенеу.

2. М.Әуезов Абайтанудағы еңбектерін неше салаға
бөліп қарастырған?

- А) 2; Б) 4;
- В) 6; Д) 1; Е) 3.

3. М.Әуезов Абай мұрасын қалай зерттеді?

- А) жинау, насихаттау, жүйелеу, бастыру ісі;
- Б) насихаттады, бастырды;
- В) бастыру ісі;
- Д) жүйелеу;
- Е) тыңдау.

4. М.Әуезов қай жылы «Абай» журналын шығарды?

- А) 1924; Б) 1914; В) 1933;
- Д) 1918; Е) 1942.

5. М.Әуезовтің Абай мұрасын зерттеу жұмыстары қай жылы қандай журналдарда жарық көрді?

- А) 1907 ж. «Серке», «Қазақ»;
- Б) 1911-1913 жж. «Қазақстан»;
- В) 1911 ж. «Айқап»;
- Д) 1922 ж. «Шолпан», «Сана»;
- Е) **1918 ж. «Абай», «Шолпан».**

6. Абайдың нешінші қарасөзінен үзінді?

«Білім – ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас...»

- А) 45; Б) 43;
- В) 33; Д) 24; Е) **32.**

7. Еңбегін сатқан адамның талапсыздығын, еріншектік, алдау, тамыршылау сияқты кеселдеріне Абай нешінші қарасөзінде түсінік берген?

- А) **33;** Б) 25;
- В) 30; Д) 31; Е) 38.

**8. ...Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.**

Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,

Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.

Қандай ақын бейнесін көре алдың?

- А) сөз қадірін дәріптеуші;
- Б) **күнкөріс қамы, сөз қадірін кетіруші;**
- В) әркімді мадақтаушы;
- Д) ел бірлігін жақтаушы;
- Е) өнерді дәріптеуші.

9. Абайдың қай өлеңінен алынған үзінді?

**...Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.**

**Шу дегенде құлағың тосаңсиды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей...**

- А) «Көлеңке басын ұзартып»;
- Б) «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да»;
- В) «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман»;
- Д) «Түбінде баянды еңбек егін салған»;
- Е) **«Мен жазбаймын өленді ермек үшін».**

10. «Желсіз түнде жарық ай

Сәулесі суда дірілдеп,

Ауылдың жаны терең сай,

Тасыған өзен гүрілдеп.»

Өлеңнен эпитетті тап.

- А) **желсіз, жарық, терең;** Б) ауылдың жаны;
- В) суда дірілдеп; Д) түнде жарық;
- Е) өзен күрілдеп.

11. ... Сөз айта алмай бөгеліп,

Дүрсіл қағып жүрегі,

Тұрмап па еді сүйеніп,

Тамаққа кіріп иегі?

Өлеңде кімдердің бейнесі суреттелген?

- А) **ғашықтардың;** Б) адамның;
- В) баланың; Д) жеңгенің;
- Е) достың.

12. «Қараша желтоқсанмен сол бір-екі ай» өлеңінің идеясы қандай?

- А) пайдакүнемдік;
- Б) көшпелі елдің күзгі тіршілігі;
- В) **таптық жік, кедейдің ауыр тұрмысы;**
- Д) Тәкежанға арнау;
- Е) күзгі табиғатты суреттеу.

13. Абайдың нешінші қарасөзінен алынған?
«Би екеу болса, дау төртеу болады» деп. Оның мәнісі – тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылған сөз...»

- А) 3; Б) 7;
В) 5; Д) 10; Е) 4.

14. Ақын ел ішінде өріс алған алдамшылықты, аяр мінезді шенеп, өнегелі іс қумай, пайда қуған байлар мен саудагерлердің, бектер мен құда – тамырдың әрқилы бейнелерін жасайтын шығармасын табыңыз?

- А) «Сабырсыз, арсыз, еріншек»;
Б) «Қалың елім...»;
В) «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да»;
Д) «Көлеңке басын ұзартып»;
Е) «Болыс болдым, мінеки».

15. Қазақтың кеселдері: талапсыздық, еріншектік, алдау, тамыршылау – Абайдың нешінші қарасөзінде талданған?

- А) 23; Б) 15; В) 7;
Д) 33; Е) 35.

16. «Теректің сыйы», «Тұтқындағы батыр» кімнен аударған?

- А) А.С.Пушкин;
Б) М.Лермонтов;
В) И.Гете;
Д) А. Мицкевич;
Е) И.Бунин.

17. ... Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,
Өлсе тояр, көзіне құм құйғанда. Кімнің сөзі?

- А) Филипп; Б) Ескендір;
В) Аристотель; Д) Македония; Е) Хан.

18. Ағайынды Мұстафа мен Сапа – қай поэманың кейіпкерлері?

- А) «Масғұт»; Б) «Ескендір»;
В) «Қасиетті дұға»; Д) «Әзімнің әңгімесі»;
Е) «Мың бір түн».

19. Қыдыр шал қай поэмада кездеседі?

- А) «Масғұт»;
Б) «Ескендір»;
В) «Әзімнің әңгімесі»;
Д) «Мың бір түн»;
Е) «Қасиетті дұға».

20. Өлеңнің жалғасын табыңыз.

Адасқанның алды – жөн, арты- соқпақ,...

- А) Сәлемдеспей, алыстан ыржаң қақпақ;
Б) Бар өнері – қу борбай, сымпыс шолақ;
В) Бәрі де шаруаға келеді олақ;
Д) Оларға жөн – арамның сөзін ұқпақ;
Е) Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп.

21. Қандай арнау түріне жатады?

...Балалық өлді, білдің бе?

Жігіттікке келдің бе?

Жігіттік өтті көрдің бе?

Кәрілікке көндің бе?

А) Жарлай арнау;

Б) Сұрай арнау;

В) Зарлай арнау.

22. А.Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласы қай жылы баспа бетіне жарияланды?

- А) 1909; Б) 1929; В) 1913;
Д) 1919; Е) 1936.

Ұлболсын БЕРДЕШОВА,
Жаңатаң орта мектебінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Байғанин ауданы.

23. «Алтын хакім Абайға» өлеңнің авторы кім?

- А) Мағжан;
- Б) Міржақып;
- В) Жүсіпбек;
- Д) Шәкәрім;
- Е) Біржан.

24. Дәркембай кеш сайын балаларға Абайдың қай өлеңін оқытады?

- А) «Ызалы жүрек, долы қол»;
- Б) «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым»;
- В) «Сабырсыз, арсыз, еріншек»;
- Д) «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат»;
- Е) «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ».

25. Қалада өз елінің оқып жатқан балаларына арнап

Абайдың шығарған өлеңі –

- А) «Ғылым таппай мақтанба»;
- Б) «Интернатта оқып жүр»;
- В) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»;
- Д) «Әсемпаз болма әрнеге»;
- Е) «Сабырсыз, арсыз, еріншек».

Кілтi:

- | | | | | |
|--------|-------|-------|--------|-------|
| 1. В | 2. Б | 3. А | 4. Д | 5. Е |
| 6. Е | 7. А | 8. Б | 9. Е | 10. А |
| 11. А. | 12. В | 13. А | 14. В | 15. Д |
| 16. Б | 17. В | 18. Д | 19. А. | 20. Д |
| 21. Б | 22. В | 23. А | 24. Б | 25. В |

МҰҚАҒАЛИ – МӘҢГІЛІК ҒҰМЫР

Мақсаты: Мұқағали Мақатаевтың өмірбаянымен оқушыларды таныстыру, поэзияға деген қызығушылығын арттыру, өлеңдерін мәнерлеп оқуға дағдыландыру, тілге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ақын портреті, плакатқа жазылған өлең жолдарынан үзінді, техникалық құрал-жабдықтар, слайдтар, суреттер (мультимедиялық проектор, аудиоаппаратура).

Жүргізуші:

- «Сырым да осы,
Жырым да осы
Алдыңда,
Байқашы бір
Бықсыдым ба, жандым ба?
Махаңдар жоқ,
Махаңдардың сарқыты –

Мұқағали Мақатаев бар мұнда» деп бір күндік жарық сәуледей өте шыққан қысқа ғұмырында ұлан-ғайыр мұра қалдырып кеткен, қазақ поэзиясының Хантәңірі – Мұқағали Мақатаев тірі болса 83 жасқа толар еді. Ақиық ақын, халқының қара өлеңін құдіретке айналдырған Мұқағали

Мақатаев шығармашылығына арналған «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты сайысқа қош келдіңіздер!

Бүгінгі сайысымызға қатысатын «Мұзарт» тобы 8-сынып оқушылары, «Мұзбалақ» тобы 9-сынып оқушылары, «Хантәңірі» тобы 10-сынып оқушылары. Сіздерге сәттілік тілеймін!

Алдымен сайыс жоспарымен таныс болыңыздар.

1. Таныстыру. Бұл бөлімде әр топ өзінің атын, төсбелгісін, шығарған бүктемелерін, жалпы өздері туралы таныстырады.

2. «Поэзия, менімен егіз бе едің?!» Ақын өлеңдерінің ішінен 2 өлеңін жатқа мәнерлеп айту.

3. «Мен қаншалықты білемін?» сұрақ-жауап. Ақынның өмірі, шығармашылығы туралы сұрақтар беріледі.

4. «Ән-көңілдің ажары». Мұқағалидың сөзіне жазылған бір әнді орындау.

5. «Жырлайды жүрек». Оқушылар эссе жазу керек, сонымен қатар Мұқағалиға арнап шығарған өлеңдерін оқиды.

6. «Айтылар естеліктер мен туралы...» ақынның өміріне байланысты естеліктер оқу.

7. «Аққудың қанатына жазылған жыр».

Ақынның әйгілі поэмасы «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы бойынша тест сұрақтары беріледі.

8. «Жүрегімді менің өлеңдерімнен ізде».

Ақын өлеңдерінен үзінділер оқылып, бір сөзі тасталып кетеді, соны тауып, орысшаға, одан кейін ағылшыншаға аудару керек.

Сайыс жоспары түсінікті болса, енді бүгінгі сайысымызды екшелеп сарапқа салатын әділқазы алқаларымен таныс болыңыздар.

1. Балжігітова Айнагүл – қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

2. Жанұзақова Жаннұр – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ поэзиясының дамуына үлес қосқан ақиық ақынның жыл сайын 9 ақпанда туған күнін еске түсіріп, Мұқағали әндері, Мұқағали оқулары республикалық, облыстық, аудандық, мектепшілік көлемде өткізіліп тұрады. Мұқағали көптеген отты өлеңдердің, жүйрік поэзияның, небір әсем әндердің авторы!

- О, Мұқа, сезесің бе, сезесің бе,

Еліңді аралап жүр елесің де.

Әндерің шырқалады әр ауылда,

Сөздерің әр қазақтың өресінде.

Халқыңның ақыны боп жаралғансың,

Қарасаз топырағынан нәр алғансың.

Қазақтың қара өлеңін шекпен жауып,

Қайтарып, аңыз болып таралғансың- дей келе сайысымыздың

I бөлімі – «Таныстыруды» бастаймыз.

- Мұқағали Мақатаев! Қазақ поэзиясының пір тұтар азаматы. Оның өлеңдері санаға жарық сәуле түсіріп, бойынды бай белестерге бағыттайды. Оның өлеңдері қаншалықты биік болса, адамның оған деген құлшынысы соншалықты жоғары.

II бөліміміз – «Поэзия, менімен егіз бе едің?!». Мұқағали өлеңдерінен 2 өлеңін жатқа, мәнерлеп айту.

III бөлім. Сұрақ-жауап бөлімі.

Бұл бөлімде ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы сұрақтар беріледі.

1. Мұқағалидың шын аты кім? (Мұқаметқали).

2. Мұқағалидың әкесінің аты? (Сүлеймен).

3. Мұқағалидың әжесінің аты? (Тиын).

4. Мұқағалидың ұрпақтары кімдер? (Екі ұлы – Айбар, Жұлдыз. Қыздары – Алмагүл, Шолпан, Майгүл, Ләззат).

5. Мұқағали қай жерлерде білім алған? (Алматы Шет тілдері институтының неміс тілі, Қаз МҰУ-дың филология факультетінде, Мәскеуде М.Горкий ат. Әлем әдебиеті институтында білім алады).

6. Қай жерде дүниеге келді? (Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарасаз ауылында дүниеге келген).

7. Қандай аудармалары бар? (Дантениң «Құдіретті комедиясының» «Тамұқ» атты бөлімі; Шекспирдің «Сонеттері»; Уолт Уитменнің өлеңдері)

8. Қандай кітаптары бар? («Аппосионата», «Ильич», «Армысындар, достар», «Қарлығашым, келдің бе?», «Мавр», «Аққулар ұйықтағанда», «Шуағым менің»).

9. Қандай поэмалары бар? («Жан азасы», «Райымбек, Райымбек!», «Ару-ана», «Бала шақтан болашаққа», «Ақ қайың әні», «Мүзбалақ», «Аққулар ұйықтағанда»).

10. Қандай баспасөздерде қызмет еткен? («Социалистік Қазақстан», «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз» журналында қызмет етті).

11. Мұқағали қазақтың қай ақын қызына арнап өлең шығарды? («Фариза, Фаризажан, Фариза қыз» өлеңі, Фариза Оңғарсынова)

12. «Мұқағали мөлдірліктен, тазалықтан, биік адамгершіліктен тұратын еді» деген кімнің сөзі? (Лашын Әзімжанова)

Мұқағали Мақатаев кезінде ән жайында «Бүгін де халық әнді көп айтады. Шүкір, өлеңді сүйетіндер де аз емес. Бірақ жақсы әнге жақсы өлеңге қосылса, бір ғажап қой» деген екен. Сол айтқандай Мұқағали сөзіне жазылған көптеген әндер дүниеге келді.

Келісі бөліміміз IV бөлім – «Ән-көңілдің ажары» деп аталады. Бір өлеңін әуенімен айту.

Мұқағалиды ақын еткен де, мәртебесін биіктеткен де, ақындық ғарышқа самғатқан да – осы қазақтың қара өлеңі. Ақын осы қара өлеңді бағалайды, бас иеді, тағзым жасайды. Иә, байырғы бабалар дархан даламыздың қас жауына қарсы аттанғанда жазылған қара өлең, соғыста қанмен жазылған қара өлең, ақ жүректі аналар дүниеге сәби әкелгенде ақ сүтімен жазылған қара өлең ақынды барынша баурап алғанды. Ол шыр етіп дүниеге келгенде бесік жырымен, ана әлдиімен көзін ашқан-ды. Сол бесіктен басталған жыр оны ақыры ақынға айналдырды.

V бөлім – «Жырлайды жүрек». Яғни, ақиық ақынға арнаған жүрек жарды өлеңдеріңізді оқисыздар. Сонымен қатар белгіленген тақырып бойынша ойтолғау жазу.

1976 жыл 14 ақпан. Егер бір кездерде менің өмірім, өлеңім әлдекімдердің көңілін аударса, оларға былай дер едім...

- Менің қымбатты достарым! Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, шығармашылығымды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазсам соның бәрін оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөлім қарамауларыңызды өтінемін. Жанымның мұңы мен қуанышы – бәрі сонда. Егер мені содан таппасаңдар, онда ақын болмағаным!

Жазылар естеліктер мен туралы:

Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.

Бірелер тұлпар еді деуі мүмкін,

Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы,- деп ақынның өзі айтып кеткендей, ол туралы көптеген естеліктер айтылып, жазылған болатын. Иә, ақынның сонау еленбей жүрген ерте кезінің өзінде ұлы ақындарша дөп басып, дәл болжап өзінің айтқанындай Мұқағалимен дәмдес, тұздас болғандардың ішінде естелік жазбағандары кемде-кем.

VI бөлім – «Айтылар естеліктер мен туралы». Ендігі кезекті ақын жайында жазылған естеліктерге береміз. Ақын шығармаларының үлкен бір саласы – оның поэмалары. Ең асылы, ең биігі – «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы. Бұл поэма 1973 жылы «Жалын» журналында жарияланды. Поэманы алғаш Ғабит Мүсіреповке оқып бергенде Ғабен Мұқана алтын қаламын сыйға тартқан болатын.

Келесі бөліміміз – VII бөлім – «Аққудың қанатына жазылған жыр». Осы поэма бойынша тест сұрақтары беріледі.

1. Поэмада қай таудың аты аталған?

- а) Алатау; ә) Қаратау;
б) Тянь-Шань; в) Ұлытау.

2. Тәуіп шалдың балаға емі?

- а) көлдің суымен емдеу;
ә) аққудың қанатымен емдеу;
б) ішірткімен емдеу;
в) аққумен аластау.

3. Аққуды атуға кім барады?

- а) Анасы; ә) Әкесі;
б) Тәуіп шал; в) Көршісі.

4. Поэмада жырланған көлдің аты?

- а) Жетімкөл; ә) Марқакөл;
б) Алакөл; в) Балқаш.

5. Халқымыз қандай аң-құстарды киелі деп санаған?

- а) Сұңқар; ә) Бүркіт;
б) Аққу; в) Шағала.

6. Анасын оқ атуға итермелеген қандай күш?

- а) Балаға деген сүйіспеншілік;
ә) Пайда көру;
б) Аққумен баланы аластау үшін;
в) Құсты жек көрушіліктен.

7. - Білмеймін сор аттың ба, бақ аттың ба?

Аққуға кезенерде ырым жасап,

Тым құрыса саусағыңды қанаттың ба?- деген өлең жолы кімнің сөзі?

- а) Көршінің сөзі; ә) Тәуіп шалдікі;
б) Жылқышынікі; в) Ананың сөзі.

8. Поэмада кездесетін құстардың аты?

- а) көкқұтан, шүрегей; ә) бозторғай, қараторғай;
б) аққу, шағала; в) сұңқар, бүркіт.

Мұқағали поэзиясы күншілдерге көкпен түскен жасындай болып, көзі ашыққа мәңгі тозбас асылдай болып, XX ғасырдан XXI ғасырға еш бояуын жоғалтпай көшкені анық. Мұқағали поэзиясы бүгін де әнге айналып көкте қалықтайды.

Мұқағалидың өлеңдері шын шабыттан, қиын күйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған. Ақынның «Бықсып жанған қоламта емес, Артымызда шоқ қалсын» деген сөзінің сыры терең. Иә, ақынның мұңы бізге жетті. Поэзияның аламан бәйгесінен оза шауып, шашасына шаң жұқтырмаған ерен жүйрік, талантты тұлға Мұқағали өлеңдерін білу – үлкен мақтаныш. Олай болса келесі бөліміміз:

VIII бөлім – «Жүрегімді менің өлеңдерімнен ізде».

Ақынның өлеңдерінен үзінділер беріледі. Сол үзіндінің ішінде бір сөз түсіріліп айтылған. Сол сөзді тауып, орысшаға, кейін ағылшыншаға аударасыздар.

1. Алаулатып тойдың шоғын үрлемей,
Құшақ-құшақ... шоқтарын лақтырып,
Мынау шапан, мынау атың мін демей.
гүл-цветок-
2. Жігітінен қазақтың ... таба алмай,
Қыз да болсаң мен саған мұң шағамын. дос-друг

3. Аспаныңдай кей сәтте күрсінемін,
Жас талыңдай жауқазын бүршік едім.
Кең дүние, керемет қалпыңменен
... болып кеудеме кірші менің.
жүрек-сердца
4. Ең ... бақытым – халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
бірінші-первый
5. Жапырақ жүрек, жас қайың,
Жанымды айырбастайын.
Сен ... бола бастасаң,
Мен қайың бола бастайын.
адам-человек-
6. Өмірде әлі қауіп көп қой не түрлі,
Қарт қалғымай күзетші боп бекінді.
Сәл ұйықтаса ... немере төрт жаққа
Көзден ғайып болатұғын секілді.
төрт-четыре
7. Мен ... болсам, сен таң болдың жаңа атқан,
Мен – ашу да, сен – ақылсың нәрі аққан...
түн-ночь
8. Өкінбе, ... отың бар сөнбейтұғын,
Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.
әке-отец
9. Ақ ұлпа жерді жапқанда,
... сырға таққанда...
ағаштар-деревья
- Сайысымыз өз мәресіне жетті. Енді әділқазы алқасына сөз кезегін береміз. Мұқағали өлеңдері – мәңгі жасай беретін мол мұра. Бүгінгі сайысымызда ақынның өлеңдеріне саяхат жасап, барлау жүргізіп, өзіміз де ақынша жыр жазып, жырынан сусындап, өмірін өлеңінен танып, беймәлім

жайттардың бетін ашып, ән бұлағына қанып қалғандай болдық. Ақынның көзі тірі болса, биыл 83 жасқа толар еді. Ақиық ақынның өзі айтқандай «ақ қырау тұрған ақпанда, ағаштар сырға таққанда» еске алып шығармашылығын өздеріңіздің шығармашылықтарыңмен байланыстырып, поэзияға құштарлыққа жетелемек мақсат болды.

Мәзір етіп мәпелеген жемісін,
Мәуелесе, баққа толы өрісім,
Барлығы да,
Поэзия, сен үшін!- деп Мұқағали жырласа,
Біздер:
«Күйінішті, сүйінішті өлеңің,
Татып дәмін мен де өсіп келемін.
Өлген жоқсың, сен әрдайым тірісің,
Біздер үшін, қазақ деген пенденің»- деп ақын өлеңін мәңгілікке, ұрпақтан -ұрпаққа аманат етіп табыстау – сіз бен біздің парызымыз!
«Қарасаз, қара шалғын өленде өстім,
Жыр жазсам оған жұртым, елеңдестің.
Өлсе – өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас алайда өленді ешкім»,- деген еді. Расында да, сіздердей көкірегі ашық, көзі ояу ұрпағы тұрғанда Мұқағалидың өзі де, өлеңдері де ешқашан өлмек емес.
Мұқағали – мәңгілік ғұмыр! «Тірлігінде шекпен кимей, шен алмай, Еңбегінің қызығын да көре алмай, От боп жанып өтіп кеткен ақынға

Мәңгілік қып өмір берген өленді-ай» деп Айтақын ақын жырлағандай, өлең өлмейді. Ендеше, оны жазған ақын да өлмейді. Мұқағали поэзиясы әрбір мезгілмен бірге көктеп, көгеріп, әр ұрпақпен бірге мәңгі жасай бермек!

Забира МАҚЫШЕВА,
Астана қаласындағы
№3 мектеп-гимназияның
мұғалімі.

АНА ТІЛІМ – АРДАҒЫМ

Мақсаты: оқушыларға ана тілінің және мемлекеттік тілдің маңызы туралы түсінік беру. Әдет-ғұрпымызды сақтауға, мемлекеттік тілімізді қастерлеуге және басқа ұлт тілдерін құрметтеуге тәрбиелеу.

1-жүргізуші: - Құрметті қонақтар!

2-жүргізуші: - Ұлағатты ұстаздар,білімді шәкірттер!

1-жүргізуші: - Бүгінгі «Ана тілім – ардағым» атты кешімізге қош келдіңіздер.Тіл – ұлттық белгі, халықтық мұра, дүниетаным құралы. Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, болмысы. Адамдық мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз – ана тіліміз!

2-жүргізуші: - Қазақ тілі – дүние жүзіндегі ең бай, беделді де, бейнелі тілдердің бірі.

Өткірдің жүзі

Кестенің бізі,

Өрнегін сендей сала алмас- деп ұлы Абай ағамыз таңырқап тағзым еткен осы қасиетті тіліміз.

Ананың ақ сүтіне,уызына жарыған адам қашан да Отаншыл, ұлтжанды болмақ. Әркімнің өз тіліне деген құрметті, өз ұлтына, өз анасына, өз Отанына деген құрмет деп білу керек дей келе бүгінгі кешімізді ән шашумен бастайық.

1-жүргізуші:

- Жанымды жадыратқан бала тілім,

Жыр, ертеқ жаттаттырған сана тілім,
Жаралып жермен бірге, күн көзімен
Жасасқан қазақ тілі – ана тілім.

2-жүргізуші:

- Жырлатқан қазақтардың қазақтығын
Жырлатқан елдік ерлік азаттығын.
Жұлдызды құдыретті туы болған
Жауынгер ана тілім – қазақ тілім.

(Бірнеше оқырман тіл туралы жазылған қанатты сөздерді оқи отырып, бір-біріне сұрақтар қою арқылы пікір алысады).

1-жүргізуші:

- Ана тілім – болашағым, ертеңім,
Ана тілі – жыр дастаным, ертегім
Өз тілімді «Өз тілім» деп ардақтап,
Әрқашанда әнге қосып өтемін.

2-жүргізуші:

- Тілім менің тірегім, дінім менің,
Тілсіз қандай болады күнім менің.
Өз халқыма жетеді өз мәнінде

Өз тілімде оқылса жырым менің,- дей келе ортаға өлең оқитын шығармашылық топтың оқушыларын шақырамыз (6 оқушы).

Ортаға 9 «А» сынып оқушысы Неспаев Алмасты «Көңіл толқыны» күйімен ортаға шақырамыз.

1-жүргізуші:

- Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардақ,
Жауыз тағдыр жайды бәрін не бардың
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың.

2-жүргізуші:

- Жарық көрмей, жатсаң да ұзақ сен, тілім.
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.

Тарап кеткен бабаларыңды бауырыңа
Ақ көңілмен тарта аларсың, сен тілім.
Ортаға өз өлеңімен ақын қызымыз – Өтешбаева Әселді
шақырамыз.

1-жүргізуші:

- Қазақ тілім – өз тілім, ана тілім,
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім,
Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені
Болашағым, бақытым, дара тілім.

2-жүргізуші:

- О, адамдар, қадіріне жетіңдер!
Ана тілің-анаң. Сыйлап өтіңдер!
Туған тілін танымаған көрсоқыр
Болып өтер ертең мәңгі өкінер.

Әдемі әнімізді қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші: - Тілім менің, тілім үшін мың өліп,
тірілді елім.

Адалыммен, арыммен қатар қойып тілді қорғау –
парызымыз бүгін біздің.

2-жүргізуші:

- Әкең - қазақ, шешен - қазақ, қарағым,
Сен де ұлысың мынау дарқан даланың.
Әр халықта ұлттық намыс деген бар
Осы биік қасиет деп санаған.

Екеуі қосылып:

- Отан, Ана, Ана тілің – үш анық
Осыларсыз болашақта күнің жоқ.

1-жүргізуші: - Құрметті қонақтар, ұстаздар! Бүгінгі «Ана
тілім – ардағым» атты тәрбие сағатымыз осымен аяқталды.
Көңіл қойып, тыңдағандарыңызға көп-көп рахмет!

2-жүргізуші: - Бүгінгі тәрбие сағатымыздың қонағы,
елімізге еңбегі сіңген, ұлағатты ұстаз Торғай апайға сөз
беріледі.

Әдеби кеш

**Қарлығаш ШӘРІП,
№2 Кеген орта мектебінің
мұғалімі.**

Алматы облысы,
Райымбек ауданы,
Кеген ауылы.

БЕРДІБЕК БИІГІ АЛАСАРМАЙДЫ

*(Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығына
арналған кеш)*

Мақсаты: Бердібек Соқпақбаевтың жазушылық
талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы, прозаны сүйеге,
оны бағалай білуге, жазушы шығармаларының мәні мен
маңызына үңілдіруге, рухани танымын кеңейтуге ықпал ету.

Кешті жабдықтау: Бердібек Соқпақбаевтың
шығармаларына арналған слайд, көрме, жазушы туралы
жазылған пікірлер.

1-жүргізуші: - Жазушы жерлесіміз Бердібек Соқпақбаев
есімі мен шығармашылық еңбегі бүкіл Қазақстанға, көпте-
ген шет мемлекет халықтарына белгілі. «Балалар әдбие-
тінің классигі» атанған оның, міне, биыл туғанына 90
жыл толып отыр. 10-сынып оқушылары ұйымдастырған
«Бердібек биігі аласармайды» кешіне қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: - Өмірден ерте озған, артына маржандай
мол мұра қалдырған Б.Соқпақбаев ауданымыздың Қостөбе
ауданында дүниеге келген. 1949 жылы Қазақ мемлекеттік
педагогика институтын бітірді.

1-жүргізуші: - Атақты жерлесіміздің алғашқы «Бұлақ»
өлеңдер жинағы 1950 жылы жарық көрсе, одан кейін
қарымды қаламгер «Он алты жасар чемпион», «Алыстағы

ауылда», «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат» атты повестерінде балалар өмірін суреттеп, оқырманын баурады.

2-жүргізуші: - Әсіресе, жазушының «Менің атым Қожа» еңбегінің шоқтығы биік. Осы аттас көркем фильм тек балалардың ғана емес, үлкендердің де қызыға, тұщына көретін кинолентасына айналды.

1-жүргізуші: - Сөз зергері, шебер суреткер Б.Соқпақбаевтың туғанына 90 жыл толуы – аудан халқы, республика халқы, жас ұрпақ үшін зор қуаныш, биік мерей.

2-жүргізуші: - Оның өзі бақилық болса да мол мұрасы-шығармашылық ерен еңбектері осылайша халқымен, ұрпағымен бірге жасап, ізгіліктің нұрын, жақсылық шапағатын тарата береді.

Е.Ібіганов: - Сенгім келмей тұрса да...

(жыр жоқтау)

Бердібектің бақыты: - Бердібек ағаның шығармашылық таланты жайлы ойланғанда, менің есіме Төлеген Айбергеновтың мынадай өлең жолдары оралады.

«Күйе берсін
күншілдер күйігінде,
Өз ғасырым өзімнің
иінімде.

Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты,
Мен қаламын өзімнің биігімде».

Солақай сыншылар да талай сынап, көре алмас көрсоқырлар кезінде қалай жамандаса да Бердібек ағаның көзінің тірісінде-ақ «Балалар әдебиетінің классигі» атанған бірегей талант. Оның ғажайып шығармаларынан қаншама ұрпақ сусындап өсті. Бір ғана «Менің атым Қожа» повесін алайықшы. Қазақ балалар әдебиетінің алтын қорынан орын алған шығарма емес пе?

Аталған фильмнің сценарийі, бір жері өзгертілместен «Менің атым Қожа» повесі бойынша жасалған. Әлемдік

тәжірибеде мұндай бақыт кез келген жазушының маңдайына бұйыра бермейді, бұл – Бердібек ағаның бақыты.

Бала тілін тапқан жазушы.

Балалық шақтың осы бір ойнақы кезеңінің түйткіл мәселелері, жеткіншектің әлемге деген мөлдір көзқарасы, айналасын танып-білуге талпынған ықыласы Б.Соқпақбаев шығармашылығының ең мәнді қасиеті болып табылады. Кейіпкердің арасындағы қайшылықты, күрделі қарым-қатынастарды тез байқайтын жазушы балалар психикасы мен интеллектілік сипатына қарай өз туындыларының болмыс ерекшелігін де қатесіз анықтайды. Батыл қиял, шуақты мейірім, ақылды әзілқойлық бұл кітаптардың педагогикалық маңызын айқындай түседі. Яғни, жазушының қай шығармасы болсын, тілі көркем, тартымды, қызғылықты, өміршен және бағалы.

Көрініс: «Менің атым Қожа».

Жазушы жазуы керек. Н.Токқожаев.

Ұмытпасам, өткен ғасырдың 70 жылдары болуы керек. Студенттер Бердібек ағамен кездесу өткізді. Ол кісі өзінің шығармашылығы жайлы қызықты әрі әсерлі етіп әңгімелеп берді.

Сол жылдары І.Есенберлиннің «Қаһар» атты романы дүрілдеп тұрған. Елдің бәрі, әсіресе, студенттер қолдан түсірмей, таласа оқитынбыз. Бердібек ағамен кездесу кезінде бір студент:

- Аға, Есенберлиннің «Қаһарын» оқыдыңыз ба? Оқысаңыз ол кітап туралы пікіріңіз қандай?- деген сұрақ қойды.

Бердібек аға сұраққа жауап берместен бұрын сәл ойланып барып:

- Сіздер Алматының көшесіндегі сан-сапалақ өтіп жатқан машиналарға назар аударасыздар ма?- деген қарсы сұрақ қойды. Студенттер:

- Жок, аға. Онша назар аудармаймыз,- дестік.

- Ал, енді, ерекше дауыс шығарып, әлем-жәлем түсті машина зулап келе жатса бәріңіз қарайсыздар. Рас па?

- Рас, аға.

- Соңғы 3-4 жылдан бері «Қаһарды» ел мақтап жүр. Енді оқитын шығармын. Жалпы жазушы көрінген шығарманы оқи бермей, талғап қана оқуы керек. Жазушының мақсаты – жазу. Сондықтан да ол жазуы, жақсы жазуы тиіс,- деп бәрімізге ой тастап еді.

1-жүргізуші:

- Келесі II бөлім «Білгенге маржан» деп аталады. Сұрақтарға жауап беру керек:

1. Жазушы қай жерде дүниеге келді? (Алматы обл., Қостөбе ауылы)

2. Алғашқы өлеңдер жинағы қалай аталады? (Бұлақ)

3. Ағасы, жеңгесінің есімі кім? (Анархан, Смағұл)

4. Інілерінің аты? (Есім, Ержан, Әбілжан)

5. Қанша інісі бар? (3)

6. Қарындастарының есімі? (Несіпхан, Нағима, Несіпгүл)

7. Зайыбының есімі? (Бибігүл)

8. Ұлдарының есімі? (Әлнұр, Мұхтар)

1-жүргізуші:

- Біз білетін Б.Соқпақбаев ірі тұлға, үлкен талант иесі. Бүгінде оның ерекше қасиеттерін туған халқы асылдай бағалап отыр. Оны айтасыз көптеген шет жұрттар ұшқыр ой, өткір тіл қуатымен көмкерген шынайы шеберлігіне тамсана таңырқап, күдік күмәнсіз мойындаған.

2-жүргізуші:

- Оқырман мейлі қай ұлт, қай нәсілден болсын Жюль Вернді, Стендальді, Мопассанды, Чеховты, Шыңғыс Айтматовты, Бердібек Соқпақбаевты суреткер ретінде мойындайды, сүйеді.

1-жүргізуші:

- Кезінде Сәбит Мұқанов былай деген екен: - «Құрметті Бердібек! Мен сені қалам ұстаған күніңнен білем. Сен – қазақ прозасында соңғы оншақты жыл ішінде көрінгендерінің ең таланттыларының бірісің».

2-жүргізуші:

- Бердібек Соқпақбаев – қалыптасқан, өсу үстіндегі жазушы. Өзін қиынға жұмсап, қыран болуға талпынған, ізденген жазушы

Парыз.

Осы орайда Сафуан Шәймерденов, Серік Қирақбаев сынды дуалы ауызды, зиялы ағалар айтқан бір әңгіме ойға оралды. Ілгеріректе Балтық жағалауында Қазақстан жазушыларымен болған кездесуде жиын төрағасы: «Біз қазақтың ұлы жазушылары – Мұхтар Әуезовті, Бердібек Соқпақбаевты білеміз» деген екен. Бердібектің аты ұлы Мұхтармен қатар айтылуы жайдан-жай айтыла салған сөз емес, мұны шығармалары ұлт пен ұлысты талғамай, әркімнің жүрегіне жол тапқан, оқырмандарының рухани серігіне айналған, талант иесіне берілген әділ де орынды баға деп білгеніміз жөн.

1-жүргізуші:

- 68 жасында дүниеден озған көрнекті жазушының артында мәңгі өлмейтін әдеби мұрасы қалды. «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» деп құлагер ақын Ілияс Жансүгіров айтып өткендей, ардақты жазушының шығармаларын бүгінгі заман тұрғысынан бағалау, өнегелі ісін болашақ ұрпаққа аманаттау – азаматтық парызымыз.

2-жүргізуші:

- Ақын жерлесіміз марқұм Жүсіпбек Исахметовтың: «Мұқағали мен Бердібектей талантты тұлғаларды өмірге әкелген Нарынқолдың киелі топырағы ендігі жерде той

жасаудан көз ашпайды» деген аталы сөзі бүгінде шындыққа айналғаны қуантады. Есігімізден кіріп, төрімізден орын алып отырған жазушының 90 жылдық мерейлі мерекесі соның айқын дәлелі.

1-жүргізуші: - Бердібек Соқпақбаев өмірінің соңына дейін көп тауқыметті басынан кешті. Ақыры сол тауқыметпен бірге ажал о дүниеге алып кетті. Жазушы бір сөзінде: «Бұл шексіз дүниенің сырын әлі ешкім түсінген емес. Бірақ осы өмірде әрбір адам өзінің шама-шарқын пайдаланып, ақылы мен құдіреті жеткен жеріне бір белгі қалдыруы керек» депті. Бердібек Соқпақбаев өзінің қасиетті болмысын шығармашылығында қалдырып кеткен.

2-жүргізуші: - «Мен кітапты классик болу үшін жазғаным жоқ, шығармашылығым халыққа кішкентай болса да пайдасын тигізсе, перзенттік парызымнан құтылғаным» деп ел алдындағы азаматтық борышын асқақтата көтерген абзал ағаның мерейтойы оны құрмет тұтатын халқы барда дәстүрге айналып, жалғаса береді.

Бердібекке арнау

Бәрінде көрген көз жүрек,
Көргенді айтар күн келді.
Ғажап адам боп Бердібек,
Өлмей тұрып-ақ үлгерді.

Өзегі болған өмірдің,
Күндерге қарап елжіреп.
Үнің боп қазақ өзіңнің,
Тарихта қалды Бердібек.

Сөзімді құптар уақыт,
Менімен келіс қалайда.
Жылатып және жұбатып,
Сөйлеген ұқсап Абайға.

Жаратқан қолдап самғауын,
Айтуға оған тіл берді.
Халықтың ойын-арманын,
Тіріде жазып үлгерді.

Қоршаған орта қоғамы,
Қарамады бір елжіреп.
Қоғамнан өзін жоғары
Ұстаған жалғыз Бердібек.

Қараулықтардың не екенін,
Қайыспай тұрып көрді көп.
Адалдықтардың не екенін,
Адамға айтып берді дөп.

Өмірдің біліп жалғанын,
Сонда да сүйді елжіреп.
Қаламға байлап арманын,
Қағазға жазған Бердібек.

Адалдық болды беталыс,
Пәктікке қастық жасар кім?
Атылып кетсе «Бес арыс»,
Алтыншы сен боп жатарсың.

Қиыннан қиыстырар сөзді керім,
Табынтқан талантымен ел жүрегін.
Ғасырдың жазушысы дейді халық,
Мұзарттың мұзбалағы Бердібегін...

Шеризат Мекебаев. 10 желтоқсан, 2013 жыл.

Зоя МАТАН,
Новоселовка орта
мектебінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Шортанды ауданы,
Новоселовка ауылы.

7-СЫНЫПТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕ АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

Түсінік хат

Жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 7-сыныпқа арналған көмекші құрал ретінде ұсынылады. Сол мақсатта теорияны еске түсіре отырып, сабақта көбінесе тест, деңгейлік тапсырмалар, талдау жұмыстары жүргізіледі.

Ұсынылып отырған дидактикалық құрал Ж.Қараевтың «Саралап деңгейлеп оқыту» технологиясының талаптарын басшылыққа ала отырып жасалған. Жұмыс дәптері оқушының деңгейіне негізделген.

Тақырып бойынша жасалған деңгейлік тапсырмалар оқушының тез ойлауын, есте сақтау қабілетін, ынтасы мен белсенділігін арттырады. Бұл жұмыс оқулықпен жұмыс жасауға, өз бетімен іздене білуге үйретеді.

Морфология

Зат есімнің түрленуі

Деңгейлік тапсырмалар.

I деңгей. Мына сөздерді жіктеп, одан кейін көптеп жазыңдар.

II деңгей. Берілген сөздердің екеуін септеп, екеуін тәуелдеңдер.

Гүл. Көл. Үй. Ана.

III деңгей. Зат есімдерді кірістіріп, «Менің сыныбым» тақырыбына шағын әңгіме жазыңыздар.

Зат есімнің сөйлемдегі қызметі

I деңгей. Мына сөйлемді сөйлем мүшесіне талда.

Таулардан өзен ағар сарқыраған.

II деңгей. Анықтауыш болатын зат есімді сөйлемді тауып жазыңдар.

III деңгей. Берілген сөйлемдерді сөйлем мүшесіне талдандар.

*Орманның оңтүстік жақ бүйірінен жол шықты айда-
һардай иірілген.*

Парашиютпен ұшақтан секіруге құмар болдым.

Сын есімнің түрленуі

Деңгейлік тапсырмалар.

I деңгей.

Төмендегі сөздерден салыстырмалы шырай жасаңдар.
Үлкен. Көк. Жақсы. Терең. Биік. Күшті.

II деңгей. Берілген күшейтпелі шырайды қатыстырып, сөз тіркесін жазыңдар. Үлгі: өте ауыр жүк, ...

Ең тамаша, тым әлсіз, сап-сары, орасан зор, ап-аласа, кіп-кішкентай.

III деңгей. Сапалық және қатыстық сын есімдерді қатыстыру арқылы қазақ батырларының келбетін сипаттап, мінездеме беріңдер.

Сан есімнің түрленуі

I деңгей. Берілген сан есімдерді түрлендіріңдер.

Сан есім	Көптелуі	Септелуі	Тәуелденуі	Жіктелуі
Миллион Үшеу				
Екінің бірі				

II деңгей. Сан есімдерді құрамына, мағынасына қарай талдап, сөйлем құрап жазыңдар.

Екі-үш, мыңдаған, жүз шақты, он-оннан, отыз, жиырма алты, бесінші, оннан бірі, алтау, біреу.

III деңгей. Туған күнге қарсы жоспар жасап, шақыру билетінің мәтінін жазыңыздар. Мәтіннің ішінде сан есімдер болсын.

Есімдіктің түрленуі

I деңгей. Төмендегі кестені толтырыңдар.

Септік	мен	сен	ол	біз	сіз

II деңгей.

1. Сұрау есімдіктерін жіктендер.

Кім? Нешеу? Қандай?

2. Белгісіздік есімдіктерін тәуелдендер.

Біреу. Бірдеме. Әлдене.

III деңгей. Есімдіктерді қолдана отырып, оқыған кітаптарыңнан кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.

Тест тапсырмалары.

1. Зат есімді табыңыз.

- а) ақ; в) кітап; с) жасыл;
 д) ерте; е) дейін.

2. Жалқы есімді тап.

- а) Көк; в) Ұстаз; с) Асқар;
 д) Оқушы; е) Күшік.

3. Сын есімді табыңыз.

- а) ешкім; в) қара; с) дәптер;
 д) өнерлі; е) келіп.

4. Салыстырмалы шырайдың жұрнағын тап.

- а) -ын, -ін,-н; в) -лау, -леу; с) -а,- е, -ле;
д) -ғар, -гер; е) -ақ, -ек.

5. Сан есімді табыңыз.

- а) үлкендеу; в) адам; с) бесінші;
д) мынау; е) ертең.

6. Жинақтық сан есімді белгілеңіз.

- а) бір; в) жетеу; с) он-оннан;
д) екіннің бірі; е) жүз жиырма.

7. Мен, анау, кім, өзім сөздері қандай сөз табы?

- а) сан есім; в) үстеу; с) есімдік;
д) етістік; е) сын есім.

8. Барлық, барша, бәрі қандай есімдік?

- а) өздік; в) болымсыздық; с) сұрау;
д) жалпылау; е) жіктеу.

Етістіктің шақтарының түрленуі

Деңгейлік тапсырмалар.

I деңгей. Отыр, жүр, тұр осы шақты сөздерді жіктеңдер.

II деңгей. Мына сөздерден болжалдық келер шақ жасап, жіктеп, сөйлем құраңдар.

Бар. Шап. Сөйле. Қайт.

III деңгей. Етістіктердің шақтарын қатыстырып, «Кім болам?» атты шағын шығарма жазыңдар.

Етістіктің райлары

I деңгей. Ашық райлары сөздерге мысалдар келтіріңдер.

II деңгей. Мына сөздерді жіктеңдер.

Сана. Келе. Бара.

III деңгей. «Мен қалау раймын» деген тақырыпта шағын шығарма жазыңдар.

Есімшенің түрленуі.

I деңгей. Мына есімшелерді жіктеңдер.

Көрген. Баратын. Келер. Бермес.

II деңгей. *Айттар. Баратын. Барған. Бармас* есімшелерді тәуелдендер.

III деңгей. Мына есімшелерді сөйлем мүшелеріне талдаңыздар.

Шапқан озар, жатқан тозар.

Айтқанның аузы жаман, көргеннің көзі жаман.

Үндемеген үйдей бәледен құтылады.

Көсемшенің түрленуі

I деңгей. -а, -е, -й, -ып, -іп, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі көсемшенің жұрнақтарына мысал келтіріп, сөйлем құраңдар.

II деңгей.

Берілген көсемшелерді жіктендер.

Жаза. Сөйле. Көріп. Айта.

III деңгей. Көсемшелі сөздерді қатыстырып, мәтін құраңдар.

Тұйық етістік

I деңгей. Мына етістік сөздерді тұйық етістік жасаңдар.

Кел. Бар. Отыр. Жүр. Сат. Талда.

II деңгей. Бару, келу, айту, сөйлеу тұйық етістігін түрлендіріңдер.

III деңгей. Тұйық етістігі бар мақал-мәтел тауып жазыңдар.

Тест.

1. Есімше тұлғасында тұрған сөзді тап.

- а) барды; б) барыпты; с) бармау;
д) барған; е) отырма.

2. Есімшенің септелген түрін көрсет.

- а) төгілді; б) жазғыз; в) санағанымды;
д) отырды; е) барғаным.

3. Көсемшелі сөзді көрсет.

- а) көшкен; б) сөйлей; в) жатыр;
д) барды; е) айтқанда.

4. Көсемшенің қай түрі жіктелмейді?

- а) -ып, іп, -п; б) -а, -е, -й; в) -ғалы, -гелі;
д) -ған, -ген; е) -ар, -ер.

5. Тұйық етістікті көрсет.

- а) жүрген; б) қуған; в) қуды;
д) бару; е) барыпты.

6. Тұйық етістігі жалғанғанда соңғы дыбысы өзгеріске ұшырайтын сөзді белгілеңіз.

- а) кел; б) бар; в) тап;
д) отыр; е) жүр.

7. Есімшенің жұрнақтарын табыңыздар.

- а) -ып, -іп, -п; б) -ған, -ген, -қан, -кен;
в) -ғалы, -гелі; д) -а, -е;
е) -ым, -ім.

8. Келіп, барғалы деген сөздер етістіктің қай түріне жатады.

- а) есімше; б) етістік; в) көсемше;
д) есімдік; е) етіс.

Синтаксис Сөз тіркестері

I деңгей.

1. Мына сөйлемді грамматикалық байланысқа түсіріңдер. Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын.

II деңгей.

A) Сөз тіркесіне мысал келтіріп, бағыныңқы басыңқы сыңарларын табыңдар.

Б) Мына сөз тіркестерін есімді тіркес және етістікті тіркеске ажыратыңдар.

Хат жазды, жақсы бала, спорттық ойын, жер шары, Арал теңізі, өңді жігіт.

III деңгей. Сөз тіркестерін қолдану арқылы шағын мәтін жазыңдар, тақырыбын өздерің қойыңдар.

Сөздердің байланысу тәсілдері

I деңгей.

А) Жалғаулар арқылы байланысқан сөздерге мысал келтір.

Б) Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысқан сөйлемдерге мысал келтір.

II деңгей.

А) Шылау арқылы байланысқан сөйлемдерге мысал келтіріңдер.

Б) Интонация арқылы байланысқан сөздерге сөйлемдерге мысал келтіріңдер.

III деңгей.

Сөз тіркестері арқылы сөйлем құрап, сөздердің байланысу тәсілдеріне ажырат.

Сөздердің байланысу түрлері

Қиысу

I деңгей.

А) Қиысуға мысал келтір.

II деңгей.

А) Төмендегі сөздерді байланысу түріне ажыратыңдар.

Балға бай, қаладан қашық, жайлаудан қайтты.

III деңгей.

Сөздердің байланысу түрлерін қолданып, мәтін жазыңдар.

Матасу

I деңгей.

Б) Матаса байланысқан сөздерге мысал келтір.

II деңгей.

Қазақ халқы бие сүтінің қасиетін ертеден білген.

Мына сөйлемнен матаса байланысқан сөз тіркесін табыңдар.

III деңгей.

Матаса байланысқан сөздерді қатыстыра отырып, мәтін құраңдар.

Меңгеру

I деңгей. Меңгеріле байланысқан тіркеске мысал келтіріңдер.

II деңгей. Меңгеріле байланысқан сөз тіркесін тауып жазыңдар.

III деңгей. «Жауынгер-жазушы – Баубек Бұлқышев» деген тақырыпта мәтін жазыңдар.

Қабысу

I деңгей. Қабыса байланысқан сөздерге сөйлем құраңдар.

II деңгей.
Мақал-мәтелдерден қабыса байланысқан сөз тіркесін табыңдар.

*Арша өскен жерінде,
Азамат өскен елінде.
Туған жер – тұғырың,
Туған ел – Қыдырың.
Жақсы аға – орман,
Жақсы іні – қорған.*

III деңгей.
«Мен қабысумын» деген тақырыпқа шағын мәтін жазыңдар.

Жанасу

I деңгей. Жанаса байланысқан сөздерге сөйлем құраңдар.

II деңгей. Сөйлемдердің ішінен жанаса байланысқан сөз тіркесін табыңдар.

*Үй іші күзектің суық күндеріне бейімделіп жиналған.
Менің ағам биыл педколледжді бітіреді.*

III деңгей. «Ата-ана» деген тақырыпта шағын мәтін жазыңдар.

Сөз тіркесі білдіретін синтаксистік қатынастар

I деңгей.

а) Анықтауыштық қатынас жасайтын сөз тіркесін жазыңдар.

б) Сатылай кешенді талдау: оқушы.

II деңгей.

а) Толықтауыштық қатынас пен пысықтауыштық қатынаста болатын сөз тіркесін жазыңдар.

б) «Кітап оқудан тыйылған адам ойлаудан да тыйылады» деген сөйлемді сөйлем мүшесіне талдаңдар.

III деңгей.

«Саябақ» деген тақырыпта сөз тіркестерін қолдана отырып, мәтін құраңдар.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Бөлім редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.
Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 10.11.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 2930.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №11, 2014 ж., 144 бет, Алматы.